

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ  
АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ПАТРИОТИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА  
ОБУЧАЮЩИХСЯ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ  
ЧЕРЕЗ ПРОГРАММУ «ТУҒАН ЖЕР»**

Нұр – Сұлтан  
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 17 сентября 2019 года)

Білім беру ұйымдарында «Туған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 192 б.

Методические рекомендации по формированию казахстанского патриотизма обучающихся организаций образования через программу «Туған жер» – Нур - Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 192 с.

Бұл әдістемелік ұсынымда «Туған жер» бағдарламасы аясында қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың ерекшеліктері мен өзектілігі айтылады. Оның ішінде негізгі міндеттері, әдіс-тәсілдері, мақсатқа жетудің түрі мен жолдары, халықаралық тәжірибелер көрсетіледі. Әсіресе, білім беру ұйымдарында өлкетанулық немесе туристік-өлкетану жұмыстар, балалар мен жасөспірімдер ұйымдары арқылы білім алушыларды патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі ұсыныстар берілген.

Бұл басылым педагог қызметкерлерге, әдіскерлерге, қосымша білім беру орталықтарына, балалар қозғалысы жүйесінде белсенді жұмыс істейтін мамандарға арналған.

В методических рекомендациях раскрыты актуальность и особенности формирования казахстанского патриотизма учащихся в рамках программы «Туған жер», выделены основные задачи, методы, формы и средства для достижения цели, представлен международный опыт. Наибольший интерес представляют рекомендации воспитания патриотизма у учащихся в процессе краеведческой, туристско-краеведческой деятельности, детско-юношеских организаций, а также опыт организаций образования

Данное издание адресовано педагогическим работникам, методическим службам, центрам дополнительного образования, специалистам, которые активно работают в системе детского движения.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2019  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2019

## Кіріспе

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, еліміздің революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы сияқты қағидалар негізінде стратегиялық бағдарлар мен жаңа міндеттер анықталған. Мақала 2004 жылғы «Мәдени мұра» және 2013 жылғы «Халық тарих толқынында» атты ірі бағдарламаларымен үндеседі. Бұл жаһандану жағдайында қоғамдық сананы жаңғыртудың сатылы түрде дамитын ұзақ мерзімді стратегия екенін көрсетеді [1].

Бағдарламалық мақаланы жүзеге асыру үшін «Туған жер» арнайы бағдарламасы әзірленді. «Туған жер» бағдарламасының басты мақсаты – қазақстандықтардың бойында Отан алдындағы перзенттік парызын түйсінетін, өзінің өскен өлкесіне, ауылына, қаласына, оның тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға үндейтін шынайы патриотизмді қалыптастыру.

«Туған жер» бағдарламасы айқындалған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған 4 кіші бағдарламадан тұрады.

1) «Тәрбие және білім», бұл – қазақстандық патриотизм үлгісінде жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу;

2) «Атамекен», бұл – қазақстандықтардың кіші Отаны алдындағы жауапкершілігін күшейте отырып, олардың азаматтық белсенділігін арттыру;

3) «Рухани Қазына», бұл – туған аймақтың тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне қызығушылықты ояту, құрметтеуге баулу;

4) «Ақпарат толқыны», бұл – Бағдарлама туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың жүзеге асырылып жатқан жобаларды қоғамдық бақылау жасауы үшін ақпараттық инфрақұрылым жасақтау;

2017 жылы қоғамдық сананы жаңғырту бойынша ұлттық комиссиясы құрылды. Комиссия «Тәрбие және білім» кішібағдарламасын (бұдан әрі – ТЖБ) қабылдады.

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне бекітілген.

Кіші бағдарламаның мақсаты:

Болашақ жетістігінің іргетасы білім саналатын бәсекеге қабілетті, прагматикалық, қуатты, жауапкершілігі жоғары, шығармашыл Бірыңғай Ұлт Тұлғасын қалыптастыру.

Ұлттық тәрбиелеу жүйесін дамыту, білім саласы, отбасы және өзге де институттардың күшін біріктіру жолы арқылы оқыту.

Мақсатты индикаторлар:

– туған жердің тарихы, соның ішінде тарихи-мәдени ескерткіштер, жергілікті деңгейдегі тарихи-мәдени тұлғалар туралы оқып-танысқандар үлесі 2022 жылы 100 пайыз;

– өлкетану қызметімен қамтылғандар, бұл бағытта оқытылғандар үлесі 2022 жылы 100 пайыз;

– өмір сапасына қанағаттанғандар үлесі, соның ішінде білім саласы жүйесі,

әлеуметтік санаты, мамандығы;

– жоғары деңгейдегі патриотизмге ие жастар мен балалардың үлесі.

Бұл әдістемелік ұсынымда Академия әзірлеген алдыңғы жұмыстар зерделеніп, сараланып қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың тың жолдары айтылады.

ТЖБ мақсаты білім алушылардың үлесін 2022 жылға қарай 100%-ға жеткізу:

– жергілікті масштабтағы мәдени-тарихи ескерткіштер мен мәдени-тарихи тұлғалармен таныс білім алушылар;

– өлкетану жұмыстарымен айналысатын білім алушылар;

– қызмет көрсетуіне қанағаттану деңгейі жоғары білім алушылар;

– патриоттық деңгейі жоғары білім алушылар.

*ТЖБ базалық жобалары:*

1) «Өлкетану»;

2) «Отаным – тағдырым»;

3) «Саналы Азамат»

Академия базалық бағыттарды жүзеге асыру механизмі ретінде 2017-2019 жылдар ішінде бірнеше әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Атап айтсақ, «ӨЛКЕТАНУ» базалық бағыты бойынша:

1. «Өлкетану»: мәдени–генетикалық кодтың негізі. (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу. – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 17,7 б.т.
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыным. – Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.– 4,3 б.т.
3. «Ұлттық қазына»: Музейлердегі «жанды» сабақтар әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 12 б.т.
4. «Қазақстанның киелі орындары - Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының құрылымдық жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсыным әзірлеу.– Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 16 б.т.

«САНАЛЫ АЗАМАТ» базалық бағыты бойынша:

1. «Саналы азамат»: Оқушының білім алуы мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 16 б.т.
2. «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсыным. – Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.– 20 б.т.
3. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандары – ұлттың «алтын» қоры» әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 8,3 б.т.
4. Орта білім беру ұйымдарында едәуір сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикасын

жүргізу механизмін әзірлеу. Әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 12 б.т.

5. «Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік –тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. –14 б.т.
6. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 150 бұйрығын қосымша.

«ОТАНЫМ ТАҒДЫРЫМ» базалық бағыты бойынша:

1. «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар Академиясы және т.б.) әдістемелік ұсыным. – Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.– 12 б.т.
2. «Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайда білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі». - Әдістемелік ұсыным.– Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 3 б.т
3. «Тәрбиелік іс-шара»: *алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері* (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы») әдістемелік ұсыным Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.– 16 б.т.
4. «Ұстаз – өзгертуші тұлға. Педагогтардың санасын жаңғырту» әдістемелік ұсыным. Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.– 10 б.т.

Бұл әдістемелік құралдарда базалық жобалардың білім берудегі рөлі және оны жүзеге асырудың механизмдері ашып көрсетіледі. Орта мектепте қоғамдық сананы әр түрлі аспектілерде қалыптастыру, ұлттық кодты сақтауды күшейту жолдары қарастырылады. Академия ұжымы «Туған жер» бағдарламасы шеңберінде ғылыми-зерттеу, әдістемелік көмек көрсету жұмыстарына тұжырымдамалар әзірледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылы 1 қазандағы №525 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында өлкетанудың дамытудың тұжырымдамалық негіздері» әдістемелік ұсынымдарын;

2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді.

## **1 Мектеп жасындағы балалардың қазақстандық патриотизмін қалыптастырудағы «Туған жер» бағдарламасының рөлі**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

«Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу» орта білім беру ұйымдарында тәрбие берудің басым бағыттарының бірі. Оның бағалау критерийлеріне: Отанға, мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат, мемлекеттік идеология, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, мемлекеттік рәміздері (елтаңба, ту, әнұраны), заң және тәртіпке; ұлтаралық және конфессияаралық келісім, елдегі достық; экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өз елінің жетістіктері; басқа адамның құндылықтары, құқықтары мен бостандықтары; өздерінің аймағының (ауыл, қала, маңайдағы) табиғаты, мәдени және тарихи өмірі; құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет; заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптары; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш пен жауапкершілік сезімін байыту жатады.

«Туған жер» бағдарламасы – жалпыұлттық патриотизмнің негізі. Білім беру – болашақта табыстың ең іргелі факторы. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет. Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология ғылымдары бойынша толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беру, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру қажет. Туған өлкеңнің тарихын білу және мақтан тұту – қажетті де, пайдалы іс.

«Туған жер» бағдарламасының білім алушыларға қазақстандық патриотизмді қалыптастыру рөлі туралы айтылғанда алдымен қоғамдық сананы жаңғырту тарихына тоқталамыз.

Модернизация - артта қалған елдердің алдыңғы қатардағы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттік саясаты. Жаңғырту негізгі жаңғырту және жабдықты жаңғырту болып бөлінеді.

Қазіргі қоғамға ұлттық бірегейліктің аса маңыздылығын, мәдени контекстің, өздігінен даму, өзін-өзі тәрбиелеу және жоғары кәсіпқойлық, құзыреттілік пен тәрбиелілік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлға ретінде Қазақстан азаматтары мінез-құлқының жаңа әлеуметтік-психологиялық эталонын қажет етеді. Қазақстан Республикасы қоғамдық сананы жаңғырту ұстанымын алға қойған прогрессивті даму жолымен келеді.

Білім берудегі серпіліс. Халық арасында білім алуға салым жасау қажеттігі туралы түсінік қалыптасты, өйткені бұл шығындар инвестициялық сипатта. Ол салымдар өзін бірнеше есе толықтырып қайтарылады. Қарапайым мысал. Мектепке дейінгі мекемелер саны 1999 ж. 1,1 мыңнан 2012 ж. 7 222

мыңға дейін өсті. Оларда оқитын балалар саны 124 мыңнан 587 мыңға дейін өсті.

Халық спортқа бет бұрды. Оның нәтижесін біз 2012 жылғы Лондон олимпиадасындағы олимпиадашыларымыздан көреміз. Алғаш рет Қазақстан әлемнің 204 елінің ішінде 12 орынға ие болды. Біздің командалық есебімізде 7 алтын, 1 күміс және 5 қола медаль болды. Сонымен қатар резервтер бар болатын. Елімізде спортпен айналысатындар саны 15 жыл ішінде шамамен 2,5 есе көбейді. Әрбір бесінші адам дене шынықтырумен немесе спортпен айналысады.

Сонымен «Қазақстан-2030» Стратегиясының жүзеге асуының нәтижесі қоғамдық санадағы өзгеріс және оның белсенді бейімделу арнасына қарай бағыт алуында. Қоғам экономикасымен қатар саяси реформаларымен бірге өзгерді. Осы аталған үдерістердің барлығы дерлік бір мезетте жүріп жатты. Нәтижесінде стратегияның 15 жылдығында жалпы өтпелі кезеңнің аяқталғандығы жайлы айтуға болады. Кеңестік кезеңнен кейінгі транзит аяқталды. Қазақстан жаңа мақсаттары мен стратегиясы бар қалыптасқан мемлекет ретінде жаңа мәртебеге ие болды [2].

Ел алдындағы ендігі белес - ұлттық кодымызды, мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлігімізді сақтау болып отыр. Бұл үшін елін сүйген, елі сүйген Елбасы алдымен халықтың қоныстануын реттеуді басты назарға алды. Жаһандану жағдайындағы егемен елімізді модернизациялау халықты аумақтық ұйымдастыруға да байланысты. Өңірлерде негізгі халықты біркелкі қоныстандырмайынша ұлттық сананы сіңіру жүргізу мүмкін емес. Қазақ халқы мемлекет құраушы негізгі халық болғандықтан өңірлерде олардың санын теңестіру уақыт талабы. Елбасы ұсынған «Серпін» мен «Нұрлы көш» бағдарламалары мен «Ауыл – ел бесігі» жобасы осындай ұзақ мерзімді мақсаттарды көздейді.

Сананы жаңғырту барысында Елбасы ең алдымен асыл мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарламаның арқасында жоғымызды түгендеп, асылымызды ардақтай білдік. Республикамыздағы тарихи және мәдени ескерткіштерге жаңғырту жұмысы жүргізілді.

Білім берудегі серпіліс. Халық арасында білім алуға салым жасау қажеттігі туралы түсінік қалыптасты, өйткені бұл шығындар инвестициялық сипатта. Ол салымдар өзін бірнеше есе толықтырып қайтарылады. Қарапайым мысал. Мектепке дейінгі мекемелер саны 1999 ж. 1,1 мыңнан 2012 ж. 7 222 мыңға дейін өсті. Оларда оқитын балалар саны 124 мыңнан 587 мыңға дейін өсті.

Халық спортқа бет бұрды. Оның нәтижесін біз 2012 жылғы Лондон олимпиадасындағы олимпиадашыларымыздан көреміз. Алғаш рет Қазақстан әлемнің 204 елінің ішінде 12 орынға ие болды. Біздің командалық есебімізде 7 алтын, 1 күміс және 5 қола медаль болды. Сонымен қатар резервтер бар бо-

латын. Елімізде спортпен айналысатындар саны 15 жыл ішінде шамамен 2,5 есе көбейді. Әрбір бесінші адам дене шынықтырумен немесе спортпен айналысады.

Сонымен «Қазақстан-2030» Стратегиясының жүзеге асуының нәтижесі қоғамдық санадағы өзгеріс және оның белсенді бейімделу арнасына қарай бағыт алуында. Қоғам экономикасымен қатар саяси реформаларымен бірге өзгерді. Осы аталған үдерістердің барлығы дерлік бір мезетте жүріп жатты. Нәтижесінде стратегияның 15 жылдығында жалпы өтпелі кезеңнің аяқталғандығы жайлы айтуға болады. Кеңестік кезеңнен кейінгі транзит аяқталды. Қазақстан жаңа мақсаттары мен стратегиясы бар қалыптасқан мемлекет ретінде жаңа мәртебеге ие болды [2].

Ел алдындағы ендігі белес - ұлттық кодымызды, мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлігімізді сақтау болып отыр. Бұл үшін елін сүйген, елі сүйген Елбасы алдымен халықтың қоныстануын реттеуді басты назарға алды. Жаһандану жағдайындағы егемен елімізді модернизациялау халықты аумақтық ұйымдастыруға да байланысты. Өңірлерде негізгі халықты біркелкі қоныстандырмайынша ұлттық сананы сіңіру жүргізу мүмкін емес. Қазақ халқы мемлекет құраушы негізгі халық болғандықтан өңірлерде олардың санын теңестіру уақыт талабы. Елбасы ұсынған «Серпін» мен «Нұрлы көш» бағдарламалары мен «Ауыл – ел бесігі» жобасы осындай ұзақ мерзімді мақсаттарды көздейді.

Жүрекке қуаныш ұялатқан бұл игілікті іс «Туған жер» бағдарламасы арқылы жалғасын тауып келеді. Елбасының 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – бұл рухы жетілген ұлттың бірлігін одан сайын нығайтып, оны материалды деректі түрінде іске асыра алу мақсатында зерттеу және ұйымдастырушылық тәжірибелік жұмыстарды бірдей бастауға мүмкіндік беретін қуатты ресурс болып табылады. Ұлттық құндылықтар мен адамгершілік бағдарлар және патриотизм өзара байланыса отырып, ұлттық идеяны қалыптастырады. Осыған байланысты патриотизм мемлекеттің ұлттық стратегиясының бөлігі ретінде қарастырылады және оның негіздері өзінің кіші отанына, атамекені – туған жеріне деген махаббатқа қаланады.

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл - мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» [2].

Елбасы Н. Назарбаев «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асырудың үш бағытын атап және оның көрсеткішін, мақсат - міндетін айқындап берді.

Бірінші бағыт, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Екінші бағыт, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

Үшінші бағыт, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады» [2].

Бірінші бағыт бойынша ҚР білім және ғылым министрлігінің қатысуымен «Өлкетану» базалық жобасы әзірленді. Жобаны жүзеге асыру орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі болып табылды. Өлкетанулық жұмыстар барысында оқушылар өлкенің табиғаты мен тарихын зерттеуге, киелі орындар мен ескерткіштерді қолмен ұстап, көзбен көріп қана қоймай оны абаттандыруға, қорғауға, бастапқы қалыпқа түсіруге, археологиялық қазба жұмыстарына қатысуға, туристік жорықтар мен экологиялық шараларға қатысуға мүмкіндік алды.

Білім алушылар арасында өлкетанулық білімді насихаттау мен тарату мәселелері Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде көрініс тапқан.

Бүгінде өлкетану жұмысы жанаша мазмұнға ие. Тәрбие беру беру процесі өзара үндестіктегі бағыттарды жүзеге асырады:

– білім беру үрдісінде тәрбие компоненттерін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында анықталған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытына сәйкес келтіру;

– «Ұлы Даланың жеті қыры» тұжырымдамалық мақаласында белгіленген бағыттарды тәрбие жұмысында жүргізу;

Бабаларымыздың заманында өркениетке ұмтылысы, бүгінгі балалар мен жасөспірімдерден сабақтастық табады. Бұл өмірімізге заманауи технологиялар әкелген жаңалықты меңгеруге қызығушылығынан көрінеді.

Бүгінде білім алушылардың бойында патриотизмді қалыптастыру үшін бірқатар жұмыстар жүргізілуде:

– білім мазмұнының жаңартылған принциптерін ескере отырып, өлкетану жұмыстарының ғылыми-әдістемелік негіздерін және оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу;

– бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу жоспараларына өлкетану контентінің басым бөлігіне тиісті өзгерістер енгізу;

– оқу үдерісіне өлкетану бағыты бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын енгізу (оқу пәні бойынша өлкенің жалпы және өзіне тән ерекшеліктерін көрсететін жүйелі түрде таңдалған ғылыми, әдеби және көркемдік, географиялық, тарихи, этномәдени және басқа да материалдар немесе олардың көріністері, көрнекі-иллюстрациялық материалдары бар оқу-танымдық басылымдар [3].

Мұғалім материалдарды таңдауда креативті, бастамашыл болып, озық педагогикалық технологияларды қолдана білуі керек:

- ұжымдық шығармашылық жұмыс іс-әрекет технологиясы
- ұйымдастырушылық және белсенді ойындар (ODI)
- ақпарат және коммуникация (сайттар құру, идеялар, бейнелер, Интернет, медиа-кітапхана)
- дидактикалық ойын технологиясы
- экологиялық білім
- кейс технологиясы
- диалогтық технологиялар (пікірталастар, пікірталастар, пікірсайыстар).

Ұжымдық және шығармашылық іс-әрекет технологиясы - ересектер мен балалардан құралған команданың гуманизм қағидаттары бойынша қалыптасуы мен шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлардың, әдістердің және оқытудың ұйымдастырушылық формаларының жүйесі.

Әлеуметтік жобалау - бұл жобаның қатысушылары үшін практикалық маңызы бар нақты әлеуметтік «өнім» жасаудың ерекше түрі.

Ақпараттық коммуникативтік технологиясы. Егер білім алушылар мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұндай оқытуды интерактивті деп атайды. Әдетте, мұндай қарым-қатынас оқушылар қандай да бір тапсырманың шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше тапсырманың жауабын табуға үйрету. Білім алушылар арасында өлкетану бойынша интерактивті жарысын өткізуді ұсынамыз. № 1 қосымшаны қараңыз.

Оқушыларға дайын жауаптарды берген кезде олардың ақыл-ой белсенділігі өспей қалады. Ал, әлдебір мәселені өздері шешіп үйренген кезде ақыл-ой белсенділігі артады. Интерактивтіліктің түрі анықталған, олар:

- *Реактивті интерактивтілік*: оқушылар бағдарлама ұсынған сұрақтарға жауап береді. Тапсырмалар реті белгілі бір ережеге сүйеніп, өте қатаң түрде анықталады (оқытудың сызықтық моделі);

- *Іс-әрекетті интерактивтілік:* оқушылар бағдарламаның жұмыс істеуін өздері басқарады. Олар тапсырмаларды ұсынылған ретпен орындауды не бағдарлама көлемінде өз бетінше іс-әрекет етуді өздері шешеді (оқытудың сызықтық емес моделі). Сызықтық емес модель қашықтан оқытуда тиімді болады;

- *Өзара интерактивтілік:* оқушы мен бағдарлама бір-біріне бейімделуге қабілетті («Басқарылатын ашықтық» модель). Бұл модель оқып-үйренушіге кездесетін әртүрлі кедергілерді жеңе отырып зерттеу жүргізуге, жеке есептерді шешуге мүмкіндік береді. Бұндай түрдегі бағдарламаларға жаттықтыратын және практикумдық оқыту бағдарламалары және т.б. мысал бола алады.

Кейс технологиясы (нақты жағдаяттар әдісі) - бұл білім беру процесінде арнайы модельденген немесе нақты өндірістік жағдайды талдау, проблемаларды анықтау, балама шешімдерді табу, мәселелерге оңтайлы шешімдер қабылдау мақсатында қолдануға негізделген технология.

Іс (жағдай) - белгілі бір кезеңді немесе оқиғаны сипаттайтын және талдау мен шешім қабылдауға рұқсатты талап ететін, өзара байланысты факторлар мен құбылыстардың, шындыққа сәйкес келетін кейіпкерлердің көрінісі мен іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Білім алушыларға патриоттық тәрбие берудің формаларына, әдістеріне, құралдарына тоқталайық.

Патриоттық тәрбие беру жұмысы сыныпта, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады:

- \* *Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы;*

- \* *Сыныптан тыс қызмет арқылы;*

- \* *Мектептен тыс қызмет арқылы;*

Бұл жұмыстар *жеке, топтық және бұқаралық* түрде жүргізіледі.

Жеке формалар баланың жеке іс-әрекетін және, әрине, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруді білдіреді. Жеке тұлға түрінде патриоттық тәрбиені ұйымдастыру баланың жеке басының қасиеттері ретінде алған моральдық құндылықтарды нығайтуға көмектеседі. Бала нормалар мен ережелерді түсінеді, нәтижесінде біртіндеп өзінің көзқарастары мен сенімдеріне айналады.

Мәселен, мектеп оқулығында берілген Димаш Құдайберген туралы тапсырмалардың патриоттық тәрбие беруде маңызы зор.

Сонымен қатар, жеке формаларға білім алушылардың отбасыларымен тығыз қарым-қатынасы жатады. Мәселен білім алушылар мектеп музейіне отбасылық жәдігерлер жинағанда өлке тарихын түсінетін болады. Сондықтан мұғалім балаларға патриоттық тәрбиелеу процесіне ата-аналарды тартуы керек.

Патриоттық тәрбиенің топтық түріне 5-7 оқушыдан 25 білім алушының бірлескен әрекетін білдіреді.

Патриоттық тәрбие берудің топтық түріне соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, әңгімелер, викториналар, ұжымдық

шығармашылық жұмыстар, көрмелер, экскурсиялар және туған өлкенің тарихи өткенін зерттеу мақсатындағы саяхаттар кіреді.

Патриоттық тәрбие берудің бұқаралық түріне көпшілілік білім алушылармен жұмыс жасау жатады. Патриоттық тәрбиенің бұқаралық түріне сынып сағаттары, үйірмелер мен секциялар, клубтар мен лагерьлер, шерулер, іздестіру шаралары, мейрамдар мен мерекелер, челленждер, акциялар, плаггингтер, митингілер мен жиындар, ойындар кіреді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі жауапты «Тәрбие және білім» кіші бағдарламаның нәтижесіне қол жеткізу үшін келесі базалық жобалар жүзеге асырылады:

- 1) «Өлкетану»;
- 2) «Отаным – тағдырым»;
- 3) «Саналы Азамат».

***«Туған жер» бағдарламасының бірінші бағытын «Өлкетану» базалық жобасы жүзеге асырады.***

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы міндеттерді жүзеге асыру аясында «Туған жер» бағдарламасының «Алтын адам» кіші жобасын іске асыру бағытында 2017-2018 оқу жылынан бастап білім алушылар бойында өлкетанулық білім мазмұнының сапасын көтеру, білім алушылар туған өлке тарихын зерделеуге ынталандыру, өлкетанулық білімнің рөлі мен маңызын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес облыстағы жалпы білім беретін 450 мектебінде «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (5-7 сыныптар), «Қазақ әдебиеті» (6 сынып), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5-7 сыныптар), «География» (6, 7-сыныптар) пәндері бойынша сабақтарды мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда (мектептен тыс жерлерде), барлығы оқу жылында 5 сағат бөлініп өткізіледі. Қажетті ғимараттардың болмауы себепті мұндай сабақтарды ұйымдастыра

Үкімет тапсырмасымен облыстарда «Өлкетану» курсы жүргізуге арналған оқулықтар дайындалды. Аталған оқулықтарды жергілікті өлкетанушы ғалым ұстаздар, этнографтар құрастырған. Жергілікті жердегі тамаша табиғат пен киелі орындар оқулықтың арқауы болып табылады. Бүгінде «Өлкетану» курсы бойынша оқулықтарға электрондық қосымша әзірленуде. Оқу құралына қосымша материалдар қосу мақсатында білім беру үдерісінің оқу құралы білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруы мен нәтижелілігі электрондық өтінім және ақпараттық білім беру ресурстарымен бірге жүреді. Электрондық өтінімнің мазмұнына білімді бақылау функциясын жүзеге асыратын демонстрациялық материалдар (мультимедиялық кешендер, 3D демонстрациялар, аудио-видеоматериалдар, виртуалды лабораториялар мен экспедициялар практикумдар мен үлгілері) және тесттер кіреді. Электрондық

өтінімде ұсынылған материалдар оқу құралының негізгі материалдарын қайталамауы тиіс.

Өлкетанулық білім–білім алушыларды рухани байытып, тәжірибелік бағдарын үйлестіріп, оқулықтар, тәртіп, сабақтан тыс факультативтік және үйірме жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Базалық жобаның негізгі мақсаттары:

- 1) Білім беру ұйымдарында өлкетанулық білім алуға жағдай жасау;
- 2) Өлкетанулық білім беру мен өлкетану бағытында өткізілетін іс-шаралардың сапасын арттыру;
- 3) Білім алушылар үшін өлкетану жұмыстарының кәсіби бағдар мүмкіндіктерін қолдану.

Нәтижелер көрсеткіштері:

- 1) музейлер базасында «Тарих», «География», «Әдебиет» пәндері бойынша жылына 2 сағат өлкетану сабақтарын ұйымдастыратын және тарихи нысандарды (мектеп аумағынан тыс) аралау жұмыстарын жүргізетін орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының жалпы саны;
- 2) білім беру ұйымдарындағы өлкетану үйірмелері мен клубтарының саны;
- 3) түрлі өлкетанулық жобаларға қатысушы білім алушылардың саны;

Базалық жобаны жүзеге асыру аясында төмендегі түйінді оқиғалар тізімі жоспарланған:

- 1) «Ұлттық қазына». Өлке тарихы туралы кітап дайындау және шығару;
- 2) «Алтын адам». Музейдегі жұмыстар
- 3) «Туған өлке тарихы». Білім беру ұйымдарында өлкенің тарихи-мәдени орындарына, музейлерге саяхатты қамтитын факультативтер, арнайы курстар, үйірмелерді енгізу;
- 4) «Өскен өңір». Туған өлке тарихын танып-білу мақсатында аймақтық интеллектуалды шаралар;
- 5) «Туған өлке соқпақтары». Туристік-өлкетану жарыстары;
- 6) «Мәдени-генетикалық код: тарих, салт-дәстүр» Тарихшылар съезі;
- 7) «Менің Отаным – Қазақстан». Жас өлкетанушылар, туристер мен экологтардың жыл сайынғы аймақтық, республикалық слеттері;
- 8) «Тарих мұрасы». Этнографиялық, археологиялық өзге де экспедицияларды ұйымдастыру үшін ғылыми-зерттеу гранттары;
- 9) Өлкетанудың маңыздылығы жөнінде әлеуметтік бейнероликтер шығару және орналастыру.

*Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы патриоттық тәрбие беру.*

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес «Өлкетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бекітілді. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған «Өлкетану» сабақтарына 20 сағат бөлінген.

«Өлкетану» – «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» жалпы білім

беретін оқу пәндерін толықтыратын кіріктірілген оқу курсы және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін оқуға ықпал етеді.

Курстың мақсаты – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан тарихы, география, қазақ әдебиеті және музыка пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету;

2) ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

3) туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

4) туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

5) туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыру.

Мақсаты: туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады.

1.«Өлкетану» кіріктірілген оқу курсының материалдары.

5-7-сыныптардағы «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» оқу пәндерінің аясында оқытылады.

6. «Өлкетану» курсының оқу жүктемесін сыныптар мен пәндерге бөлу:

1) 5-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Музыка» – 1 сағат;

2) 6-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі және әдебиеті») – 2 сағат;

«Музыка» – 1 сағат;

3) 7-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті») – 2 сағат;

«География» – 2 сағат.

7. «Өлкетану» курсының 5-сыныптағы базалық мазмұны:

1) «Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;

2) «Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер»;

3) «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар»;

4) «Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейна бару)»;

5) «Туған өлке симфониясы».

8. «Өлкетану» курсының 6-сыныптағы базалық мазмұны:

1) «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)»;

2) «Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері»;

3) «Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)»;

4) «Туған өлке тарихының тірі куәгерлері»;

5) «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»;

6) «Өлкені сипаттау өнері»;

7) «Туған жердің таланттары».

9. «Өлкетану» курсының 7-сыныптағы базалық мазмұны:

1) «Туристік маршруттар»;

2) «Жомарт жүрек»;

3) «Туған өлкенің жылнамасы»;

4) «Менің мектебімнің тарихы»;

5) «Туған өлке публицистика беттерінде»;

6) «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы;

7) «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы»;

8) «Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу» [4].

Музей сабақтары. Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы патриоттық тәрбие берудің тағы бір жолына мектеп музейі жатады.

Музей – дәуіріміздің әр кезеңіндегі тарихи оқиғалар мен олар жайлы нақты деректерді жеткізуші, қымбат қазынаны сақтаушы.

Мектеп музейлерін құрудағы ең басты мақсат білім алушылардың туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру, шығармашылық бейімділіктеріне қолдау көрсету, аға ұрпақ бойындағы адамгершілік құндылықтарына құрметпен қарау, елін, жерін сүюге бағытталған ұлтжандылық пен отаншылдық сезімдерін қалыптастыру, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру.

Музей тек мектептің ерекше түрдегі оқу кабинеті ғана болып қоймай, ашық білім беру кеңістігіндегі басты тәрбие орталығына айналу қажет. Мектеп музейінің негізгі мақсаты – жас буынның отбасы, ата-ана, мектеп, қоғам, отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгінгіне құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету. Музей жұмысы негізінде білім алушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді. Мектеп музейлері ашық білім беру кеңістігінің бір бөлігі ретінде мектеп пен мәдениет мекемелері, қоғамдық бірлестіктер арасындағы байланыстың дәнекері және білім беру мекемесінің азаматтық-патриоттық қызметінің үйлестірушісі қызметін атқарады [5].

Патриотизмге тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи

тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Әрине бұған білім алушылар мектеп музейлеріндегі сақталған құжаттар, түрлі жәдігерлер, фотосуреттер, құнды деректерді сөйлету арқылы және осы оқу ордаларында білім алған еңбек, өнер, мәдениет, денсаулық, білім, өндіріс, спорт және т.б. салаларда биік шыңдарға жеткен алдыңғы толқын аға-апаларымыздың үлгі тұтарлық өмір жолдарымен таныстыру арқылы қол жеткізуге болады. Бұған Абай атамыздың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген өлең шумақтары да дәлел болатын секілді. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың, алдымыздағы аға-апаларымыздың ерліктерін, өнегелі істері, ел үшін жасаған жақсылықтары, еткен еңбектерін дәріптеу – қазіргі кездегі басты міндеттерінің бірі.

Мектеп музейлерінде білім алушылар туған өлке тарихы, мәдениеті, табиғаты, түрлі жәдігерлермен құжаттардың түпнұсқасын табумен және т.б. мәліметтер мен деректерді іздестіру-жинақтау жұмыстарымен, оларды сақтаумен, зерттеу істерімен айналысады.

«Жәдігер» – иран тілінде естелік дегенді білдіреді. Жәдігер – ұрпақтан ұрпаққа қалдырылатын зат. Әр түрлі тарихи ақпараттардың айтылуы бойынша –жәдігерлер - адамның сезімі, отбасылық оқиға немесе отбасылық құпия жайлы заттар.

Оқушылардың өлкетану музейіне экспонаттар жинауға тікелей қатысуы - жеке адамды зияткерлік және патриоттық жағынан тәрбиелеудің негізгі көзі болып табылады. Жалпы оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудағы музейлердің ролі зор. Қазіргі жаһандану үдерісінің даму кезеңінде білім ордаларының негізгі қызметі жас ұрпаққа оқу мен кәсіби білім ғана беріп қоймай, жан-жақты жетілген, эстетикалық талғамы биік, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, әлемдік мәдениеттен хабары бар, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп қалыптастыру. Осыған байланысты оқу-тәрбие үдерісінде жастарды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін құрметтеуге үйрету, шыншылдыққа тәрбиелеу қазіргі қоғамның басты мәселелерінің бірі. Бұл бағытта өзінің зор мүмкіндігімен мектеп музейлерінің атқаратын ролі жоғары деуге болады.

Мектеп музейіндегі сабақтың басты мақсаты – білім. Білім алушыларға берілген тақырыптарды музейдегі бай қорды пайдалана отырып терең меңгертуді көздейді.

Мектеп музейінің өзіндік тақырыптық бағытына қарамастан білім алушылар жоғарыдағы жұмыстарды атқаруы арқылы тарих, әдебиет, археология, этнография, деректану, музейтанудың да негізгі түсініктері мен әдістерінен хабардар бола алады. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бейімделіп, зерттеу жұмысын таңдап оны негіздеуге, тарихи талдау жасауға, дерек көздерін тауып жинастыруға, сыни ойлауға, болжамдар, пікірлер, ұсыныстар, қорытынды жасауға машықтанады. Қазіргі таңда еліміз

бойынша 8 мыңнан аса мектеп жас ұрпақты білім нәрімен сусындатса, соның ішінде 1500-ге жуық мектепте музейлер ұйымдастырылған. Мектеп музейін дамыту мақсатындағы «Үздік мектеп музейі» республикалық және аймақтық байқауы тұрақты өткізіліп келеді [5].

*Сыныптан тыс қызмет арқылы патриоттық тәрбие беру.*

Өлкетану бұрыштарын мектептерден басқа ауыл кітапханасында, мәдениет үйінде, клубта ұйымдастыра аламыз. Мақсатқа жету жолында төмендегідей сабақ түрлерін ұсынамыз:

1. Кіріктірілген сабақ.
2. Ойын сабақ.
3. «Жанды» сабақ.
4. Әдеби-сайыс сабақ.
5. Саяхат сабақ.
6. Аралас сабақ т.б.

Музей – қандайда бір жас мөлшеріндегі балалар болсын ой-өрісін, ойлау, көру, есте сақтау танымын, қызығушылық өрісін кеңейтеді. Мұғалім тақырыпты ашуға тиімді музейді өзі таңдайды.

Мектептегі үйірмелер, әскери-патриоттық клубтар жүйелері, балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, оның ішінде «Жасұлан», «Жас қыран» сонымен қатар экскурсия ұйымдастыру мен мектепкі демалыс кезеңдерінде білім алушылармен Қазақстанның киелі нысандарына бару сыныптан тыс қызметке жатады. Бұл білім алушыларды еліміздің әртүрлі өңірлерімен таныстырып, олардың зерттеушілік дағдыларын арттырады. Сонымен қатар, білім алушылардың өлкетану бойынша республикалық және аймақтық байқауларға қатысуы да патриоттық тәрбие берудің механизмдерінің бірі.

Жыл сайын өткізілетін байқаулар білім алушылардың өлкетану жұмыстарын ғылыми жағынан тереңдетуге, АКТ көмегімен сандық технологияға меңгеруге, өзара білім бәсекесіне түсуге жол ашып отыр.

Білім алушылардың патриоттық тәрбиесі Қазақстанның әйгілі, ұлы адамдарының өмірлік іс-әрекеттерін үлгі етуден басталуы тиіс. Өз өмірін қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу үшін құрбан еткен батырлардың ерлігі болашақ жастарға үлгі, сабақ болуы тиіс.

Мектеп музейінен басқа да мәдени мекемелерде өлкетану сабағын өткізе аламыз. Мұндай сабақтың түрі «жанды» сабақ деп аталады. «Жанды» сабақ дәстүрлі емес сабақ түрлеріне жатады. «Жанды» сабақтың негізгі мақсаттары мен міндеттері бар.

Мақсаты:

-өз Отанын сүйетін, оның тарихын, әдет-ғұрпын, тілін құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;

-оқушы бойында оқулықтан тыс материалдармен шығармашылық жұмыс істеу қажеттілігі пайда болады;

-оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті істерге қатысу қабілеті дамиды;

-туған жеріндегі ұлттардың салт-дәстүрін білу және құрметпен қабылдау;  
-туған өлке тарихының тірі куәгерлерін саралау категорияларын білу:  
Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, еңбегі сіңген педагогтар мен дәрігерлер және т.б.;

-өлкенің өсімдік жамылғысын, жануарлар дүниесін білу;  
-өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын түрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеу;  
-Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.

Міндеті:

- тарихи және мәдени ескерткіштермен таныса отырып, тарихи дәуірлердің өзара байланысын, сол кезеңге және басқа мәдениетке байланысты түсінігін қалыптастыру;

- музей, ескерткіштермен тұрақты қарым-қатынас жасау қажеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру;

- эстетикалық пайымдау және музей жәдігерлеріне ұқыптылықпен қарау қабілеттерін дамыту;

-басқа мәдениеттерге құрметпен қарауды, тарихи және мәдени құндылықтар жүйесін түсіну және қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру;

Бүгінгі білім беру саласында сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерімен қатар, сан қырлы дәстүрлі емес түрлері де қолданылуда. Ол, әрине қоғамның жаңару, жетілдіру жағдайына білім беру саласын реформалаумен тығыз байланыста іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрлі емес сабақ түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсете отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

Жалпы білім беретін мектептің 5-7-сыныптарындағы өлкетану сабағы аталған пәндердің күнтізбелік оқу жоспарына сәйкес болады. Білім алушылардың арасында туған өлкені таныту үшін мектеп қабырғасынан шығып өлкетану сабақтарын өткіземіз. Мұғалім оқу жоспарына сәйкес өлкетану сабақтарының тақырыбы мен мақсатына қарай мәдени мекемелерге апарады. Мәдени мекемелердегі сабақ түрі «жанды» сабақ деп аталады.

«Жанды» сабақтар – мәдени мекемелер мен білім беру ұйымдары арасындағы жаңа серіктестік пен ынтымақтастық нышаны.

«Жанды» сабақты типтік жағынан ғылыми зерттеу, көпшілік – ағарту, зерттеу, академиялық – оқу болып жіктелетін мынадай музейлерде өткізуге болады.

1. Алтын және бағалы металдар музейі
2. Әдеби музей
3. Әскери-тарихи музей
4. Кешенді музей
5. Көркемөнер музейі
6. Табиғи-жаратылыстану музейі
7. Тұлғалар атындағы музей-үйі
8. Тарихи музей

## 9. Техникалық музей

«Жанды» сабақты музейде ғана өткіземіз десек қателесеміз. Кешенді музей мүлдем жоқ елді мекендер бар. Сондықтан сабақты музейден басқа мынадай нысандарды өткізуге болады:

1. ескерткіштер жанында
2. ЖОО зертханаларында
3. кәсіпорындарда
4. кітапханаларда
5. мәдени мекемелерде (кинотеатр, клуб т.б.)
6. тарихи орындарда, нысандарда

7. экспозиция мен нысандары ғимарат қабырғасынан тыс орналасатын аспан астындағы музейлер т.б.

Музейлердегі сабақ әртүрлі пәндерден біріктіріп, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға көп нәрсе бере алатын пәнаралық қатынасты ұсынады. «Жанды» сабақтар музейлердің бірінде жеке сабақ немесе циклді сабақтардан тұрады.

«Жанды» сабақ тақырыптың мазмұнына байланысты әр түрлі мәдени мекемелерге, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер, қорғауға алынған табиғат ескерткіштеріне танымдық сипатта экскурсия, экспедиция, туристік маршрут, жорық сабақ түрінде өтеді [4].

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді. Экскурсия дегеніміз – табиғат, өнеркәсіп нысандарына, жергілікті жердің назар аударарлық жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау. Мақсаты туған өлке туралы қосымша деректер, материалдар жинақтау арқылы өлкені тереңірек оқу, зерттеу. Бағдарлама бойынша жоспарлы жүргізілген экскурсиялар оқылған материалды тәжірибемен бекіту мақсатын көздейді, ал бағдарламадан тысқары экскурсиялар зерттеушілік сипатқа ие болады. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Экскурсиялар тақырыптық және кешенді болып бөлінеді, нысанның орналасқан жеріне байланысты жақын және қашық болуы мүмкін. Экскурсия нысаны болып бір оқиғамен байланысты ғимараттар, түрлі құрылыстар, археологиялық ескерткіштер, өнер туындылары саналады. Экскурсия кезінде нысанды көрсету басты орын алады. Нысандарды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Өлке өмірінде болған тарихи оқиғалармен, қоғаммен, мемлекеттің дамуымен байланысты орындар.

2. Ғимараттар мен құрылыстар, мемориалды ескерткіштер, белгілі адамдардың өмірі мен қызметіне байланысты орындар: архитектуралық ансамбльдер, қоғамдық-инженерлік құрылыстар, мәдени саланың ғимараттары және т.б.

3. Табиғи нысандар: ормандар, саябақтар, өзендер, көлдер, қорықтар мен қорықшалар.

4. Мемлекеттік және халық мұражайларының сурет экспозициясы, тұрақты және уақытша көрмелер.

5. Археология ескерткіштері: ежелгі тұрақтар, қоныстар, қорғандар, киелі орындар.

6. Өнер ескерткіштері: бейнелеу, қолөнерінің туындылары.

*Саяхат* – бұл адамдардың уақыт пен кеңістікте қозғалуы, ал өзінің мақсатына, қозғалыс құралына және уақыт аралығына тәуелсіз саяхатта жүретін адамды саяхатшы деп атайды.

*Туризм* – бұл адамдардың ляззат алу және демалу, емделу, қонақтық, танымдық немесе кәсіби-іскерлік мақсаттарымен өзінің тұрақты мекенінен басқа елге немесе өзінің елі шегіндегі орындарға уақытша қозғалысы.

Туризмнің түрлері мақсатына байланысты: медициналық, сауықтыру, рекреациялық, көңіл көтеру, спорттық, танымдық, діни және басқа түрлерге бөлінеді. Туризм жеке және ұжымдық жетілдіру құралы ретінде жоспарлануы мен тәжірибеде іске асырылуы тиіс демалыспен, бос уақытты өткізумен, спортпен, мәдениетпен және табиғатпен тікелей араласуға байланысты қызмет. Сонымен қатар жергілікті жердің аумағындағы табиғатқа бақылау жүргізу, нысандармен, ескерткіштермен танысу мақсатында жасалатын саяхатты да жергілікті туризмге жатқызуға болады [6].

Білім алушылар өлкетану жұмыстарына белсене қатысып, өлкеге танымдық жорық саяхаттар, экологиялық маршруттар, туристік сапарларға шығады. Олар туған жерге қатысты материалдар жинап, олардың елдік пен ерлік қатысты жағын анықтайды. Мұндай көне жәдігерлер әр түрлі болады. Бәлкім, ол батырдың бұйымтайы, қонысы, ерлік көрсеткен жері болуы мүмкін. Өлкетанушы оқушылар мектептегі өлкетану музейлерін осындай экспонаттармен жабдықтап олардың тарихы туралы танымдық бейнебаяндар әзірлеуге атсалысады. Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылар өздерінің патриоттық сезімдерін жоғары деңгейде көрсете алады. Оны көрсете білу үшін оқушы тарихи сауатты болуымен қатар сандық технологияны, үштілді терең меңгерген полиглот болуға талпынады.

Білім алушыларды мәдени мекемелерге, киелі орындарға, табиғат аясына, кәсіпорындарға апарып қазақстандық патриоттық тәрбие бере аламыз.

Өлкетану сабақтарын өткізу мақсатында мектептер мен мәдени ұйымдар арасында бірлескен шығармашылық келісім-шарт жасалады. Келісім-шартта тараптардың міндеттері көрсетіледі және Қазақстан Республикасының білім беру мен мәдениет туралы заңдарына негізделеді. Құжат мәтіні екі немесе үш тілде тілде жазылады.

Келісім-шартқа сәйкес мектептер мен музейлерде сабақ кестесі сәйкестендіріледі. Яғни, мәдени мекеме қызметкерлері сабаққа қажетті ресурстарын, репертуарын, экспонаттарын дайындаса жетекші мұғалімдер тақырып бойынша түрлі тапсырмалар әзірлейді. Келісім-шартқа мекеме басшысы, басшының міндетін уақытша атқарушы тұлға немесе арнайы уәкілдік берілген адам ғана қол қойып бекітеді.

Музей материалдары мұғалімдер үшін тәрбие сағаттары, тарихи кештерді жүргізу, сабақ үрдісінде пайдалануда таптырмас құрал екені сөзсіз. Музейдің негізгі міндеттерінің бірі жастарға патриоттық тәрбие беру. Музей қызметкері

мұғаліммен бірге тақырыптық сабақтар жүргізе алады. №2 қосымшаны қараңыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мәдени-ағарту саласының тарихын, құнды жәдігерлер, мәдени мұраларды жинақтау, сақтау, насихаттау жұмыстарымен айналыса отырып музейлер рухани-мәдени және білімдік-тәрбиелік орасан зор әлеуетке ие. Осы ақпараттық әлеуетті тиімді пайдалану арқылы патриоттық рухы асқақ, азаматтық сана-сезімі биік, рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары тұлға ретінде оқушы жастарға тәрбие беру мектеп музейлерінің басты міндеті [7].

Сыныптан тыс өлкетанулық жұмыс шеңберінде мынадай жобаларды жүзеге асыруға болады: «Менің Отаным – Қазақстан» балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту, экспедиция, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастыру, «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» (өлкетанулық білімін және мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты арттыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) «Табиғат бесігі» (туған жерге жауапкершілікпен және аялап қарау).

Осындай жұмыс түрлерінен білім алушылар туған жердің табиғатына тамсанып, жер – су атауларының сырларына қанығып, бабалар рухымен сырласып қайтады. Таза ауа, самал жел, көрікті табиғат төсінде демалады. Таулар мен суларда жол жүру машықтарын үйренеді. Алған әсерлерін бейнебаян, фотоколлаж, эссе т.б. жанрларда әзірлеп интернет кеңістігіне жариялайды. Оқушы осылайша патриоттық сезімін шынай жеткізе алады.

*Мектептен тыс қызмет арқылы тәрбие беру.*

Білім алушыларға республикалық деңгейде түрлі шараларға қатысу арқылы патриоттық тәрбие бере аламыз.

Туған жерге патриоттық сезімін көрсететін мұндай байқауларға мектеп оқушыларының белсене қатысуы маңызды. Мұндай жұмыстарда туған жердің экологиясына назар аудару, флора мен фаунасын сақтау мен қорғауға басымдық беріледі.

Бүгінде білім алушыларға экологиялық тәрбие беру мақсатында білім беру ұйымдары аудан, қала территориясындағы жасыл алаңдарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша түрлі шаралар, науқандар жүргізіліп келеді. Мектеп оқушылары «Жасыл ел» қозғалысы аясында жас көшеттер отырғызу; табиғат аясын қоқыстан тазарту сияқты волонтерлік қозғалысқа, акцияларға қатысуда.

- Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс. Кең ауқымда өтіп жатқан «Бірге таза Қазақстан» экологиялық акциясының дәл осындай бағыттары өте қажетті дұрыс бастама деп санаймын. Мұндай шараларға әрқашан қолдау көрсете береміз», - деді мемлекет басшысы Қ.Тоқаев.

Жалпы білім беру ұйымдарында экологиялық шаралар сипатын өзгертіп қызықты өтіп тұрады. Мұндай шаралар мектеп қабырғасынан тыс жарыс, саяхат түрінде өтеді. Оған эчочелендж, эчоқалқан, экодесант, эчоакции, экоселфи, эчо жүгіру, эчо жарыс, эчо сенбілік, эчо сағат, эчо көрме, эчосаяхат,

плоггинг т.б. жатады.

Мұндай шаралар зияткерлік, экологиялық, спорттық, туристік-өлкетанулық бағыттарда болады. Оқушылар өлкесін тазалап, қоқысын сұрыптаумен қатар абаттандыруға атсалысады. Экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беретін шаралар патриоттық сезімін қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагог қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясында - Жинаған жер емес, қоқыс тастамайтын жер таза». Біздің баламызға экологиялық сана қалыптастыру, тұрмыстық тазалық пен гигиена мәдениетін әрдайым дамыту және табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінуге үйрету керек- деп экологиялық тәрбие екенін айтты.

**«Туған жер» бағдарламасының екінші бағытын «Отаным – тағдырым» базалық жобасы жүзеге асырады.**

«Отаным – тағдырым» базалық жобасы жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, адами-рухани, әлеуметтік құндылықтарды өрістету, кәсіби маңызды сапасын арттыру, оларды қоғам дамуының әр саласында қолдана білуге үйретуге бағытталған.

Базалық жобаның негізгі міндеттері:

- 1) білім берудің барлық деңгейінде оқыту, тәрбиенің ролін күшейту, тәрбие сабақтастығын үзбеу;
- 2) жастар арасында заманауи батырлардың жағымды бет-бейнесін, болмысын қалыптастыру;
- 3) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік мереке, мемлекеттік рәміздерді кеңінен насихаттау.

Нәтижелер көрсеткіштері:

- 1) патриоттық бағыттағы іс-шаралар саны;
- 2) патриоттық бағыттағы іс-шараларға қамтылған жастар мен балалар саны;
- 3) патриоттық бағытта дайындалған бейнероликтер саны;
- 4) білім алушылар қатарынан жастар және балалар оркестрлері, ансамбльдері Шерулеріне қатысушылар саны.

Базалық жобаны жүзеге асыруға арналған төмендегі түйінді оқиғалар тізімі анықталған:

- 1) Білім алушыны тәрбиелеудің бағалау жүйесі әдіснамасын жасақтау, олармен социологиялық сауалнама жүргізу;
- 2) «Алау». Патриоттық бағытта іс-шаралар өткізу;
- 3) «Ұлы дала тұлғалары». Білім алушылардың өлкенің табысты тұлғаларымен кездесулері;
- 4) «Қамқоршы». Демеушілік қозғалыс;
- 5) «Жас ұлан». Жастар және балалар қозғалыстары;
- 6) «Мақтанышым – Астана». Олимпиада, байқау, жарыс жеңімпаздарының Астанаға сапарын ұйымдастыру;
- 7) «Туған жер. Туған ел. Туған глобал». Аймақтық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, симпозиумдар.

*Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы;*

Сабақ процесінде патриоттық тәрбие берудің бір үлгісі ғылым, бизнес, мәдениет, медицина және спорт саласында керемет жетістіктерге жеткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарының өнегелі өмірін үлгі ету. Сабақ мақсатына жеңімпаздар өмірі мен жетістігін жайлы материалдарды қолдану арқылы жетуге болады. Олардың Тәуелсіздік жылдарында ерен еңбегі білім алушылардың ар-намыс, қадір-қасиет, өзгелердің мүддесі үшін жанқиярлық туралы ойлауға, патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Кейде ауа райының қолайсыздығына, басқа да жағдайларға байланысты ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен сыныпта виртуалды саяхат сабақ түрінде өткізуге болады. Өлкетану бойынша виртуалды сабақтар көмегімен оқушылар еліміздің алыс аймақтарында орналасқан қасиетті орындар мен табиғи ескерткіштерге саяхат жасай алады. Бұл үшін өлкетанулық материалдар бірнеше тілде дайындалып DVD немесе CD дискілеріне 3D, 4D, 5D, 7D форматында жазылады. Бұл форматтар білім алушыларға өлкетану материалын неғұрлым әсерлі етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, мұғалімнің таңдауымен өлкетану сабақтарын сыныпта және сыныптан тыс нысандарда ұйымдастырылады.

Өлкетану сабақтарын ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен жүргізу.

Мәдени мекеменің қашықтығы, ауа-райының қолайсыздығы тағы басқа кедергілерден өлкетану сабақтары өз деңгейінде өткізілмей қалады. Шалғайдағы елді мекендерде мәдени мекемелердің жоқтығы да осыған себеп болады. Мұндайда, ақпараттық компьютерлік технология көмекке келеді. АКТ көмегімен мектеп қабырғасында мәдени мекемелерге виртуальды саяхат өткізе аламыз.

Мектептегі виртуалды саяхат сабақ. Тілі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға жармасып, сондағы түрлі- түсті бейнені тамашалай отырып, оны тез меңгеріп алатындығын жиі байқаймыз. Бұл балалардың жаңа технологияға әуестігін көрсетеді. Кинотеатрлардағы 3D, 7D, 5D форматымен көрсетілетін мультфильмдер, кинолардан жаңа технологиялардың мүмкіндігімен бұрыннан таныс. Бұл технологиялар оқушыларға шынайы сезім сыйлайды [8].

Виртуалды сабақта (virtual learning environment, қысқаша VLE) – оқушылар өлкетану сабағында интернет желісін немесе электронды оқулықты қолданып тарихи-мәдени нысандар мен табиғат аясына виртуалды саяхат жасайды. Сабақ жаңа технологиялардың көмегімен сыныпта немесе мектептің виртуалды музейінде өткізіледі. Виртуалды музейде экспозиция мен экспонаттарды 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғылар арқылы көрсетеміз.

Сонымен қатар, оқушылар заманауи технологиялар көмегімен электронды нұсқада дайындалған бейнебаяндарды, тарихи, танымдық, көркем, анимациялық және деректі фильмдерді тамашалай алады [9].

*Сыныптан тыс қызмет арқылы;*

Сыныптан тыс патриоттық тәрбие берудің бірнеше жолы бар. Мұғалімнің

міндеті жүрісі жылдам, өзгерістерге толы дәуірде болашақтың көшбасшыларын тәрбиелегенде өскелең ұрпақты нақты адамдардың өнегесімен бағыттау, жалпыұлттық және аймақтық жобалардың көрнекті тұлғаларын танымал ету. Міндетке жету үшін мұғалім жетекшілігімен оқушыларды «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен кездесу сабақтарына апарамыз. Мұндай сабақтар мәдени мекемеде, ғылыми зертханада, немесе өндіріс орындарында, киелі орындарда өтуі мүмкін. Бұл жұмыстардың мақсаты:

- білім алушыларды жоба қаһармандарының ерлік өнегесімен мемлекеттік мүдделерді қорғай алатын өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу;

- белсенді азаматтар пен патриоттардың образында қазіргі заманғы білім алушыларды ынталы және тартымды етіп қалыптастыру;

- білім алушылардың бойындағы өз еліне деген мақтаныш сезімін, оның тарих мен заманауи жетістіктерін, біздің замандастарымыздың даңқты ерліктерін құрметтеуді сақтау мен дамыту.

Екінші жолы, мектептегі балалар қоғамдық қозғалысы немесе бірлестігі арқылы патриоттық тәрбие бере аламыз.

*Балалар бірлестігі* – әр ұжым мүшесінің өз рөлдері бар, мазмұны топ ішінде өзара іс-қимылды қалыптастыратын еркін ұйымдық құрылыммен, «ересек – бала» демократиялық иерархиялармен әлеуметтік ұйымдастыру ретінде қызмет жасайтын шағын топтардың әртүрлілігі тұлғаралық қатынастарды жетілдіреді.

*Балалардың қоғамдық қозғалысы*– қоғамның әлеуметтік-саяси саласының және оның педагогикалық жүйелерінің қиылысында орналасқан әлеуметтік-педагогикалық құбылыс; қоғамның дамуының нақты кезеңінде әрекет ететін түрлі типтегі және әртүрлі балалар қоғамдық ұйымдарының (қозғалыстар, ұйымдар, ұжымдар) жиынтығы.

«Балалар қозғалысы» ұғымы «балалар бірлестігі» және «балалар ұйымы» ұғымдарынан кең. Балалар қозғалысы бірлестіктерді, ұйымдарды құрайды. Бірлестіктер құрамына, өз кезегінде, жеке атауы бар ұйымдардан тұратын ұйымдар кіре алады. Балалар ұйымдары Қазақстанда бар, олар скауттық ұйымнан, пионерлер ұйымынан және т.б. тұрады .

Мектептегі оқушылар ұйымына «Жас ұлан», «Ұлы дала скауттары», Жас патриоттар академиясы және тағы басқалар жатады.

*Мектептен тыс қызмет арқылы;*

Мектептен тыс жоспарланған іс-шараларға республикалық және аймақтық көлемдегі байқауларға қатысуды жатқызамыз.

Республикалық байқаулардан бөлек челлендж, плоггинг, флешмоб сияқты заманауи жарыс түрлері білім алушылардың отаншылдық сезімін жан-жақты танытуға септігін тигізеді.

Мектептен тыс қызмет арқылы қазақстандық патриотизмді дамытудың тағы бір жолы туған жеріне көмек жасаған кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды қолдап-құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, қаржыларын елді мекендерді көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу

орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байытуға жұмсаған жандардан өнеге алуға тәрбиелеу.

Қазақ халқы – бауырмал халық. 100 ден аса ұлт өкілдері тату-тәтті өмір кешуде. Достық, қайырымдылық, ынтымақ, бірлікті насихаттайтын тамаша дәстүрлер бар. Оқушыларды осындай дәстүрлермен тәрбиелеуіміз керек.

«Асар» дәстүрін алайық. «Асар» – ұлттар бірегейлігін жақындата түсетін заман талабына сай жарасымды дәстүр. Асар – еріктілер тобы. Оған ешкімді мәжбүрлемейді. Және ұлтқа, дінге, тілге, руға бөлінбейді. Оқушыларға мектепкі демалыс кездерінде туған жеріндегі асарға қатысудың да тәрбиелік мәні зор. Археологиялық қазба жұмыстары немесе демеушілердің қайырымдылық шараларына қатысу оқушылардың туған жерге перзенттік парызды сезінуге ықпалы зор.

Тамаша үрдіс белең алып, барлық елді қамтыды. Тек қана табысты кәсіпкерлер ғана емес, өз саласында едәуір жетістікке жеткен танымал спортшылар, әншілер, өнер қайраткерлері тіпті қарапайым азаматтар да меценаттық үрдіске белсене араласып жатқаны шындық. Олар ауылындағы кембағал, тұрмысы төмен жандарға асарлатып баспана салып беруде. Өлкетанулық жұмыстар осындай патриоттарды мектеп қабырғасынан бастап қалыптастырады.

Бұл қазақстан халықтары бірегейлігінің жарқын үлгісі. Олар ұлтқа, дінге, тілге, нәсілге, руға, жершілдікке бөлінбей туған жеріне деген перзенттік парызын өтеуде. Біз – үлкен болайық, кіші болайық, бәріміз туған жердің перзентіміз. Тоқсан тарау арнамен келіп тоғысқан тағдырлармыз. Сондықтан да шетелдерде өткен байрақты бәсекелерде бізді ұлтқа бөлмей «Қазақстандық» деп таныстырады. Қазақстандық орыс, неміс, кәріс, татар, өзбек деген сөз тіркестерін ешқашан естімедік. Себебі біз ұлтқа бөлінбейтін унитарлы тәуелсіз мемлекетпіз. Біздің бір ғана туған жеріміз, Отанымыз бар. Ол ата-бабаларымыздың мандай тері тамшылаған – қасиетті Қазақстан [10].

Мектептен тыс жұмыстарды жазғы каникул кезінде оқушылар ұйымы ұйымдастырса болады.

***«Саналы Азамат» базалық жобасы «Туған жер» бағдарламасының үшінші бағыты болып табылады.***

Оның мақсаттары еліміздің даму перспективаларын түсінетін, еңбек нарығындағы жаңалықтармен жете таныс, жаңа технологиялар алып келген жаңалықтарды меңгерген, өзін-өзі кәсіби анықтай алатын және елдің дамуына өзіндік үлесін қосуға даяр, санасы ашық, тұлға тәрбиелеу.

Базалық жобаның негізгі міндеттері:

- 1) білім алушыларға болашақ мамандығын таңдауы үшін кәсіби бағдармен көмектесу;
- 2) еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, кәсіпті өзі таңдауына жағдай жасау
- 3) еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар тізбесін қалыптастыру, кәсіптік білім алу мүмкіндіктерін насихаттау;

4) білім алушының өзі таңдаған кәсіби мамандығына сай дайындығын анықтау.

Нәтижелер көрсеткіштері:

1) кәсіби бағдар жұмыстары аясында қамтылған оқушылар саны;

2) Мектептен тыс ұйымдар кешенінде, техникалық және кәсіптік оқу орындары, мәдениет және спорт, ауыл шаруашылығы, өндірістік өзге де нысандарда өткен сабақтар саны;

3) Мәдениет және спорт, білім беру жүйесінде қосымша біліммен қамтылғандар саны;

4) Оқушылар арасында кәсіби саланы насихаттау мақсатында дайындалған бейнероликтер саны.

Базалық жобаны жүзеге асыруға арналған төмендегі түйінді шаралар тізімі анықталған:

1) «Бір апта ауылда». Қалада тұратын білім алушыларға арналған жоба;

2) «Бір апта қалада». Ауылдық жерде тұратын білім алушыларға арналған жоба;

3) «Мерей». Өз кәсібінің табыстылары туралы бейнематериалдар;

4) «Алтын қазына». Аймақтық, республикалық сәндік-қолөнер шығармашылығы көрмелері.

*Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы патриоттық тәрбие беру.*

2019-2020 оқу жылында, 2019 жылдың 1 қыркүйегі – Білім күні және Қазақстан Республикасының Конституциясы сабағы «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атауымен өтеді.

Сабақ процесінде патриоттық тәрбие берудің бір үлгісі ғылым, бизнес, мәдениет, медицина және спорт саласында керемет жетістіктерге жеткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандарының өнегелі өмірін үлгі ету. Сабақ мақсатына қаһармандар өмірі мен жетістігі жайлы материалдарды қолдану арқылы жетуге болады. Олардың Тәуелсіздік жылдарында ерен еңбегі білім алушылардың патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ұлттық жобасының жеңімпаздары өз істерімен заманауи трендтерді бейнелейді, инновациялардың жасампаздығына ынталандырады.

Жаһандану жағдайындағы қазақстандықтарға заманауи трендтерді және жетістікке жету жолдарын түсіндіру сабақтың басты мақсаты болады:

1.«*Жарқын, сапалы білім*» тренді – қазақстандық қоғамның ұлттық жобасы. Білім – ең жоғары құндылық, жас ұрпақтың дүниетанымдық көзқарасының алғышарты, бұл әлеуметтің уәждемелі де, мәдени де құрамдас бөлігі, адами капиталы, қаржылық және рухани дағдарысты жеңудің жолы.

2.«*Жасампаз, икемді тұлға*» тренді – жаңа құзыретті идеяларды түрлендіруге және жүзеге асыруға қабілетті, әдеттен тыс шешімдер табатын және қабылдай алатын, адамның ішкі ресурстарын шығармашылықпен жүзеге асыру және оны өмірлік іс-әрекетте қолдану ықыласы бар креативті, бейімделгіш тұлғалар тәрбиелеу негізінде Қазақстанның табысты, серпінді, инновациялық экономикасы құрылады.

3.«Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға» тренді – мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл тренд табысқа жетуге бағытталған жаңа көзқарасты адамдар тәрбиелеуді болжайды. Нарықтық қарым-қатынас жағдайында – нақты саланың кәсіпқой маманы, бәсекелесу қабілеті жоғары, қызметінің мақсатын нақты анықтай алатын, нұсқаларды болжай алатын, неғұрлым тиімді және өнегелік орынды жолды таңдай, кәсіби және өмірлік мансабының өсуін дамытуға әсер ете алатын тұлға.

4.«Жоғары ақпараттық мәдениет» тренді – ақпараттық жаңа технологияларды меңгерудің қазіргі кездегі деңгейі, ХХІ ғасырдың адамына қолжетімді күрделі ақпараттық базаны өңдеу, жүйелеу, талдау, оның деректерін моральдық-этикалық аспектіде тұлғалық және кәсіби өсу үшін қолдана білу білігі.

5.«Өмірлік нақты стратегия» тренді – жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарын құруға қажетті компоненттердің біртұтас және көпаспектілі құрылымы, оған: негізгі бағдарлардың өмірлік мақсаттары, адамның өмірлік нақты тұжырымдамаларын құруы, нақты құндылықты бағдардың болуы, өмірлік қиындықтар мен қайшылықтарды жеңуге дайындығы, уақытша сәтсіздіктерден сабақ алу тілегі, нәтижені дұрыс бағалау және т.б. білігі жатады.

6.«Жоғары құзыреттілік» тренді – бұл трендтің мазмұнында келесі аспектілер қамтылған: проблемалық-тәжірибелік – әр адамның жағдайды дұрыс түсінуі, нақты бір кәсіби салада мақсат, міндеттер, нормалар қоюы және оларды орындауы; мағынаның мазмұндылығы– тұлғаның өмірлік стратегияны мазмұнды жүзеге асыру қабілеті, тұлғалық өсуі үшін өзінің шексіз мүмкіндіктерін үздіксіз анықтап отыру ықыласы; аксиологиялық – тұлғаның өзінің көзқарасы және жалпы мәнді құндылықтар тұрғысынан өмірлік жағдаяттарды дұрыс бағалау қабілеті.

7.«Тұлғалық өсу» тренді – ішкі өзгерістер, өзін-өзі жетілдіру, дау-жанжалдарды (ішкі, сыртқы) жеңіп шығу, логикалық шегі жоқ өз әлеуетін анықтау, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру процесі [11].

Осылайша, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы білім алушылардың тұлғалық дамуына, мектепте білім және тәрбие беруде ерекше маңыздылыққа ие болады. Жаратылыстану, гуманитарлық бағыттағы пәндерде жоба жеңімпаздары арқылы патриотизмге тәрбиелеу мұғалімнің жеке педагогикалық шеберлігіне байланысты. Төмендегі кестеде берілген «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарын оқыту процесінде пайдалануға болады.

№ 1 кесте. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары.

Тренд	Жетістік тарихы
	<p><b>Ернұр Рысмағамбетов</b> 1986 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Физик, жаттықтырушы, оқытушы, Халықаралық қаржы орталығы бюросының басшысы. Ернұр 11-сынып оқып жүрген кезінде Кембридж университетінде оқуға шақыру алды. Физика пәні бойынша халықаралық олимпиадалардың (IPhO) алтын және күміс</p>

	<p>медальдарының иегері - Бали, Индонезия, 2002 және Тайбэй, Тайвань 2003; 2000-2004 ж.ж. физика бойынша республикалық олимпиаданың төрт мәрте жеңімпазы және 2003 жылы республикалық мектеп олимпиадасының абсолютті чемпионы. 2007 жылы Калифорния Технологиялық Институтын «Бизнес, Экономика және Менеджмент» мамандығы бойынша аяқтады, Лондон Колледжі Университетінде студенттік алмасу бағдарламасы бойынша оқыды. 2006 жылдың жазында Нью-Йорк қаласындағы «JP Morgan Chase» Инвестициялық Банкінде тағылымдамадан өтті. 2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін Wilshire Associates қаржы-талдау корпорациясының талдаушысы және құрылымдалған қаржы құралдары бөлімінің бастығы болды</p> <p>ҚР Ұлттық құрама командасының жаттықтырушы ретінде 5 жылдың ішінде Ернұрдың жетекшілігімен оқушылар 25 мүмкін медальдің ішінен 24 медальді жеңіп алды, оның ішінде 6 алтын, 15 күміс және 3 қола.</p>
	<p><b>Есенов Қуат</b> - Қуат Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған №8 мектеп-лицейдің түлегі. 2002 жылғы Халықаралық математикалық олимпиаданың күміс (Глазго қаласы, Шотландия) жүлдегері, 2003 жылғы (Токио қаласы, Жапония) және 2004 жылғы (Афины қаласы, Греция) жеңімпазы. АҚШ-тағы Массачусетс технологиялық университетінің түлегі. PhD докторы, Google компаниясының (АҚШ, Калифорния) қызметкері. Осының бәрі Есенов Қуат туралы.</p> <p>Қазақстан Президенті «Алтын бала» деп атаған және ғаламшардың ең лауазымды мектеп оқушысы ретінді Гиннестің рекордтар кітабына енген Қуат Есенов, математика бойынша халықаралық олимпиадаларда 9-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі аралықта алты алтын, бір күміс және бір қола медальға ие болды. Ұстазы Ганелиннің еңбегінің нәтижесінде Қазақстанның әнұраны салтанатты түрде әлемнің 11 елінде 30 рет шырқалды.</p> <p>Оның қабілеттері өте ерте байқала бастады, үш жасында оқып үйренді. Мектеп пәндерін меңгеру өте жеңіл болды, ал математикалық дарын оған тумысынан біткен дейді ұстазы Давид Ганелин.</p>
<p>2. <i>«Жасампаз, икемді тұлға»</i></p>	<p><b>Чернуцкий Максим</b> – Павлодар облысынан. Отансүйгіш, қоғамдық-саяси қайраткер, меценат, кәсіпкер. 2011 жылдан бастап көмір өнеркәсібінің жұмысшысы.</p> <p>«Өзімнің жеке қаражатыма БЦП диагнозымен ауыратын мұқтаж жас жігітке мүгедек креслосын әпергенімді басты</p>



жетістігім деп санаймын. Ол жігіттің көзіндегі қуаныш – 2016 жылдан менің есімде қалаған ең жарқын естелік». Республикалық түрлі форумдер мен конференциялардың қатысушысы, көптеген грамоталардың, алғыс хаттардың иегері. 2014 жылдың желтоқсанында «Халық Таспасы - Народная Лента» халықтық-отансүйгіштік жобасын жүзеге асырды. Өз қаражатына Қазақстан Республикасының азаматтарына 25 000 халықтық таспа сыйлады. 2017 жылдың мамыры – көптілді білім беру ZhasProject жобасы аясында «TILKHAN ATA» жобасының авторы. Оның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында «Тілдердің үштұғырлығы» идеясын дамыту және көпшілікке тарату болып табылады.



**Санжар Мырзағалым – өнертапқыш.**

2014 жылы Санжар Мырзағалым және оның курстастары EcoSocket технологиясы шеңберінде – электр қуатын үнемдеуге жағдай жасайтын розетка әзірлеу бойынша жұмыс істей бастады. Бұл стартап Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия өнертапқыштарына арналған Echelon Asia Summit 2015 – ірі технологиялық конференциясында ең үздік ондыққа кірді. Қазір Мырзағалым, өзінің балғын жасына қарамастан Microsoft Kazakhstanda ірі лауазымдардың біріне ие.

Әзірлемелер кез келген ауданды, оның шаршы метріне, түріне және салынған жылына қарамастан ақылды үй деп аталатын құрылысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Тұрмыстық техника дүкенінен EcoSocket сатып алу жеткілікті. Жас жаңалық ашушылардың жобасы бойынша осындай құрылғылардың бірін техниканың бір бірлігіне қосуға болады, бірақ әзірлеушілер ең өнертапқыш қолданушылардың тәжірибесінде Экосокетті үшбөлімді розеткаға немесе ұзартқышқа қосу арқылы бірнеше аспапты қосқан жағдайлар болғанын және олардың бәрі смартфон арқылы басқарылғанын айтады.

Жүйенің әр қолданушысы аспаптардың электр қуатын қаншалықты тұтынатынын өзінің смартфоннан бақылай алады. Әзірleme сонымен қатар, жеке параметрлерді дәлдеуге мүмкіндік береді, яғни арнайы дәлдегішке өз тарифін енгізуге болады және бағдарлама осы сәтте сіздің қанша ақшаны тектен-текке жұмсайтыныңызды санап береді. Бұл Айти әзірлеменің талдау қабілеті қоршаған ортаны сақтауғы бағытталған Жасыл жобаға айналдырады.



**Гасканбеков Диас Бахытжанович.** «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураны аяқтаған соң бір жылдан кейін Диас Назарбаев Университет – Nazarbayev University Research and Innovation System (NURIS) зерттеу орталығына кіші ғылыми қызметкер болып орналасты, бұнда күн қуатымен жүретін батареяға арналған полимердің медициналық табиғи жолмен ыдырайтын және жартылай өткізгіш деген екі түрімен айналысты.

4 жылдан соң ол NURIS-ден кетіп бір жылдан соң ҚБТУ-де «Альтернативтік полимер материалдары» жекеменшік зертханасының меңгерушісі болады, ҚБТУ мен ҚазҰТУ (Политех) біріктірілгеннен кейін зертхана жаңадан құрылған университет – ҚазҰЗТУ-ге көшеді, ол осы жерде бүгінге дейін жұмыс істейді. Кіші ғылыми қызметкер болып істеген кезінде Диас өз жобаларымен айналыса бастайды: сөйлейтін қоқыс жәшігі (жоба Армана Сулейменовтің I Startup School-да 1-орын алды), бейне-ашық хаттар, тапсырыс бойынша 3D-басып шығару, аэропоника (өсімдіктерді топырақсыз автоматтандырылған өсіру). Соңғы жобасымен Диас Startup Bolashak-ге (1-маусым) қатысып, жеңіледі. Бірақ 2016 жылы қайта (2-маусым) қатысып, 2-орын алады: жобаны жүзеге асыруға жеке инвесторлардан грант және инвестициялар алады. Қазір жоба Алматыда және Қарағандыда жүзеге асырылуда. Бүгінде Диас өзінің докторлық жұмысына арнауды жоспарлап отырған ең ірі жобасы – остеосинтез үшін табиғи ыдырағыш импланттарға тапсырыс дайындауда.



**Абдысагин Рахат-Би Толегенулы** – жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты, 100-ден аса музыкалық шығармалардың авторы.

Шығармашылық жолды бастағаннан бастап, «ең жас» ұғымы Рахат-Бимен бірге келеді. Ол – «Дарын» мемлекеттік сыйлығының ең жас иегері. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 17 жасында ТМД парламентаралық Ассамблеясының «Мәдениет пен өнерді дамытудағы ерен еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған ең жас және жалғыз мәдениет қайраткері. Ол – Бах, Моцарт, Гайднадан бастап, қазіргі классиктерге дейінгі әлемдік классикалық шедеврлерді жинайтын Оңтүстік Иллинойса университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрімен фортепианоға арналған туындыларды орындайтын әлемдік қордың қоржынына туындылары енген Тәуелсіз Қазақстандағы ең жас әрі жалғыз композитор. Ол – заманауи музыкаларды орындаушылар мен

	<p>композиторлардың халықаралық академиясының ең жас қатысушысы: Impuls (Грац, 2013, 2015, 2017), ISA (Мюрццушлаг, 2015), KlangZeitMünster (Мюнстер, 2016), ең жас лектор ICTM 2015.</p> <p>Сонымен қатар ол – жан-жақты білімді интеллектуал, математиканы зерттеуге қызыққан математик-зерттеуші. 14 жасында «Математика және қазіргі заманғы музыка» (Алматы, 2013) және «Mathematics and Contemporary Music» (Almaty, 2013) ғылыми еңбектерін жариялады. «Гармонияның шеттері» атты шығармашылық жұмыстар жинағының авторы (Алматы, 2011).</p> <p>Бүгінде оны «Қазақтың Моцарты» деп атайды. Ол аса ұғымтал, 12 жасында музыка жаза бастады.</p> <p>Мәскеу қаласындағы аты аңызға айналған «Композитор» баспа үйінен Рахат-Би Абдысагинның «God’s dwelling» («Жилище Бога») мен «Over the vault of depth» («Над сводом глубины») атты симфониялық картиналарының партитуралары шықты. Дәл қазіргі уақытта Рахат-Би Абдысагин әр жыл сайын 24 елден 200-ге жуық әлемге әйгілі музыканттар мен педагогтар қамтылған П.И.Чайковский атындағы жасөспірімдер конкурсының әділқазылар мүшесі болып табылады.</p>
	<p><b>Тимур Рыспеков</b> – Алматы қаласындағы М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейінің білім алушысы.</p> <p>Тимур жас өнертапқыш, физика, информатика, математика саласындағы 28-ден астам патент пен авторлық құқықтың иесі.</p> <p>Ол 2014-2016 оқу жылдарында информатикадан аудандық және қалалық олимпиадалардың жүлдегері. «Инновациялар» номинациясында Рыспеков Тимур Гран-приді және 100000 теңге көлеміндегі сертификатты жеңіп алды. Тимур 2015 жылы «Microsoft DreamSpark» бағдарламасының, 2016 жылы «Skolkovo Startup Tur» байқауының еуразиялық кезеңінің жеңімпазы атанған.</p> <p>2016 жылдың маусымында Мәскеу қаласында өткен Шығыс Еуропаның Startup Village ірі инновациялық конференциясына қатысты. Оның соңғы әзірлемелерінің бірі қоршаған ортаның талдамасын жасауға арналған робот, әлемде оған ұқсас туынды жоқ. Бұл робот метеостанцияларды, экологияның талдамасын жасауға арналған станцияларды, аномалияларды зерттеуге арналған жабдықтарды және т.б. алмастыра алады, сонымен қатар ол күзет жүйесінің функцияларын атқара, виртуалды шындық форматындағы видеоағымдарды көрсете алады. Тимурдың</p>

	<p>қоршаған ортаның талдамасын жасау бойынша жобасын Microsoft корпорациясының, Қазақстан Республикасы Кіші Ғылым Академиясының және Қазақстан робототехника федерациясының, AlmatyTechGarden сарапшылары ең жақсы жүйе деп таныды.</p>
	<p><b>Нұржан Жолдыбалинов</b> – IT маман, кітапханашы, ақпараттық жүйелер бойынша маркетинг, «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.</p> <p>Сонау ертедегі 1995 жылы №63 Шар мектебіне 8 разрядты «Корвет» дербес компьютерін әкелген еді, осы компьютерде жұмыс істеуге алғаш отырғандардың бірі және сабақ арасында ұрлана кіріп мұнда шұғылдануға келетіндердің бірі тоғыз жасар Нұржан Жолдыбалинов болатын. Балалық қызығушылық оның мамандығын ақпараттық технологиямен байланысты айқындап бергендей. Таңдаған мамандығының барлық жолынан өткен: 2001 жылы Семей электротехникалық колледжіне «Станция бойынша кезекші» мамандығы бойынша оқуға түсті. 2004 жылы осы колледжде «есептеу техникалары мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқуын жалғастырады. 2010 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығымен бітіреді.</p> <p>Еңбек жолын Қазақстанның бас кітапханасы – Нұр - Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында бастайды. Өткен жылдан бері Ақпараттық ресурстар бойынша жетекшінің орынбасары болып қызмет істейді. Қазіргі таңда Нұрлан Нұржанұлы Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасы бірыңғай технологиялық форматында Қазақстан кітапханаларының біртұтас каталогін «ҚазҰЭЖ бірыңғай автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі» жұмыс үстелін құрумен айналысуда. Мұның нәтижесі Бірыңғай онлайн-каталог, Бірыңғай электронды толықмәтінді мәліметтер базасы, құжаттарды электронды жеткізу, корпоративті виртуалды анықтама қызметі және басқалардың жасалуы болып табылады.</p>
	<p><b>Сағымбаев Мағжан Талапович</b> – велосипедпен Қазақстанның туын көтеріп, 22 елді аралаған алғашқы Қазақстандық азамат, атақты саяхатшы, революционер Жангелдин Әліби Тонжанұлының ұрпағы.</p> <p>Бірінші рет 1991 жылы Геленджик шатқалындағы Қара теңізге саяхат жасайды. 1998 жылы Ыстықкөлге төрткүндік</p>

сапар шегеді. Осыдан кейін саяхат, тау, спортқа деген құштарлығы тіптен арта түседі. 2013 жылы бірінші үлкен саяхатқа аттанады. Жаяу, автокөлікпен 8 елді (Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Грузия, Армения, Түркия, Украина, Молдова) аралады. 2014 жылдың 1-мамырында Мағжан Алматы қаласының орталығынан старт алып, 380 күннен кейін тура сол нүктеге қайтып оралды. Ол осы аралықта 28 мың километр қашықтықты жүріп өтті және 22 – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Азербайджан, Грузия, Түркия, Болгария, Сербия, Венгрия, Австрия, Германия, Швейцария, Франция, Испания, Колумбия, Эквадор, Австралия, Таиланд, Камбоджа, Лаос, Қытай елдерін аралады.

2016 жылдың ақпанында Максұт Жұмаевпен бірге Қазақ Географиялық қоғамының экспедициясы барысында Оңтүстік Американың биік нүктесі Аконкагуа шыңына (6962 м) шықты.

2016 жылдың маусымында актриса Айсұлу Әзімбаевамен бірге Еуропаның биік нүктелерінің бірі Эльбрус шыңына (5642 м) көтерілді. Сол жылдың желтоқсанында Қазақстанның туы Антарктиданың Винсон (4892 м) шыңына ілді.



**Гүлмира Абдрашева** - «Клуб Добряков» еріктілер қозғалысының негізін қалаушы.

Ол екі жыл бұрын Instagram әлеуметтік платформасының жоғары тиімділігін пайдаланып, көмекке мұқтаж жандардың базасы орналастырылған ашық топ құрады. Қайырымдылар клубының ұраны: «Қайда болсаң да, пайдаң тисін!».

«Клуб добряков» атты қайырымдылық қозғалысын өз қалаларында көргісі келетін тұрғындардың сұрауы бойынша сол қалада клуб ашылады. Басқа 4 клуб солай пайда болды.

Клубтың арқасында 30-дан астам адам жұмысқа орналастырылды. Отбасында бір немесе одан да көп мүгедек баласы барлар, көп балалы отбасылар, жалғызбасты зейнеткерлер, жетімдер клубтың тұрақты камқорында. Сонымен қатар, өмірдің қиын жағдайына ұшыраған адамдарға да көмек көрсетеді.

Гүлмира әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға, мұқтаж жандар мен үйі жоқ жануарларға тегін көмек көрсетеді. Қайырымдылық шаралары Гүлмираға ешқандай қаржылық пайда әкелмейді. Гүлмира Абдрашева қоғамға нағыз ақпейіл жанның қандай болатынын үлгі етіп жүр.

7. «Тұлғалық өсу»



**Алексей Лодочников** - қазақстандық жас домбырашы-әнші. Алексей өзінің іс-әрекетімен сенім арқылы алдына қойған мақсаттарына жету керектігін дәлелдеп жүр. Алексей қазақ тілінде жетік сөйлеп қана қоймайды, домбырада керемет ойнайды және де өзінің жастығына карамастан кітап жазады.

1999 жылы Ақсу қаласында дүниеге келген. Қашыр балалар үйінің тәрбиеленушісі. Соңғы 14 жыл бойы Алексей балалар үйінде тәрбиеленді. «Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат – музыкалық колледж» кешені» ММ «Домбырамен халық әндерін орындау» бөліміне түседі.

2014 жылы Алексей Екібастұз қаласында бірінші рет Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың алдында өнер көрсетеді. Бұл өнер көрсету оқушының өміріне үлкен ынта берді. Көп кешікпей ол республикалық және облыстық музыкалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындар алады.

Дереккөз: <http://100esim.ruh.kz/kz> сайтынан алынды.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары арқылы сыныптан тыс жұмыстарда патриоттық тәрбие беруге болады.

*Сыныптан тыс қызмет арқылы патриоттық тәрбие беру;*

Білім алушыларды кітап оқу белсенділігін қалыптастыру жұмыстары да патриотизмге тәрбиелеудің тиімді жолы. Мектеп кітапханасында түрлі іс – шаралар өткізе аламыз. Атап айтсақ;

*Сабақтар:* ерлік сабағы, ақпараттық сағат, ақпараттық-танымдық сағат, ақпараттық насихаттау сағаты, экспресс сағат, насихат сағаты, әдеби танымды сағат, шығарманы талдау т.б.

*Шолулар:* өмірбаяндық шолу, диалог –шолу, библиографиялық шолу, әдеби калейдоскоп, флешбук, ауызша журнал.

*Байқаулар:* онлайн-конкурс эссе, викториналық ойын, ойталқы, оқырман бенефисі, пікіралмасу, поэзия байқаулар, өлеңдер шеруі, әдеби-лото, блиц-турнир, әдеби делижанс, PR – акция, ай-стоппер

*Зияткерлік отырыстар:* дөңгелек үстел, жаңа бағыттағы оқырмандар конференциясы, оқырмандар конференциясы [6].

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен өтетін оқулар ерекше сұранысқа ие.

Бүгінде ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ақын өлеңдерін жатқа оқудан челлендж республика көлемінде жүріп жатыр. Ынталы адамдар әлеуметтік желілерде (ютуб, фейсбук, твиттер, уатсап т.б.) ақын өлеңін жатқа оқып, эстафетаны қалаған адамына жолдайды. Челленджге қатысу жас талғамайды. Оқушылар, ата-аналар, жастар бәрі де қатысады. Өлеңді музыкамен әрлеп, мәнерлеп оқыса әсері арта түседі. Челлендж, флешмоб сияқты заманауи шаралар адамдарды бірлікке, достыққа шақырады. Ол ұлтқа, нәсілге бөлінбейді. Абай өлеңдерінен челленджге шетелдіктердің қатысуы осының дәлелі. Кез-келген әдебиет өкілінің шығармасынан челлендж өткізуге болады.

*Мектептен тыс қызмет арқылы патриоттық тәрбие беру.*

Білім алушылар патриоттық бағыттағы түрлі деңгейдегі байқауларға белсене қатысады. Байқаудан басқа жобалар арқылы туған жердің тұрмыс – тіршілігімен етене таныса алады.

«Айналаға қара» жобасы арқылы ауыл баласы мен қала баласының арасындағы білім – білік теңсіздігін жоюға арналған.

Жобаны жүзеге асыру үшін логистика және қауіпсіздік мәселесі алдыңғы орында тұрады. «Айналаға қара» ұғымына қандай аумақты кіргізу керектігін алдын-ала шешіп алған жөн. Айнала деп үздіксіз және нақты бақылау жүргізетін мектептің, ауылдың, қаланың маңайын айтады. Ал кейбір жағдайларда бұл ұғымды ауданның немесе облыстың әкімшілік аумағына дейін кеңейтеді. Сол себепті «Айналаға қара» жобасы бұл екі көзқарасты да қамтуы тиіс.

«Бір апта қалада» атты ерекше жоба бойынша ауыл балалары қалаға барып өндіріс орындарына экскурсия жасайды. Әртүрлі кәсіптік бағдар алады. Цифрлық технологияның қала өміріне әкелген жаңалықтарымен таныс болады.

«Бір апта ауылда» бағдарламасымен қала балалары ауылға барып ауыл – шаруашылығымен танысады. Оның ішінде мал, құс, егін шаруашылығының қыр-сырымен танысады. Ауылға заманауи технологиялардың әкелген жаңалықтарын түсінеді. Ауылдың болашағын оның инфроқұрылымын дамытудың алғышарттарын зерделейді.

«Айналаға қара» жобасы арқылы білім алушылар егемен еліміздің даму бағытын аңғарады. Едәуір сұранысқа ие мамандықтардан хабардар болады.

Мектепке жақын орналасқан мекемелерге балаларды жаяу апарамыз. Сондықтан жауапты мұғалімдер жаяу жүргіншілер үшін жол ережесін білуі керек. Сонымен қатар, бағдаршамнан өткенде белгі беретін жалаушалар, таяқшалар, т.б. құралдары болуы тиіс. Қашықтау мәдени мекемеге оқушыны тасымалдаудың ең қолайлысы автобус болғандықтан Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Заңын сақтау керек. Сонымен қатар, көліктің түріне қарай теміржол, әуе жолы, су жолы, жер асты жолы және автомобиль жолдары туралы заңдарға сүйенеміз.

Мектеп жобаға дайындық алдында денсаулық, төтенше жағдай қызметі, жол-көлік инспекцияларына қатынас қағаздар жіберіледі. Іс-шараны құжат алмасу арқылы тиісті мекемелермен бірлесіп өткізеді.

Бүгінде «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде шалғайдағы елді мекендердегі балаларға ағылшын тілін үйрету мақсатында «Жас отан» жастар қанаты мен «Болашақ» қауымдастығы бірлескен жоба жүзеге асыруда.

Жоба «English for Jastar» деп аталады. Жоба барысында ауыл балаларына ағылшын тілін үйрету үшін ауылдарға еріктілерді жіберді. Олар ағылшын тілін жетік меңгерген болашақ мұғалімдер. Еріктілер ағылшын тіліндегі әдістемелік оқу-құралдары мен аудиожазбалармен қамтылған. Еріктілер екі ай бойы ауылдағы оқушыларға шет тілін үйретеді.

Болашақта ауыл мен қала балалары арасындағы теңсіздік балансын жою

жұмыстары жалғаса береді [12].

Білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда сандық технологияны меңгерту арқылы көрінеді. Білім алушылардың қатысуымен:

–өлкетану туралы ақпарат беру мақсатында қолданыстағы оператор байланыстары үшін көпқызметті қосымшалар құру;

–Қазақстанның әдет-ғұрып және киелі орындары бойынша электронды форматта ақпараттық-анықтамалық материалдар әзірлеу;

–ақпараттық-анықтамалық материалдарды қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде әзірлеп бұқаралық ақпарат құралдарында тарату;

–туристік және экскурсия бағыттарының, экологиялық соқпақтардың жолнұсқаулығын әзірлеу;

«Саналы азаматтың» басты мақсаты компьютерлік сауатты, бірнеше тіл білетін, бәсекеге қабілетті толерантты тұлға тәрбиелеу. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті маман даярлау.

Жамбыл облыстық білім беру ұйымдарында өлкетануды сандық технологияны пайдалану арқылы насихаттау кең өріс алған. Мектеп оқушылары өлкетанулық материалдарын асқан қызығушылықпен дайындап көпшілік назарына ұсынудың заманауи жолын тапқан. Облыстық білім басқармасы сайтында «Туған жер» айдары ашылған. Сайт өз туындысын орнатамын деген оқушылар үшін қолжетімді. Әрбір білім алушы өлке мақтанышын сайт арқылы таныстыра алады.

«Туған жер» айдарының басты мақсаты оқушыларда нағыз патриоттық сезім тәрбиелеу болып табылады, бұл сезім өз ауылына, қаласына, өңіріне, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрі мен тұрмысына, Отан алдындағы борышына деген сүйіспеншілігімен, мақтанышымен және адалдығымен түсіндіріледі.

«Туған жер» бағдарламасында жазғы демалыста ауылда болмаған қала балалары үшін көптеген қызықты іс-шаралар өткізуге болады. Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін «Бір апта ауылда» іс-шараның өткізілуінің Ережесі бекітілуі керек. Ережеде жауапты мекемелердің міндеттері көрсетіледі. № 3 қосымшаны қараңыз.

Ережеде ең алдымен балалардың жататын орнын анықтау керек. Ауылда өтетін жеті күнді табиғат аясына саяхатпен де ұштастыруға болады, яғни балалар осы күндері шатырда өмір сүріп, тамақты өздері пісіруге машықтанады.

Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және

экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

"Ұлы даланың жеті қыры» жалпақ әлемге еліміздің ежелден озық мәдениеті, өркениеті болғанын паш ететін тұжырымдамалық мақала [13]. Ғалымдар ұзақ зерттеулер мен сараптаулар нәтижесінде ел аймағында өркениеттің ерте замандарда бастау алғанын ғылыми дәлелдеді. Өте ежелгі дәуірде қазақ даласында озық технология үлгілері – металдан жасалған бұйымдар, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындалғанын, сонымен қатар жылқыны қолға үйрету, атқа міну мәдениеті пайда болғанын айтып, дәлел келтіреміз. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. 1-суретте «Ұлы даланың жеті қыры» дереккөз: <http://27-semey.mektebi.kz/elbasy-zholdaulary>



Солтүстік Қазақстан облысы Ботай қонысынан табылған кірпіштер (2-суретте) мен Түркістан облысы Шойтөбе қалашығынан табылған құбырлар (3-суретте) көне дәуірде сәулет-құрылыс өнерінің деңгейін көрсетеді. Ботай қонысында көлемі үлкен кірпіштердің беріктігі үшін жануалардың сүйектерін қосқан. Бұл қазіргі құрылыстағы темір арматураның қызметін атқарған. Шойтөбе қалашығында үй астынан жүргізілген құбырлар санитарлық қызмет атқарған.

Бұл жаңалықтарды Ұлы даланың 8 – қырына жатқызуға болады.

2-сурет

3 - сурет

Дереккөз: <https://24.kz/kz/ajyrtau-audanynda-botaj-m-denietine--konferentsiya-tti>

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі - неше



ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Қасиетті нысандар арқылы «Ұлы даланың жеті қырын» түсіндіреміз.



«Туған жер»

бағдарламасы 3 базалық бағытқа жіктелген. Осы бағыттар бойынша № 2 кестеде көрсетілген іс-шараларды ұйымдастырамыз.

№ 2 кесте «Туған жер» бағдарламасы бойынша іс-шаралар тізімі.

№ р/с	Іс-шаралар атауы
«Тәрбие және білім» кішібағдарламасы	
<i>«Өлкетану» базалық жобасы</i>	
1.	«Жасыл ел» республикалық қозғалысы
2.	«Жас өлкетанушылардың, экологтардың және натуралистердің республикалық форумы».
3.	«Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз, молайтамыз» атты өлкетанушылық өнер және қолөнершілер республикалық көрмесі
4.	«Үздік мектеп музейі» республикалық және аймақтық байқауы
5.	«Менің туған өлкем» туристік- өлкетану сайтының жұмысы
6.	«Біз таза Қазақстан үшін», «Біз таза қала үшін», «Біз таза ауыл үшін» экологиялық акциялары.
7.	«Туристік карта және компас» аула клубтарының қалалық сайысы
8.	«Туған жер» қалалық дебат турнирі
9.	«Туған өлкенің жанды және жансыз табиғатымен танысу кезінде бастауыш мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» кіші топ тәрбиешілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру.
10.	«Қазақстан натуралистері» желілік жобасы
11.	Мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған дөңгелек үстел «Туризм - оқушылардың белсенді жазғы демалысы, патриоттық, эстетикалық және дене тәрбиесінің құралы»
12.	5-7 сынып оқушылары арасында география, тарих және өлкетану пәндерінен «Ашылу маусымы» интеллектуалды-танымдық қалалық ойыны
13.	«Атамекен» республикалық туристік-өлкетанулық экспедициясы.
14.	6-10 сынып оқушыларына арналған «Ақылды жаз -2019» жобасы

15.	«Менің Отаным – Қазақстан» Республикалық оқушылар мен жастар туристік экспедициясы
16.	«Менің сүйікті қалам» мектеп жасына дейінгі балалардың сурет көрмесі
17.	Балабақша тәрбиеленушілері үшін «Менің жерім - біздің балалық шақтың бесігі» өлкетану шараларының сериясы
<i>«Отаным-тағдырым» базалық жобасы</i>	
18.	«Менің кіші Отаным» республикалық зияткерлік сайысы
19.	«Қайырымдылық жасампаз күш» эссе жазу
20.	«Қоғамға қызмет» волонтерлық балалар қозғалысы әлеуметтік жобасы
21.	«Адамдарға қуаныш сыйла» акциясы
22.	«Мектепке жиналуға көмектес» акция
23.	«Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының республикалық слеті
24.	Мектеп оқушылары арасындағы республикалық көркем шығарма оқуларына қатысу.
25.	«Жас Ұлан», «Алау» әскери-спорттық ойындары
26.	«Қарттарға қамқорлық» акция
27.	«Менің бастамам-менің Отаныма» республикалық шығармашылық жобалар сайысы
28.	Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне арналған «Туған өлкенің тарихи және әдеби ескерткіші» мектеп конференцияларын өткізу
29.	«Үздік мектеп музейі» республикалық және аймақтық байқаулары
30.	«Менің Қазақстаным» орта мектеп оқушыларының суреттер байқауы
31.	«Менің Қазақстаным» балалар музыка мектебінің жас музыканттарының байқауы
32.	«Алаш Орда» партиясының латын графикасындағы еңбектері: тарихтағы рөлі» дөңгелек үстелін ұйымдастыру
33.	«Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан қазіргі заманғы батырлар» дөңгелек үстелі
34.	«Жас таланттар» балалар ғылыми жобаларының байқауы
35.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихын және геральдикалық белгілерді білу бойынша қалалық қашықтық олимпиада.
36.	«Туған жер» бағдарламасы аясында білім беру компонентін күшейту » мұғалімдер мектебі.
37.	«Мен патриотпын» мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру бойынша ең жақсы әдістемелік әзірлемеге арналған сырттай конкурс
38.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы эссе мен эссе қалалық байқауы.

39.	Тәрбиешілерге арналған «Қазақстан - менің Отаным» атты үздік педагогикалық жоба байқауы
40.	«Тәуелсіз Қазақстан» көркемсурет мектебі оқушыларының жұмыстарының байқау-көрмесі
41.	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Өнерім саған - Тәуелсіздік Қазақстан» мерекелік концерті
42.	«Менің Отаным - Қазақстан», «Толеранттық - бейбітшілікке бастар жол»
43.	«Сөз - тілдің көркі» (Білім алушыларға классиктердің және қазіргі заман ақындарының, қазақ ойшылдарының шығармаларын, тілдік фестивальдер, конкурстар, көркемөнерпаздар байқауын, айтыстар, пікірталастар және т.б ұйымдастыру)
<i>«Саналы Азамат» базалық жобасы</i>	
44.	«Өмір және мансапты жоспарлау», «Кәсіби тесттер» бағытындағы кәсіби бағдар беру жобаларын іске асыру
45.	«Жас Ұлан» белсенділерінің конференциясы: «Болашақ - біздікі»
46.	Оқушыларды «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Адал Ұрпақ» қатарына қабылдау
47.	«Болашақ инженерлері» қалалық робототехникалық байқауы
48.	«Буккроссинг». Кітаптармен алмасу бойынша арнайы орындар ұйымдастыру
49.	«Ғылыми-техникалық модельдеу - Қазақстанның болашағы» жобасы аясында техникалық шығармашылық мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстарының көрмесі
50.	Ғылыми-техникалық модельдеу бойынша қалалық конкурстар,
51.	«Қадірлі сыйлық». Кітапханаларға кітаптарды ерікті түрде тапсыру бойынша қайырымдылық акциясын ұйымдастыру;
52.	Қазақстандағы Еңбек күніне арналған кәсіби шеберлік сабақтары
53.	«Мамандық таңдау - болашақты таңдау» іскери ойыны
54.	«Мамандықтар әлемін ашу» республикалық форумына қатысу.
55.	«WorldSkills Қазақстан» ұлттық чемпионатына қатысу.
56.	«Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» атты инновациялық идеялардың республикалық конкурсына қатысу.
57.	Республикалық техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік және кеме құрастыру) жарысына қатысу.
58.	«Кітап. Ел. Рух». «Оқырман ұлт» жаппай қоғамдық қозғалысы;
59.	Кітап көрмелері: «Қазақстан - бейбітшілік пен өркендеу елі»,
60.	«Әке, мама, мен оқитын отбасымын» конкурсы
61.	Тілдер күніне арналған қала мектептерінің кітапханаларында көрме стендтерін дайындау

62.	«Кітапхана - білім ордасы». Кітапханашымен бірігіп әдеби кештер ұйымдастыру.
63.	Бастауыш сынып оқушыларына «Дала халқы туралы ертегілер мен аңыздар» кітапханалық сабақтарын ұйымдастыру
64.	Тұңғыш Президентке арналған қала мектептерінің кітапханаларында көрме стендтерін дайындау
65.	1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына арналған қала мектептерінің кітапханаларында көрме стендтерін дайындау

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев педагогтардың тамыз кеңесінде қоғамдық сананы жаңғырту жұмыстары жалғасын табатыны туралы: Бұл қалай жасалады, мысалы, Солтүстік Еуропа елдерінде. Осы көзқарастардың бәрі Елбасының «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында көрініс тапқан. Мұғалімдер білім берудің барлық деңгейлерінде, соның ішінде жеке оқу орындарында да осы құндылықтарды насихаттауы керек-деді. Білім алушыларға «Ұлы Даланың жеті қырын» түсіндіру тәрбиенің басым бағыттардың бірі болып қала бермек.

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады. «Туған жер» Бағдарламасы шеңберінде оқушыларда қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жұмыстары төменде көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттарға сүйеніп жүргізіледі.

## *Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету*

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-II Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

- «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»; Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі № 1488-XII Заңы;

- «Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және мәртебесінен айыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 118 бұйрығы

- Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың дәстүрлі тамыз конференциясында сөйлеген сөзі. (Нұр - Сұлтан қаласы 16 тамыз 2019 ж.);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Нұр - Сұлтан, 2016 жыл»;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы

- «Волонтерлік қызмет туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

## **2 «Туған жер» бағдарламасы аясында мектеп жасындағы балалардың қазақстандық патриотизмін қалыптастырудың әдістері, түрлері және құралдары**

Заман талабына сай өлкетану жұмыстары әдістемелік жағынан кеңінен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл бағыттағы ұсынымдамалардың мақсаттары мынадай ортақ міндеттерді қамтуы керек:

- Жолдаулардан туындайтын болашақ саяси көзқарасы қалыптасқан, өз елінің ұлтжанды, нағыз патриоттары болатын Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу;

- білім алушыларға өз өлкелерінің табиғаты, климаты, экономикалық және мәдени дамуы мен тарихы туралы жан-жақты білім бере отырып, кәсіптік бағдар беру;

- орта мектепте өлкетану жұмыстарын жоспарлаудың және ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау;

- пәнаралық, өлкетану тақырыптарын оқытудың үлгілерін ұсыну;

- өлкетану бойынша сабақта және сабақтан тыс жұмыстарды өткізудің үлгілерін жасау;

- білім алушыларға сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде ішкі туризмді насихаттау;

- дарынды балалармен жаңа заман талабына сай шығармашылықта инновациялық бағытта жұмыс жасау;

- АКТ қолдану арқылы білім алушының пәнге қызығушылығын арттыру.

Мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін: проблемалық оқыту, жобалау әдістерін, рөлдік ойындар, ақпараттық, ізденушілік, зерттеушілік технологияларды қолдана алады, сонымен қатар оқушының бойында өзін-өзі бағалай алу қабілетін қалыптастыруға жағдай жасауы және мұғалім әрқашан ізденісте болуы керек.

*Жалпы білім беру циклы сабақтары арқылы патриоттық тәрбие беру.*

### *2.1. Оқу кабинеттерінде өлкетану сабақтары арқылы патриоттық тәрбиелеу*

Өлкетану жұмыстарын мынадай оқу пәндеріне енгізуге болады.

1. Жаратылыстану-математика пәндері.

2. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер.

Өлкетану сабақтары – мектеп оқушыларын туған ауылында өмір сүріп, еңбек етуге дайын болуға, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруға атсалысуда әлеуметтік бейімдеу проблемаларын шешуге ықпал етеді. Бұл біздің заманымыздың өзекті әлеуметтік-педагогикалық міндеттерінің бірі.

Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалардың түрлері:

\* *пәнаралық байланыс қағидасы*, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;

\* *жүйелілік-құрылымдылық қағидасы*, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;

\* *тақырыптық қағидасы*, оқулықтың әр тақырыбына сәйкес келетін материалды әзірлеуді қарастырады;

\* *толеранттылық қағидасы*, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;

\* *когнитивтік қағидасы*, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;

\* *кешенділік қағидасы*, өлкенің қоршаған ортасында болатын барлық жағдайларды, өзгерістерді кіріктіріп оқытуды көздейді;

\* *ізгілендіру қағидасы*, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;

\* *табиғи және мәдени түсінік қағидасы*, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады;

\* *іс-әрекеттік қағидасы*, білім беруді практикалық, коммуникативтік, жобалық-шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырады;

\* *тарихилық қағидасы*, әлеуметтік-табиғи ортадағы өзгерістерді, аумақтың даму болашағын қарастыру арқылы орындалады;

\* *проблемалық қағидасы*, нақты проблемалық тапсырмаларды шешу көздейді [6].

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы, оқушылардың өздігінен білім алу, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Анықталған қағидаларды ой елегінен өткізіп түсіну және өмір сүру ортасындағы мінез-құлық ережелерін сақтау, өз іс-әрекетінің мәні мен жауапкершілігін түсіну, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік әр адамның мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Сонымен қатар, өлкетанудың тәрбиелік міндеттерін ескеру қажет:

– өзінің «кіші Отанына», туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

– төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;

– отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру, отбасылық мұрағаттар, аталар мен әжелердің басқа да туыстардың әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету;

– отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиет оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

– өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру жұмыстарына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру;

– жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге ата-аналармен бірге оқушыларды да қатыстыру.

Дамытушылық міндеттері:

– туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;

– тақырыптық акцияларға және жобаларға, мәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;

– болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;

– күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;

– туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту .

Пәндердің мазмұнындағы өлкетанулық компонентті сипаттайтын ерекшеліктер:

– тарихи және ұлттық-мәдени өлкетану (ата-бабалар тарихы, шығу тегі, тарихи ескерткіштер, ежелгі қоныс-мекендер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге, өмір сүру салтының ерекшеліктері және құндылықтары);

– табиғи-географиялық өлкетану (жергілікті жердің климаты, жер бедері, топырағы, өзен-көлдері, пайдалы қазбалары, экологиясы, экологиялық проблемалары);

– биологиялық өлкетану (өсімдік түрлері, жануарлар әлемі);

– химиялық өлкетану (ауыз суының сапасы, ауаның ластануы, жергілікті жердегі тау-кен өнеркәсіптері т.б.);

– әлеуметтік-географиялық өлкетану (халықтың тығыздығы, елді мекендердің орналасу сипаты, ұлттық қолөнер түрлері, басқа елді мекендерден, аймақтардан алшақтығы, байланыс құралдары);

– әлеуметтік-демографиялық (ұлттық құрамы, жастық-жыныстық құрамы, көші-қон үдерісі, халықтың ұдайы өсуінің сипаты);

– әлеуметтік-экономикалық (халықтың өмір сүру деңгейі, еңбек ресурсы, кәсіби-мамандық құрамы, экономикалық даму келешегі);

– аймақтың экономикалық салалары (ауылшаруашылық, құрылыс, тау-кен, химиялық т.б.), шығаратын өнімдері;

– әкімшілік-саяси (өлкенің шекарасы мен аумағы, инфрақұрылымының түрлері, басқару органдарының қызметі және жұмысты ұйымдастыруы),

– әдеби өлкетану (жергілікті ұлттардың әдеби мұралары және ауыз әдебиеті, жергілікті ақын, жазушылардың шығармалары);

– мәдени өлкетану (жергілікті ұлттардың ұлттық әндері мен билері, жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармалары т.б.);

– саяси (саяси факторлардың өлкенің өміріндегі рөлі, аймақтармен, елдермен қарым-қатынасы).

Өлкетанудың түрлерін математикалық, физикалық, технологиялық деп жалғастыра беруге болады.

Мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін: проблемалық оқыту, жобалау әдістерін, рөлдік ойындар, ақпараттық, ізденушілік, зерттеушілік технологияларды қолдана алады. Сонымен қатар оқушының бойында өзін-өзі бағалай алу қабілетін қалыптастыруға жағдай жасауы үшін мұғалім әрқашан ізденісте болуы керек.

5-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар» тақырыбын оқытуда өлкенің белгілі адамдары туралы мағлұмат беру барысында мұғалімнің және оқушылардың алдында тұрған міндеттер келесідей болуы мүмкін:

\* өлкеге танымал адамның (жазушының, ақынның, суретшінің т.б.) өмір жолының оның шығармашылығына тигізген әсері туралы сұрақты айқындайтын арнайы әдебиеттерді оқу;

\* жерлес ақын-жазушылар, суретшілер туралы нақты материалдар жинақтап, арнайы альбом әзірлеу, музейдің танымал жерлестерге арналған бөлімін толықтыру;

\* халық ауыз әдебиеті және жерлес ақын-жазушылардың әдеби шығармалары арқылы оқушылардың туған өлке туралы білімдерін кеңейту;

\* туған өлкені және әдебиетті олардың тарихи дамуының өзара байланысында көруге көмектесу;

\* өлкетануға қоғамның дамуында ерекше рөл атқаратын жалпы адамзат мәдениеті ретінде қарау [14].

6-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)» тақырыбын оқу барысында қолдануға болатын жер-су атауларының шығу тарихы мен қызықты деректерді ұсынамыз. Жергілікті жердің жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек.

«Отандық тарихтың көзі тірі куәгерлері» (6-сынып) тақырыбы бойынша білім алушылар аймақтың тарихы мен гүлденуіне және «Жомарт жүрек» (7-сынып) тақырыбы бойынша ерлік пен еңбекке деген құлшыныстарына - және олардың кішігірім Отанын қолдау үшін не істеуге болатын оқып білетін болады.

«Туған жердің шежіресі» тақырыбы (7-сынып) білім алушыларға тарихи оқиғалардың хронологиясын құруға, аймақтың дамуының негізгі тарихи кезеңдерін анықтауға көмектеседі және жас ұрпақтың ой-санасына байланысты шежіре білімі арқылы ұрпақтардың байланысын қалпына келтіруге ықпал етеді. Мұның бәрі жастардың бойында өз халқына, олардың аталары мен әкелері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу керек.

Туған өлке тарихын оқып үйрену бойынша зерттеу жұмыстары білім алушыларға жеке қызығушылығын іске асыруға көмектеседі: зерттеу, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өз азаматтық ұстанымдарын анықтау, сондай-ақ туған жерлердің жылнамаларында жаңа беттер ашылады. Осы мақсатта, Қазақстан тарихы бағдарламасының әр тақырып бойынша білім алушы болжам жасай білуге, зерттеу жүргізу үшін сұрақтар құруға, әр түрлі дерек көздерден ақпарат жинауға (интернет, музей және кітапхана мұрағаттарынан және т.б) тарихи оқиғаларды сыни талдауға және ұлттық тарих бойынша олардың әсер тұрғысынан тарихи қайраткерлердің оқиғалар мен іс-шараларды, тарихи фактілерді талдауға дәйекті дәлелдеуге, пікірлер мен қорытындылар тұжырымдауға баулу негізінде зерттеу сұрақтары қосылған.

Мұғалім білім беру процесінде оқушыға азаматтық, патриоттық тәрбие беруге басымдық береді. № 3 кестеде назарларыңызға оқу кабинетіндегі өлкетану сабақтарының үлгісін ұсынып отырмыз.

№ 3 кесте. Дереккөз: Жамбыл облысының білім басқармасы сайтынан алынды.

Күні:	Сыныбы: 7	
Курс атауы: Өлкетану	Пән мұғалімі	
Сабақтың тақырыбы	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	
Оқу мақсаттары	Оқушылар кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілігін білдіру, өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білу	
Сабақ мақсаттары	- Туған ел, туған жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. - Туған жерге қамқорлық жасай білу іскерліктерін дамыту. - Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, әдемілікке тәрбиелеу.	
Жетістік критерийлері	Ақпараттарды іріктейді, ішінара ізденушілік жұмыстарын жүргізеді	
Ілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: туған жер, Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: менің ойымша, жолдастарымның пайымдауынша, бұл пікірмен келісемін/ келіспеймін.	
Пәнаралық байланыс	Тіл, әдебиет, география,	
Алдыңғы оқу		
Жоспарланған Уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 7 минут</p> <p>Қызығушылықты ояту. Ойтүрткі.</p>	<p>Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Сабаққа психологиялық дайындық. Тренинг «Жүректен-жүрекке» Жүректен жүрекке шеңбері. Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығамыз. Таза сәби жүректен, Қабылдаңыз мың алғыс! Бізді жақтап отырған Сіздерге де мың алғыс! 1.«Туған жер», «туған ел» дегенде ойларыңа не түседі? Туған жер – адамзаттың, кең дүниені есігін ашып, өмірге келген, бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен мандай тері тамған киелім екен. Туған ел – «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» – дегендей әркімнің өзінің туған жері, елі, атамекені 2. Туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктің түп тамыры не деп ойлайсындар?</p>	<p>Иллюстрациялық суреттер</p> <p>Екі топқа бөлу I топ – «Атамекен» II топ – «Отан» III топ – «Туған жер» Оқушылар өз ойларын жеткізеді</p>
<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>Кіріспе сөз. Балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Туған жер - туған ел» деп аталады. Бүгін сабақта біз Отынымыз, туған жеріміз жайлы әңгімелесеміз. Туған жеріне әр адам қалай қамқорлық жасауы керек екені жайлы ой қозғаймыз. Табиғаттың әдемілігіне тағы да бір назар аударамыз. Қарақыстақ – Қарақыстақ - сөзінің бірінші буыны қара сөзінің синонимі қарсыз немесе қары көп жатпайтын жылы жер деген мағынаны білдіреді. Қарақыстақ–қысы жеңіл,жылы қоныс деген атауды білдіреді. Табиғатының қыстың күні қолайлы ,төрт жағынан таумен қоршалған, ортасында өзені бар қойнау. Солтүстігіндегі Қырғыз Алатауының күнгейі малға қолайлы жайылым.Биіктігі теңіз деңгейінен 2-3 шақырым биіктікте орналасқан, жақпар тастары күнге қызып қойнау арасының қыста жылы болуына, жаз айларында түс ауа күн сайын жауын жаудырады. Аңғар іші шөбі шүйгін , құтты мал жайылымы. Қасиеттеріне қарап халық Қарақыстақты «қасиетті қоныс» деп атаған. Шырын Мамасерікова - 1945 жылы 1 қаңтарда <u>Жамбыл облысы</u>, Т.Рысқұлов ауданының Қарақыстақ мекені, «Жалпақсаз» ауылында туған. 1963 жылы Жамбыл педучилищесін, 1967 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік пединститутының</p>	

	<a href="#">филология</a> факультетін бітірген. Еңбек жолын Меркі ауданындағы Гранитогор мектеп-интернатында <a href="#">мұғалім</a> болып бастаған. Кейін аудандық халық ағарту бөлімінде <a href="#">методист</a> , Меркі аудандық тарихи өлкетану мұражайының директоры қызметтерін атқарған.	
Сабақтың соңы 10 минут	1. Туған елдің тезегі де ..... 2. Туған елің болмаса, Тумай-ақ қойсын 3. Туған жерге 4. Туған жердей жер болмас, 5. Туған жердің жері де көрікті, 6. Туған жердің күні де ыстық, 7. Туған жердің күні де ыстық, 8. Туған жердің жусаны 9. Туған жер 10. Әркімнің өз жері —	дәрі. күн мен ай. туың тік. Туған елдей ел болмас. елі де сүйікті. күлі де ыстық. түні де ыстық жұпар алтын бесік жұмақ.
Қорытынды	Қымбатты оқушылар! Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзімен тәрбие сабағымызды қортындылаймын.	
Рефлексия 3 минут	«Кері байланыс» -Нені білдім -Не үйрендім Үйге тапсырма: «Менің туған өлкем» тақырыбында эссе жазу	

Сабақта оқушылардың өлкенің экологиялық мәселесіне назарын аудару үшін түрлі жазба жұмысын жүргіземіз. Олардың бірнешеуін ұсынамыз.

#### 1. Табиғаттың «Шағым кітабы».

Білім алушылар «Шағым кітабына» туған өлкесінің аумағында өсетін өсімдіктер мен тіршілік ететін жануарлардан келіп түсетін шағымдарды жазады.

Жобаның бірінші кезеңі – қоршаған ортаның (жануарлар, өсімдіктер) жағдайын бақылау мақсатында экскурсия жасау, қосымша ғылыми әдебиеттерді зерделеу.

Жобаның екінші кезеңі – өсімдіктер мен жануарлар атынан шағымдарды сипаттау әңгімесін жазу. Түскен шағымдарды талқылау және оларға жауап беруден тұрады.

Үшінші кезең – материалдарды безендіру, балалардың шығармашылық жұмыстары мен суреттері орналастырылған кітап жасау.

2. «Орман тыңшылары» ойыны

Балалар орманда болған төтенше оқиғаларды, табиғаттағы кез келген өзгерісті (ағаштардың кесілуі, сүйікті алаңындағы көп гүлдердің жұлынуы, бұлақтың ластануы) зерттеп, тексеру жүргізеді.

3. «Мен өзенді қорғаймын» экологиялық міндеті

Төменгі жағын үнемі су шайып жататын жарды немесе жағалауды қалай бекітуге болатыны туралы ұсыныстарыңызды айтып көріңіз.

4. «Жасыл досқа» хат

Мұғалім білім алушыларды белгілі бір жағдаятпен таныстырады. Балаларға хат жазуды, мысалы, ағашқа хат жазуды ұсынады. Жұмыс шағын шығарма түрінде (ойын элементтерінің болғаны жақсы) жүргізілуі мүмкін: конвертке хат салынып, суреттермен толтырылады, мекенжайы толтырылады.

5. «Экологиялық мамандық» коллажы

Жобаның бірінші кезеңі – экологиялық мамандықтар деп санауға болатын мамандық түрлері (орман шаруашылығының, қорықтардың қызметкерлері, экологиялық қызмет, көгалдандыру қызметкерлері, хайуанаттар бағының қызметкерлері, дәрігер, жүргізуші, ғарышкер, аула тазалаушы, бағбан, зертханашы және т. б.) туралы білу.

Балалар осы мамандықтар туралы материал жинайды. Жобаның екінші кезеңі мамандықты қорғау болып табылады. Бұл кезде білім алушылар осы мамандықтар туралы әңгімелейді, фактілер келтіреді, суреттер, плакаттар, фотосуреттер көрсетеді, сюжеттерді ойнап көрсетеді.

*2.2. Пәндік сабақтарда «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздары арқылы патриоттық тәрбие беру.*

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздары арқылы тәрбие беру жұмыстарын пән мұғалімдерінен басқа кітапханашы, әлеуметтік-педагог, психолог, тәлімгер тағы басқа мамандар жүргізе алады. Жоба жеңімпазының саласына қарай тәрбие жұмыстары әртүрлі бағытта өрбиді. Атап айтқанда:

1. Оқу пәндері бойынша.
2. Қосымша білім беру сабақтарында.
3. Мектеп кітапханасында.
4. Мектеп сайттарында.
5. Сынып сағаттарында.
6. Оқушылар ұйымында.
7. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарында.
8. Ата-аналармен жұмыс барысында.

Өлкетану жұмыстарының ерекшелігі – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жеңімпазын белгілі бір пәндерге кіріктіріп оқытуда. Қазақстан тарихы, география, қазақ әдебиеті, музыка пәндері өлкетанудың ажырамас компоненттері болып табылады. Сонымен қатар, өлкенің табиғаты мен

нысанның ерекшелігіне орай биология, физика, химия, көркем еңбек сияқты пәндерге де кіріктіріп оқытуға болады.

Оқу жылы басында пәндер бойынша «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жеңімпазын кіріктіруге ыңғайлы тақырыптар таңдалады.

№4 кесте Пәндер бойынша таңдалған бөлімдер мен тақырыптар:

Сынып	Пән бойынша тақырыптары	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»
<b>Жаратылыстану</b>		
5	Адам. Жер. Ғалам	Рыспеков Тимур Олегович
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы	
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	Хон Юрий
6	Энергия және қозғалыс	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Экология және тұрақты даму	
	Аймақтың ерекше қорғалатын аумақтары	
<b>География</b>		
7	Зерттеу және зерттеушілер	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	Подольских Александр Мырзагалым Санжар
	Литосфера. Атмосфера. Гидросфера. Биосфера.	
8	Зерттеу және зерттеушілер	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Литосфера. Атмосфера. Гидросфера. Биосфера.	Рыспеков Тимур Олегович
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	Хон Юрий
9	Табиғи ресурстар	Подольских Александр Николаевич
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы	
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	
<b>Өлкетану</b>		
5-7	Қазақстан тарихы	Тосқанбаев Арман
	Музыка	Бекарыс Ақсақалұлы Шойбеков
	Қазақ әдебиеті	
	География	Хон Юрий
<b>Физика</b>		
7	Қысым	Сағымбаев Мағжан Талапұлы
	Жұмыс және қуат	
	Жер және Ғарыш	Ернұр Рысмағамбетов
8	Тұрақты электр тогы	Жилкашинова Альмира Михайловна
	Электр және магнетизм	
	Жарық құбылыстары	Нұрхат Қуандықұлы Жәкиев
9	Кинематика негіздері	Сергей Николаевич Лукашенко
	Астрономия негіздері	Мырзагалым Санжар
	Динамика негіздері	Серик Нуркенов.

	Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Тимур Рыспеков
	Экологиялық мәдениет	Хон Юрий
<b>Биология</b>		
7	Экожүйелер	Алмаз Ибрагимов
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы	Рафикова Хадичахан Сабиржановна
	Микробиология және биотехнология	Мыңжылқы Бердіходжаев
8	Жасушалық биология	Алмаз Ибрагимов
	Молекулалық биология	
	Биосфера, экожүйе, популяция	Хон Юрий
	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Подольских Александр
9	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	Подольских Александр Николаевич
	Молекулалық биология	Болат Сұлтанқұлов
	Көбею	Салтанат Байқошқарова
	Өсу және даму	
<b>Математика</b>		
5	5-сыныптағы математика курсы қайталау	Маулен Бектурганов
6	6-сыныптағы математика курсы қайталау	Олег Пименов
<b>Алгебра</b>		
7	7-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Олег Пименов
8	8-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Татьяна Кучер
9	9-сыныптағы алгебра курсы қайталау	Мәулен Бектұрғанов
<b>Химия</b>		
7	Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Серік Нұркенов
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Махамбаев Ғабит Джандильдинович
	Геологиялық химиялық қосылыстар	
8	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары.	Рафикова Хадичахан Сабиржанқызы
	Генетикалық байланыс	Серик Нуркенов
	Су	Тосқанбаев Арман Айдосович
9	Органикалық химияға кіріспе	
	Көмірсутектер. Отын	
	Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	Мырзағалым Санжар
<b>Информатика</b>		
5	Интернеттегі қауіпсіздік	Қуат Есенов
6	Компьютерлік ойындарды құру	Қуат Есенов
7	Шешімдерді программалау	Арман Ерғалиұлы Сүлейменов
8	Программалар жасаудың кіріктірілген орталары	Ғалым Нұрланов Иван Крепак
9	Ақпаратпен жұмыс	

Көркем еңбек		
5-7	Визуалды өнер	Исламбек Салжанов
	Сәндік-қолданбалы өнер	Әлібек Ибраев
	Дизайн және технология	Мая Жұманбекова
	Жұмысты қорғау.	Айдос Мирамбекұлы Есмағамбетов
Құқық негіздері		
9	Еңбек құқығы түсінігі	Айдос Есмағамбетов
	Еңбекті қорғау	Әмір Қуат
	Еңбек шарты	Исламбек Салжанов
«Қазақстан тарихы»		
5	Ежелгі көшпелілер өмірі	Тұрсынов Алматы
	Өлкетану	
	Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	
6	Өлкетану	Тұрсынов Алматы
	Қазақ халқының қалыптасуы	
	Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	
7	Қазақ-жоңғар соғыстары	Тұрсынов Алматы
	XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	
8	XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Айдарбеков Айдие Уланбекулы
	Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	
	Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	Жудебаев Арман Адилханович
	Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	
9	Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Акулов Владимир Иосифович
	Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Евдаев Рашбиль Ильхананович
	Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Газдиева Белла Асланбековна
	Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Анвара Садықова
Қазақ әдебиеті		
5	Таза, мінсіз асыл сөз	Ержан Жұмабек Қуаныш Жұмабек Бекарыс Ақсақалұлы Шойбеков
6	Туған жерім-аялы алтын бесігім	
7	Толғауы тоқсан қызыл тіл	
8	Дананың сөзі – ақылдың көзі	
9	Атадан қалған асыл сөз	
Қазақ тілі мен әдебиеті		
5	Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	Александр Пупенко Елена Дмитриенко
	Ежелгі көшпелілер мәдениеті	
	Менің Тәуелсіз Қазақстаным	

6	Отан отбасынан басталады	Назгүл Кенжетай Ақжүрек Таңатаров
	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	
	Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы	
7	Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз. Үштілді білу – үлкен өнер	Иван Крепак Сымбат Әбдірахманова
	Музыка. Қазақтың киелі домбырасы	Әлібек Әлмәдиев
	Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары	Арман Жолдыбалинов
8	Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы	Әмір Қуат
	Қазақтың айтыс өнері мен сөз мәдениеті	Бекарыс Ақсақалұлы Шойбеков
9	Қазақ жазуының даму жолы	Евгений Чуриков
	Биотехнология жаңалықтары	Мырзағалым Санжар
	Болашақ энергия көздері.	
Дене шынықтыру		
5	Өзгертілген командалық ойын	Никита Амоскин Тамила Муридова
	Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту	
	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	
6	Командалық спорттық ойындар	Әсел Дәлиева Есматов Серик
	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	
7	Жеңіл атлетика арқылы белсенді өмір салты	Ержан Сәлімгереев
8	Ойын арқылы мәселелерді шешу дағдылары	Бейсенов Алмас Серикович
9	Команда құру ойындары	Кузин Денис Валерьевич
	Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулық және фитнес	
Өзін-өзі тану		
5-9	Таным қуанышы	Ердос Төлегенов
	Адам болам десеңіз...	Мақпал Тәжмағамбетова
	Адам және әлем	Дементьева Наталья
	Адамзаттың рухани тәжірибесі	Бахтияр Базарбеков
Музыка		
5	Музыка тыңдау және талдау	Жүдебаев Арман Әділханұлы
	Музыкалық сауаттылық	
	Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	
6	Классикалық музыканың үздік туындылары	Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы
	Орган музыкасы	
	Музыка шығару және импровизация	Калыкова Саида Тұрарбекқызы
	Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	

Мұғалім оқыту процесінде сабақтың тақырыбына, мақсатына және жеке педагогикалық шеберлігіне қарай сабақ түрін таңдай алады. «Қазақстанның 100

жана есімі» қаһарманы арқылы тәрбие беру сабақтары онлайн, виртуальды саяхат, кездесу сабақ түрінде болуы мүмкін.

Кіріктірілген сабақтарда пән мұғалімі жеке педагогикалық шеберліктеріне қарай түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Оның ішінде мына әдістер тиімділігі зор деп есептейміз:

презентациялар;  
зерттеу сабағы;  
пікірталастар;  
блиц-сұрақтар әдісі;  
іскерлік ойындар;  
рөлдік ойындар;  
топпен жұмыс т.б.

Ендігі кезекте кестеде көрсетілген сабақ тақырыптары бойынша үлгі сабақ түрін көрсетеміз.

Мектептегі музыка сабақтарының «Қазақ халқының музыкалық мұрасы», «Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы», «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі» және басқа да тақырыптарында жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты, 100-ден аса музыкалық шығармалардың авторы – Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлының, ерекше талант иесі, музыка академигі, Қазақстан Республикасы мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Жан шуақ» сыйлық ақысының иегері, Астана қаласы Мемлекеттік Академиялық филармониясының солисі – Қалықова Саида Тұрарбековнаның, Ш.Қажығалиев атындағы 1-ші Республикалық дирижерлар конкурсының лауреаты, Астана қаласындағы Академиялық филармония симфониялық оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі – Ерлан Бақтыгерейдің өмірімен және шығармашылығымен таныстыра отырып қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтауды, олардың жұмыстарының негізінде өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу мақсаттарын жүзеге асыруға болады [1].

Музыка пәні бойынша кездесу сабақтары.

*Пән: музыка. Сынып: 5*

Бөлім «Классикалық музыканың үздік туындылары»

Тақырып: Симфониялық музыка

Оқу мақсаты: Тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау *Бағалау критерийі* Білім алушы

• Музыкалық шығармадағы аспаптың, өнердің түрлерін, стилін, жанрын және үндестік ерекшеліктерін анықтайды

Сабақтың түрі: Шеберлік сабағы

Кездесу қонағы: Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен білімі мен қоғамға сіңірген еңбегі және ерекше қасиеттерімен дараланған азаматтар таңдалған. Соның бірі – жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы.

Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану

Кездесу қонағы туралы слайд-шоу көрсетіледі. Сөз беріледі.

- Музыка әлемінің кереметі. Өнер туралы не білеміз?
- Оркестрмен орындалатын танымал классикалық шығармалар.
- Оркестр мен эстраданың қоғамға тигізер әсері қандай?

Осы сұрақтар төңірегінде маманның пікірі тыңдалынады, ол күйсандықта ойнап музыкалық шеберлігімен бөліседі. Вена классиктерінің музыкалық шығармаларындағы жанрды, стилді түсіндіріп, ерекшеліктерін көрсетеді.

Тапсырма: Берілген шығарма бойынша жанрды, стилді түсіндір.

*Дескриптор* Білім алушы:

- Вена классиктерін анықтайды;
- шығармалардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;
- музыкалық жанрын, стилін анықтайды.

Сабақ қорытынды бөлімі сұрақ-жауап түрінде өтеді.

Оқушылар музыкантпен естелік суретке түседі.

2-жоба. Пән: музыка. Сынып: 6

Бөлім «Классикалық музыканың үздік туындылары».

Тақырып: Симфониялық музыка

Сабақтың түрі: Шеберлік сабағы

Оқу мақсаты:

Оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату, оларды топтар бойынша жіктеу

*Бағалау критерийі.* Білім алушы оркестр түрлерін анықтап, музыкалық аспаптардың дыбысталуына қарай ажыратады, жіктейді

Кездесу қонағы: Шамқон Қажығалиев атындағы 1-ші Республикалық дирижёрлар конкурсының лауреаты – Ерлан Бақтыгерей.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен білімі мен қоғамға сіңірген еңбегі және ерекше қасиеттерімен дараланған азаматтар таңдалған. Соның бірі – Ерлан Бақтыгерей.

Ерлан Бақтыгерейдің үздіктердің қатарына ілінуі бекер емес. Себебі, сахна киелі жер. Мұнда таланты таудай, еңбегі ерен адамдардың ғана өнері өрге

жүзіп, биік шыңдардан көрінеді. Гастрольде әлемдік жұлдыздармен бірге өнер көрсетіп, талайды таң-тамаша еткізген. Енді кеш қонағына сөз кезегін беремін.

- Ұлттық өнерімізді неліктен ұмытып бара жатырмыз?
  - Оркестр сахнада қалай ойнайды?
  - Оркестр түрлері қандай?
  - Симфониялық оркестрде аспаптар қалай жіктеледі?
  - Оркестрде қандай ұлттық аспаптар ойналады?
  - Ұлттық өнерді көрсету мен ұлттық әнді шырқаудың ерекшелігі не?
  - Концерт вариантында қалай шығу? Қалай отыру керек?
  - Оркестрдегі дирижёрдің қызметі қандай? т.б.
- Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану.

Сұхбат барысында мектептегі жас домбырашылар үйірмесіне дирижерлік шеберлік көрсетеді. Оқушылар орындаған шығармаларға баға беріп, жіберген бірқатар кемшіліктерін көрсетеді. Жеке шеберлігін көрсетеді.

Тапсырма:

1. Симфониялық оркестр орындауындағы аспаптарды жіктелуіне қарай топтастырып, постер қорғаңыз.

2. Бос орынға оркестр түрлерін жазыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

— симфониялық оркестр аспаптарын жіктейді;

— топтастырып, постер түрінде қорғайды;

— оркестр түрлерін анықтайды.

Қорытынды бөлімінде:

Оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, естелік суретке түседі [14].

2.3. Мектеп музейі арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

Мұғалім тәрбие немесе сынып сағаттарында отбасылық жәдігерлер көмегімен өлкетану сабақтарын жүргізе алады. Жәдігерлердің тарихын баяндау үшін ата-аналарды да сабаққа құрметті қонақ ретінде шақыруға болады. Осылайша өлкенің халықтарына, тарихи тұлғаларына, тұрмыс тіршілігіне, әлеуметтік-мәдени өміріне шолу жасай алады.

Мектептегі өлкетану музейінде мынадай тақырыптарды өткіземіз:

«Туған жердің аңыздары мен әңгімелері»;

«Аймақтың тарихи тұлғалары»;

«Біздің айналамыздағы тарих ескерткіштері»;

«Көрменің өзі сөйледі».

Музейдегі сабақ оқушыларға туған жер тарихын біліп, түсінуге көмектеседі.

Мектеп музейлерінің тағы бір түрі мемориалдық музей деп аталады. Мемориалдық музейлер деп – белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған музейлерді айтамыз. Көрнекті әдеби, саяси, тарихи және т.б тұлғалар

атында музейлер әрбір аймақта бар. Оқулықта берілген тарихи тұлғалар туралы тақырыпты өткенде мемориалдық музейге апарудың тиімділігі зор. Себебі музейде кейіпкердің өмірі мен шығармасы хронологиялық кесте түрінде жүйелі беріледі. Шығармасы бойынша экспонаттардан «музей қоржыны» әзірленеді. Бұл тақырыпты терең түсінуге, терең білім алуға ықпалы зор болады.

Әдістемелік жағынан алғанда музейде қорытынды, пысықтау, қайталау, шолу сабақ түрлерін өткізген тиімді. Төменде Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық музейіне әзірленген «Ы. Алтынсарин балалар әдебиетінің негізін салушы» тақырыбында сабақ үлгісін ұсынып отырмыз. Музейде Ұлы ағартушының өмірі мен қызметі 4 экспозицияға бөліп берілген.

#### I Өмірнама

1. Өмірнама жазбалары.
2. Өрен-жарандары.
3. Балалық шағы.

#### II Ағартушылық және педагогикалық қызметі

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы.
2. Ы.Алтынсарин – қазақ мектептерінің негізін салушы.
3. Ы.Алтынсарин – оқулықтардың, оқу құралдарының авторы.
4. Ы.Алтынсарин шәкірттері мен ізбасарлары.

#### III Ы. Алтынсаринді мәңгілік есте қалдыру

1. Ы. Алтынсарин атымен аталатын оқу орындары (жоғары оқу орындары, колледждер, мектептер)
2. Ы. Алтынсаринге арналған музейлер мен мүйістер.

#### IV Әдебиеттер

1. Өмірі мен еңбегі туралы әдебиеттер.
2. Газет, журнал, мақалалар.
3. Диссертациялар.

Ұлы ағартушы туралы бірнеше сабақты мектепте түсіндірген соң, мұғалімнің қорытынды, нәтиже, қайталау сабақты музейде өткізгені тиімді. Оқушылар мұғалімнің көмегімен музей экспозицияларымен таныса отырып, алдыңғы сабақта меңгерген білімдерін бекітеді, пысықтайды, қорытындылайды.

Мәселен, мұғалім сабақ барысында Ы. Алтынсарин өлеңдерін пайдалану арқылы оқу-білімнің тек ізденіспен табылатынын дәлелдейді. Ол үшін ыждаһат, сабырлылық қажет екенін ескертеді. Сондай сарыла ізденудің арқасында қол жеткізген оқудың озбас, тозбас өнерге айналатынын айтады. Ал бұған қарсы тұратын надандықты ақын:

Ақ-қараны танымас

Жөн білмеген наданға

Қыдыр ата дарымас –деп бейнелейді. Осы жерде кідіріс жасап Қыдыр ата туралы айтып өтуге болады. Содан ары балаға ата-ананың арманын жеткізіп:

Ата-енен қартайса,

Тіреу болар бұл оқу - деп, перзенттік борышын ұқтыра сөйлейді.

Ы. Алтынсарин жастарға тек парасатты тәлім-тәрбие ғана емес еңбек, білім, өнерді игеруге, оны игерген халық туралы:

Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды - деп сол замандағы технологиялық төңкеріс жетістігін тізбектей келе оның бәрі де оқу-білімнің арқасында болатынын түсіндіреді. Оның табиғат лирикалары оқушыларға туған өлкесінің табиғатын аялауға, Отанына деген сүйіспеншілігінің артуына әсер етпей қоймайды. Мысалы:

Таулардан өзен ағар сарқыраған.

Айнадай сәуле беріп жарқыраған

Жел соқса, ыстық түссе бір қалыпта

Аралап таумен тасты арқыраған.

Осындай өлеңдерге талдау жасау арқылы атаулы экспонаттардың мәнін ашып көрсетіп, мәдени-білім бере аламыз.

Мұғалім сабаққа дайындық барысында оқушылармен бірге автор шығармаларынан көріністер әзірлейді. Мәнерлеп жатқа оқуға машықтанады. Оқушылар сабақ үстінде сұрақ-жауап, баяндау, хронологиялық кесте, семантикалық карта, венн диаграммасы тағы басқа тиімді әдіс-тәсілдермен білімін бекітеді. «Таза бұлақ», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Әдеп», «Бақша ағаштары», «Шеше мен бала» әңгімелерінің желісі бойынша шағын көріністер сахналайды.

Үй тапсырмасына тұлға туралы эссе жазып келуді тапсыру оқушының өз әсерімен бөлісіп, еркін шығармашылық қабілетін аша түсуге көмектеседі.

Музейдегі сабақтан соң мұғалімдер мектеп журналына өз пәні бойынша тиісті тақырыпты жазады. Параллель сыныптарда ұқсас тақырыптар болмаса, 5 пен 6, 6 мен 7-сыныптардың ұқсас тақырыптарын кіріктіріп алуға болады.

*Сыныптан тыс қызмет арқылы патриоттық тәрбие беру*

Мектеп қабырғасында дәстүрлі мерекелер мен мейрамдардың патриоттық тәрбие беруде зор роль атқарады. Білім алушылардың белсене қатысуымен сыныпаралық жарыстар өткізіледі. Бұл жарыстар «Көпұлтты Қазақстан», «Конституция күні», «Нұр - Сұлтан - біздің Отанымыздың жүрегі», «Даңқың биік болсын, жеңімпаз әскер!», «Бұл күндердің даңқы өшпес!» т.б. тақырыптармен фестиваль, КТК, көркем оқу, әскери ойын, спорттық ойын, көркемөнерпаздар байқауы түрінде өткізіледі. Оқу жылында аталып өтетін мерекелер мыналар;

1 мамыр Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күні

7 мамыр Отан қорғаушылар күні

9 мамыр Жеңіс күні  
 22 наурыз Наурыз мейрамы  
 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні т.б.

Бұл мерекелік шараларға барлық оқушылар белсене қатысып, оның тарихын мағынасын, саяси салмағын сезінуі тиіс. Қазақтың қатпарлы тарихында ұрпаққа өнеге болған ерлік істерін мақтан тұтып, достық, батырлық, азаттық сияқты ұлттық құндылықтарды қастерлеп, сақтауды үйретеміз.

Мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары дәстүрлі емес сабақ түрлеріне жатады.

Мәдени мекеме деп – қызметінің бағыты мен мақсатына сәйкес құрылған ұйымдық құрылымды айтамыз. Музейлер, музей-қорықтар, табиғи музей-қорықтар, театрлар, кітапханалар, мәдени-тарихи орталықтар, мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да мәдениет ұйымдары /сәулет өнері/ мәдениет ұйымдарына жатады.

«Жанды сабақтар» – мәдениет ұйымдары мен білім беру ұйымдары арасындағы жаңа серіктестік және ынтымақтастық. «Жанды сабақтар» жалпы білім беру проблемасын шешуге мәдениет ұйымдары мен білім беру ұйымдарының арасындағы тең құқылы серіктестік байланыс қалыптастыруда маңызды орын алады.

Алдымен оқу жылының басында жоспарлы механизмдер құрамыз. Жоспарлау механизмдері дегеніміз – бұл жоспарлы шешімдер қабылданатын және олардың жүзеге асырылуы қамтамасыз етілетін құралдардың, әдістердің, амалдардың жиынтығы.

Мәдени нысанның ерекшелігіне, мақсатына, мазмұнына қарай бірнеше пәндер ортақ тақырыпта біріктіріледі. Бұл пәндер: *тіл мен әдебиет, тарих, география, музыка, биология, химия, көркем еңбек т.б.* Өлкетану сабақтарында кіріктірілген сабақ әдістері кеңінен қолданылады.

5-кесте – Музейдегі сабақтар өткізуге болатын пәндер мен тақырыптар.

Сынып	Пән және сабақ тақырыбы	Музей
	География	
7	Туған өлкенің флорасы мен фаунасы	өлкетану жаратылыстану-ғылыми
7	Туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу	ботаникалық зоологиялық геологиялық минералдар палентологиялық антропологиялық экологиялық музей-қорық
	Қазақстан тарихы	
5	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	антропологиялық
5	Жәдігерлер сыр шертеді	тарихи

5	Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер	жаратылыстану-ғылыми
5	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар	археологиялық этнографиялық
6	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)	әскери-тарихи көркем
6	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	музейі бейнелеу өнері (ұлттық және шетелдік)
6	Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	өнер және қолөнер
6	Туған өлке тарихының тірі куәгерлері	музейлеры
7	Туристік маршруттар	ұлттық өнер
7	Жомарт жүрек	музейі
7	Туған өлкенің жылнамасы	Саяси тарих және дін
7	Менің мектебімнің тарихы	тарихы музейі
	Қазақ тілі және әдебиеті	
6	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	тарихи
6	Өлкені сипаттау өнері	этнографиялық
7	Туған өлке публицистика беттерінде	әскери-тарихи музей
7	«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы	Саяси тарих және дін тарихы музейі өлкетанулық мемориалды музейлер
	Музыка	
6	Туған өлке симфониясы	Өлкетанулық
6	Туған жердің таланттары	Музыкалық аспаптар музейі

Музейдегі «жанды» сабақта бірнеше сыныппен кіріктіре оқытудың үлкен қиындығы бар. Экспозициялар мен көрме алаңдарында, «музей қоржындарында» сабақ барысында білім алушыларды бастап алып жүру қиын. Залдың тарлығынан кептеліс туындап, жәдігерді көруге талпынған оқушылар кимелеп, экспонатқа зақым келтірмеудің алдын алу мәселесі өздігінен пайда болады. Осының салдарынан сабақ мақсатына жетпей қалуы да мүмкін. Сондықтан музей-үйде, комплексті музейлерде сыныпты бірнеше топқа (10-12 оқушыға) бөлу арқылы келеңсіздіктің алдын аламыз. Сабақ жоспарында тапсырмалар екі бағытта жасалады.

Бірінші топ музейдің дәріс залында тақырып бойынша мұғалімнің лекция тындап, сұрақ-жауап алмасады.

1. тұлға туралы деректі фильмдер көріп,
2. мұғалімнің әңгімесін тыңдайды.
3. тақырып бойынша жұмыс парағын алады.

Екінші топ тақырып бойынша музей қызметкерлері дайындаған «қоржындарды» тамашалап жұмыс парақтарында берілген төмендегідей тапсырмаларды орындайды [5].

Семантикалық карта  
Венн диаграммасы

Хронологиялық кесте  
Инсерт таблицасы  
Контурлық карта т.б.

Топтар орын ауыстыру арқылы музейдегі уақытты ұтымды пайдалана алады.

#### 2.4. Ойын сабақтар арқылы патриоттық тәрбие беру.

Өлкетану сабақтарын квест-ойын түрінде өткізуге болады. Ойынды мәдени мекемелері көп ірі қалаларда өткізген қызықты, әрі күрделі болмақ. Іздеу сипатындағы мұндай танымдық ойын өлкені тануға зор мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім мәдени нысандарды іздеуге, олардың ерекшеліктерін байқауға негізделген тапсырмалар картасын жасайды. Тапсырмалар конвертке салынып құпия сақталады. Жарысқа түсуші сыныптар конвертте сақталған тапсырмаларды орындайды. Тапсырмада мәдени мекеменің ерекшелігін көрсететін суретімен бірге, ол туралы қызықты мәлімет конвертке салынып беріледі. Мысалы, Нұр–Сұлтан-1 теміржол вокзалының ескі ғимаратының фотосуреті. Қосымша мәлімет «Бұл жерден 1941 жылы 310-дивизия Ұлы Отан соғысына аттанған». Білім алушылар осы мәліметтер бойынша нысанды табу керек. Тұтастай алғанда, ойын оқушыны нысанды толық таныстыруды және оған бере алатын ақпараттың ең көп мөлшерін қамтиды. Мұғалім сұрақтарды тақырыптық қарым-қатынастармен салыстыруға мүмкіндік береді. Олар тым қарапайым болмауы керек. Іздестіруге жұмсалған уақыт шамамен қырық минуттан аспауы керек. Ойын уақыты – шамамен бір күн. Бұл ойында сынып оқушылары мынадай сұрақтарға жауап алады.

Туған өлке деп – саяхаттар мен экскурсиялар кезінде тікелей байқау және зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өлкетану әдебиеттері мен картографиялық материалдар арқылы танысатын өзінің әкімшілік облысының территориясын айтады.

Сіздердің назарларыңызға Нұр – Сұлтан қаласындағы тарих және мәдениет ескерткіштері туралы мәлімет беріп отырмыз (6-кесте).

6-кесте – Нұр – Сұлтан қаласындағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі.

Р/с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
Республикалық маңызы бар			
1	Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының қойылымдық цехының ғимараты (бұрынғы мұсылман мектебі) XIX ғ.	қала құрылысы және сәулет	Отырар к-сі, 31
2	Конгресс-холл (бұрынғы Тың игерушілер сарайы) 1963 ж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 1

Жергілікті маңызы бар			
1	Көпес И.С. Силиннің үйі (Қызыл гвардияның 2-ротасы, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медицина орталығы, Қазақстан Республикасының Нұр – Сұлтан қаласын көшіру жөніндегі комиссия штабы, Беларусь Республикасының Елшілігі) ХІХ-ХХ ғ.басы, 1918 ж., 1997-98 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 35
2	Ерекше міндет бөлім отрядтары құрылған үй (Қазақстан Компартиясының облыстық комитеті, 1-ші қалалық аурухана, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қалалық сот және Соттар әкімшілігі) 1914 ж., 1921 ж.	қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, 57
3	Теміржолшылар сарайы (К. Бәйсейітова атындағы опера және балет театрының ғимараты) 1954 ж.	қала құрылысы және сәулет	Ақжайық к-сі, 10
4	1954 жылы алғашқы тың игерушілер келген вокзал және вокзал алаңы 05.03.1954 ж.	қала құрылысы және сәулет	310-дивизия атындағы вокзал маңындағы алаң
5	Константин және Елена шіркеуі 1854-1900 жж.	қала құрылысы және сәулет	Республика д-лы, 12
6	Қалалық басқарма ғимараты (М. Горький атындағы Орыс драма театрының әкімшілік ғимараты) ХІХ ғ. соңы	қала құрылысы және сәулет	Желтоқсан к-сі, 17
7	Гимназия (қазір М. Горький атындағы Орыс драма театрының ғимараты) ХІХ ғ. соңы	қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, 72
8	Көпес Д.В. Егоровтың үйі (Әскери комиссариат, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ғимараты) ХІХ-ХХ ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 5а
9	Көпес үйі («Зорька» балалар бақшасы, С. Сейфуллин музейі) 1846 ж.	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 20
10	Дәрігер Ф.И. Благовещенскийдің үйі (Орталық облыстық бухгалтерлік мектеп, С. Сейфуллин музейінің әкімшілік ғимараты), ХХ ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 20а
11	Жасыл мешіттің дуалы 1895 ж.	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 83
12	Көпес С.А. Кубриннің ауруханасы (онкодиспансер, «Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы» АҚ) 1880	қала құрылысы және сәулет	Ә. Жангелдин к-сі, 40

	ж.		
13	Көпес В.М. Кубриннің үйі және жапсаржайы (Жұмысшы-шаруалар клубы және кітапхана, уездік атқару комитеті, революциялық «үштік» штабы, алғашқы «Советтер үйі», қалалық, уездік және аудандық милиция, білім басқармасы мекемелері, Пионерлер үйі, облыстық тарихи-өлкетану музейі, Украина Елшілігінің ғимараты) 1910-1912 жж., 1920-21 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 41
14	Көпес М.К. Кубриннің сауда үйі (Орталық қалалық кітапхана, Орталық баспа, уездік экономикалық бөлім, маталар дүкені, азық-түлік және кітап дүкені, «Радуга» дүкені, қазір - «Нұр - Сұлтан» сауда үйі) 1905-1907 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 37
15	П.Г. Моисеевтің үйі (гимназия, уездік кеңес, уездік комитеті, 3-қалалық аурухана) 1914-17 жж. 1918 ж., 1921ж.	қала құрылысы және сәулет	Ә. Бөкейхан к-сі, 40
16	«Октябрь» кинотеатрының ғимараты («Ақ сұңқар» мейрамхана-қонақ үй кешені) ХХғ. басы.	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 29
17	Пионерлер үйі (Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының мемлекеттік резиденциялар дирекциясы) РМК, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Алатау» қонақ үйі АҚ) ХХ ғ. 60 жж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 6
18	«Есіл» қонақ үйінің ғимараты («Гранд парк Есіл» қонақ үйі) 1958-60 жж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 8
19	Нұр - Сұлтан қаласы әкімдігінің ғимараты (Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) 1958 ж., 1999-2005 жж.	қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, 60
20	Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің ғимараты (Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Нұр - Сұлтан қалалық департаменті) ХХ ғ. 50 жж.	қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, 74/1
21	«Жастар» сарайы 1974 ж.	қала құрылысы және сәулет	Республика д-лы, 34
22	Мұсылман жастарына арналған Б. Қосшығұловтың мектебі («Казкоммерцбанк» ғимараты) ХІХ-ХХ ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 24
23	«Астана-Бәйтерек» монументалдық құрылысы, 2002 ж.	қала құрылысы және сәулет	Есіл өзенінің сол жақ жағалауы 1
24	Метеостанция ғимараты 1914-1916 жж.	қала құрылысы және сәулет	Жамбыл к-сі, 11

Дереккөз: Нұр — Сұлтан қаласы мәдениет басқармасынан

Басқа аймақтарда мәдени нысандардың тізімі бойынша ойын сабақ өткізуге болады. Сынып жетекшісі, ұйымдастырушы-педагог, мектептің Ұланбасы ойынға жетекші ретінде қатысады. Тапсырмаларды дайындау барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескерген дұрыс [6].

## *2.6. Мектеп әкімшілігі арқылы патриоттық тәрбие беру*

Мектеп әкімшілігі білім алушыларға патриоттық тәрбие беруді кешенді түрде жүргізуі тиіс. Балалардың отаншылдық сезіміне күнделікті қозғау салатын дәстүр мектеп қабырғасында қалыптасуын қалаймыз. Тарыдай болып кіретін, таудай болып шығатын балалар оқушылық өмірінде отаншылдық сезімінің шуағына мейлінше шомылғаны дұрыс. Осы мақсатта бірнеше шараларды қабылдауды ұсынамыз.

*«Өлке мақтанышы» атты портреттер галериясын орнату.* Мектеп әкімшілігі қолға алатын жұмыстардың бірі «Өлке мақтанышы» атты портреттер галериясын орнату. Мектептің ауласына, дәлізіне немесе оқу кабинеттеріне еңбегімен белгілі жерлестерінің портреттер галериясын орнатудың маңызы зор. Портреттердің астына қысқаша өмірбаяны жазылса нұр үстіне нұр болмақ. Бұл жазбалардан тест тапсырмалары, сауалнамалар, хронологиялық кесте т.б. бақылау түрлері әзірленіп, тоқсан сайын мектепшілік байқау жүргізгені дұрыс. Осындай жұмыстар арқылы оқушылар жерлес патриоттарының жетістігін біліп, ұқсап бағуға тырысады.

### *Мектепте өлкетану музейін ұйымдастыру.*

Егер де елді мекенде музей болмаған жағдайда жергілікті халықтың көмегімен мектепте өлкетану бұрышын ашуға болады. Өлкетану бұрышына жәдігерлер жинау жұмысына ата-аналарды да тартуға болады. Егер отбасы мүшелері отбасылық жәдігерлердің тарихына қызығушылық танытып, қадірлеп сақтай білсе, жас буынның рухани-адамгершілік дамуында отбасылық жәдігерлер мен құндылықтар ұрпақтар сабақтастығын сақтап қалуда зор үлес атқарады.

Отбасылық жәдігер дегеніміз – екі немесе одан да көп ұрпақта қолданыста болған нәрсе. Яғни, кез келген отбасы өмірінің куәгері, жақындары мен туыстарынан қалған естелік. Әр отбасыда ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған жәдігер бар екені де мәлім. Кейбір отбасылар ескі фотосуреттер, зергерлік бұйымдар, көне ыдыстар, кітаптар және т.б. хаттарды жәдігерге жатқызады. Солармен қатар, естелік үшін жазылған күнделіктер немесе мемуарлар, кейде отбасыларға байланысты қызықты оқиғаларда жатады.

Мектеп – ата-ана – білім алушылар бірлестігі арқасында музейде өлкетанулық қоржындар жасауға болады. Бұл мақсатты мектепшілік «Отбасылық жәдігер» жинау акциясын жүргізу арқылы орындай аламыз. Акцияның мақсаты өлкеге қатысты тарихи маңызы бар экспонаттарды ата-аналар мен білім алушылардың мектеп музейіне тапсыруды ұйымдастыру.

Оқушылардың атсалысуымен отбасылық жәдігерлерді жинап, мектеп музейінен «Менің туған ауылымның тарихы» атты бұрыш ашу үшін кезең-кезеңмен кешенді жұмыс атқаруды қажет етеді.

1. Тақырып бойынша мектепшілік сауалнама жүргізу;

- Еске түсіріңіз, сіздің отбасыңызда қасиетті зат бар шығар?
- Отбасыларында қандай құндылықтар, естеліктер бар?
- Ол отбасыда неліктен құнды жәдігер саналады?
- Отбасылық жәдігерді мектеп музейіне тапсыруға дайынсың ба?

2. Тапсырмалар беру.

- Отбасылық жәдігер туралы мәліметтер дайындап әкелу.
- «Отбасылық жәдігерлер альбомын» жасау.
- Жәдігерге этикет және аннотация жасау.

3. Жинақталған жәдігерлерді, деректерді жүйелеу өлкетану бұрышын жасау.

– Барлық табылған заттар туралы мәліметтерді жинақтап, отбасылық жәдігерлер альбомын құрастыру.

Жиналған экспонаттарды музейдегі өлкетану сабақтарында сабақта қолданамыз. Осы экспонатты тапсырған оқушының ата-анасына немесе оқушының өзіне тарихын әңгімелеп айтып беруді ұсына аламыз.

*Мектеп сайтынан «Туған жер» айдарын ашу.*

АКТ мен интернет желісін сауатты меңгерген оқушылар үшін «Туған жер» айдары қызықты әрі маңызды роль атқарады. Білім алушылар туристік маршруттар, жаяу, сумен, шаңғымен өлкеге саяхаттау жұмыстарынан алған әсерін бұқарамен бөлісе алады. Білім алушылар тарихи ескерткіштер мен табиғатқа, экологиялық шаралар туралы үш тілде бейнебаяндар, презентациялар немесе челленджерді мектептің сайтына салып сезімін бөлісе алады. Бұл білім алушылар арасында туған жер тақырыбында пікірталастыруға, зияткерлік дүниетаным білдіруге жағдай жасайды. Білім алушылар «Туған жер» айдарына эсселер, өлеңдер, анимациялық туындылар сала алады.

*Мектеп қоңырауын патриоттық шығармаларға ауыстыру.*

Мектептің қоңырауы – оның бойтұмары десек те болады. Алғашқы қоңырау немесе соңғы қоңырау сыңғыры символикаға айналды. Бүгінгі заманауи технологияның көмегімен мектептегі мағынасыз қоңырау шылдырын патриоттық әндерге, әсем күйлерге ауыстырдық. Білім алушыларға «Атамекен», «Елім менің» тіпті кеңестік кезеңдегі патриоттық әндердің мәтінін өзгертіп тыңдатудың тәрбиелік мәні зор. Үлгі ретінде кеңестік ән нұсқасымен марш мәтінін назарға ұсынып отырмыз.

Бейбітшілік қолы берік қолда	Жастар маршы
Жер шарын мекендеген бүкіл халық Біздің ел дәстүрінен қуат алып Советтер Одағы боп сүйенері Достығын Отанымның отыр танып Барлық халық, бақыт үшін Тартқан алға, алға! Біздің ту - Совет туы, берік қолда Партия қайда болса Партия қайда болса - жеңіс сонда!	Береке, бірлігіңмен даңқын асқан Қуатты Қазақстан – байтақ Отан Ғарыштан қол бұлғайды болашақта Жасампаз жасұланы самғап ұшқан. Барлық жастар, Отан үшін, Тартқан алға, алға. Біздің ту, достық туы, берік қолда. Ерлік қайда болса, Елдік қайда болса - жастар сонда!

Білім алушылар үлкен қоңырауда 3-4 минут сапқа тұрып осындай әндерді

хормен орындау немесе «қара жорға» биін билеуді дәстүрге айналдырса мектептің патриоттық деңгейі жоғары болады деп сенеміз.

*Мектеп қабырғасына электронды кітапхана орнату.*

Мектеп қабырғасына электронды кітапхана орнатудың пайдасы зор. Мектеп әкімшілігі жасөспірімдерді елжандылыққа тәрбиелейтін көркем әдебиеттерді іріктеп электронды кітапхана әзірлегені дұрыс. Бұл кітапхананы оқушыларға ыңғайлы мектептің дәлізіне орнатуды ұсынамыз. Оқушылар өздеріне қажетті әдебиетті жүктеп алып оқитын болады. Электронды кітапхана уақытты үнемдейді, әрі барша оқырманға қол жетімді болады.

*Ұлттық мазмұнда спорттық алаңқай орнату. Күбі, келсап, диірмен т.б.*

Оқушылардың бос уақытын, қоңырауын тиімді өткізуге арналған спорттық алаңқайларға ұлттық сипат бере аламыз. Бұл үшін жаттығу снарядтарын күбі, диірмен, келсап түрінде жасауды ұсынамыз. Оқушылар күбі, келсап, диірмен механизмдері бойынша жасалған снарядтарда салауатты өмір салтын қалыптастырып қана қоймай, ұлттық дастархан мәзірінің қаншалықты күшпен жасалатынын айтпасақ та түсінеді. Оқушыларды қызықтыру, ынталандыру мақсатында мектептегі «Денсаулық күні» мерекесінде диірменді айналдыру, күбіні пісу, келсапты түю сияқты спорт түрінен жарыстар өткізуді ұсынамыз.

*Оқу жылында белсенділік көрсеткен оқушыларды марапаттау.*

Оқу жылының соңында «Туған жер» бағытындағы іс-шараларға белсенді қатысқан оқушыларды, ата-аналарды, мұғалімдерді мақтау қағазы, алғыс хат, естелік сыйлықтармен марапаттауды ұсынамыз. Бұл шара өлкетану жұмыстарының бұқаралық сипат алуына зор ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

*2.7. Қосымша білім беру арқылы патриоттық тәрбие беру*

Білім алушыларды әр түрлі мәдени мекемелерге, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер, қорғауға алынған табиғат ескерткіштеріне апарып өлкетанулық жұмыстар жүргіземіз. Бұл жұмыстар экскурсия, экспедиция, маршрут, туристік саяхат, жаяу саяхат, жорық сабақ түрінде өтеді. Яғни, қосымша білім беру ұйымдары арқылы жүзеге асады. Оқушылар ұйымы, клубтар, үйірмелер, станциялар, секциялар қосымша білім беру ұйымдарына жатады. Мұғалім алдымен «Туған өлке» ұғымына қандай аумақты кіргізу керектігін алдын-ала шешіп алған жөн. Кейбір жағдайларда өлке деп үздіксіз және нақты бақылау жүргізетін мектептің маңайын айтады. Ал кейбір жағдайларда бұл ұғымды ауданның немесе облыстың әкімшілік аумағына дейін кеңейтеді. Көпшілік жағдайда мектеп орналасқан маңайда зерттеу немесе бақылау жүргізу үшін облыс көлеміндегі мағлұматтарды білу қажет болып шығады. Сол себепті мектептегі өлкетану жұмысы бұл екі көзқарасты да қамтуы тиіс. Мектепті қоршаған ең жақын орта бақылаулар жүргізу және білім беру процесінде қолдану үшін қолайлы, сондықтан өлкетану жұмысын мектеп орналасқан жерді терең оқудан бастаған дұрыс. Ал мектептен қашықтағы аудан немесе облыс аумағымен танысу, туған өлкемен танысудың бірізді жалғасы болуы керек. Өлкетанулық жұмыстар бірнеше бағытта болады:

- туристік-өлкетанулық;

- экологиялық-биологиялық;
- көркем–эстетикалық;
- пәндер бойынша.
- әскери-патриоттық;

Академия ұжымы алдыңғы жылдары әзірлеген ұсынымдарда туристік-өлкетанулық, экологиялық-биологиялық, көркем–эстетикалық және пәндер бойынша өлкетанулық жұмыстарды жүргізу механизмдерін көрсеткен.

Туристік-өлкетанулық бағыт негізгі бағытқа жатады. Өлкенің тарихы және табиғатымен таныстыру мақсатында туристік саяхатқа шығуды ұсынамыз.

Өлкетану курсының мазмұнды бөлімдерін меңгеру үшін өлкенің бай әлеуетін пайдалану қажет. Олар бір-бірін толықтырып отыратын жұмыс түрлері (тарихи, географиялық, мәдени, техникалық сипатта) болуы мүмкін, мысалы:

- 1) арнайы тақырыптағы туристік саяхат;
- 2) мұғалім дайындаған тапсырмаларды оқушылар өз күштерімен орындауы арқылы, мұғалімнің басқаруымен өткізілетін – экскурсия;
- 3) жергілікті жердің аумағын таныстыру саяхаты;
- 4) зерттеу жұмыстарын жүргізу экспедициясы (мұғалімнің басқаруымен немесе жоғары оқу орындарының ғылыми экспедициясының құрамында). Жұмыстың бұл түрлері жергілікті материалдарды меңгеру үшін ұсынылады.

Өлкетану мақсатында өткізілетін экскурсиялар барысында негізінен топографиялық карталар қолданылады, олардың географиялық картадан айырмашылығы – масштабында. Оларға: 1:25 000 – 1:100 000 масштабына дейінгі карталар жатады.

Топографиялық картада жергілікті жер шартты белгілермен белгіленеді. Топографиялық картаның шартты белгілері – бұл графикалық, әріптік және сандық белгілеудің жүйесі. Олардың көмегімен картада жергілікті жер нысандарының орналасқан орны көрсетіледі және олардың сапалық, сандық сипаттамалары беріледі. Ауданның немесе облыстың картасын (ауылдық жердің планын) қолдана отырып келесі жұмыс түрлерін өткізуге болады:

– картадан өз елді мекенін (жуықтап болсын), ал егер план болса өз көшесін, мектебін табу;

– картадан және планнан қажетті нүктелерді табу: біздің елді мекеннен оңтүстік-шығысқа қарай 18 км жердегі елді мекенді көрсет, елді мекенді ата. Бұл елді мекен несімен әйгілі?

– (атауы) ауылында біздің танымал жерлесіміз дүниеге келген және өмір сүрген. Бұл ауыл бізден қай бағытта және қандай қашықтықта орналасқан?

Жергілікті жерде бағдарлау дегеніміз – көкжиек тұстарын және қоршаған жергілікті заттар мен жер бедерімен салыстырғанда, өзі тұрған жерді анықтау, қажетті қозғалу бағытын таңдау және сол жолмен адаспай жүру. Жергілікті жерге шолу жасағанда көзге анық көрінетін жергілікті жердегі кез-келген зат бағдар ретінде қызмет етуі мүмкін. Мысалы: елді мекен, көпір, тау жотасы, өзен тағы басқа нысандар. Жергілікті жерді топографиялық картамен және картасыз бағдарлауға болады. Картасыз бағдар жүргізген кезде көкжиек тұстарын анықтап алу керек. Көкжиек тұстарын компас бойынша, аспан денелері және

жергілікті жердегі заттардың кейбір белгілері арқылы анықтауға болады. Көкжиек тұстарына қарап бағытты анықтау үшін солтүстік бағытын білу жеткілікті, егер ол анықталса, онда оң жақта шығыс, сол жақта батыс, ал солтүстік бағытқа қарсы жақта оңтүстік болады.

Түнгі уақытта көкжиек тұстарын Темірқазық жұлдызы арқылы анықтауға болады. Ол әрдайым солтүстікте болады, ал оны Жетіқарақшы жұлдыздар шоғыры арқылы тауып алуға болады. Жетіқарақшының екі шеткі жұлдыздарының (альфа және бета) арасындағы кесіндіні ойша бес рет қосамыз. Анықталған нүкте Ақбозат-Көкбозат жұлдыздар шоғырына жататын Темірқазықты көрсетеді.

Оқушылар демалысының қызықты түрінің бірі – жаяу саяхат, ол мектеп оқушысын халықтың ұлттық мәдени өмірімен, туған өлкенің табиғатының байлықтарымен, тарихи және табиғи ескерткіштермен таныстырады. Саяхаттың бұл түрі туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді, төзімділікке, ұжым құрамында өзін ұстай білуге үйретеді. Сондықтан саяхаттардың білім беру-тәрбиелік мәні зор. Өлке аумағына жаяу саяхат жасау уақыты мен қашықтығына қарай бір күндік немесе бірнеше күндік болады. Бір күндік саяхаттар негізінен жексенбі күндері, нақты бір тақырыпта өткізіледі. Таңдап алынған тақырыпқа байланысты бұл саяхаттар оқушылардың географиялық немесе тарихи, әдеби білімдерін тереңдетуге көмектеседі. Бірнеше күндік саяхаттар негізінен каникул уақытында ұйымдастырылады. Оған өте жақсы дайындалу қажет. Бұндай саяхаттың танымдық, қоғамдық пайдалы, денсаулықты жақсарту сияқты мақсаттары болуы мүмкін.

Қоғамдық пайдалы – өлкетану материалдарын жинау немесе басқа ұйымдардың тапсырмаларын орындау. Денсаулықты жақсартудың мақсаты каникул кезінде оқушылар демалып, жаңа күшпен оқуға кірісуді көздейді.

Бірнеше күндік саяхат барысында жүргізілетін жазба жұмысы келесі 7-кестеде көрсетілген. 7-кесте – Маршрут бойынша жүрудің кестесі.

Күні	Маршруттың бағыты, бір күнде өткен жолдың бөлігі, жолдағы нысандар	Өлкетану және қоғамдық пайдалы жұмыстар (жүргізілген зерттеулер, материал жинау)	Топтың жүрген жолы туралы мектепті хабардар ету	Түнеу орны

Туристік маршрутты құруға жорықтың мақсаты (сауықтыру демалысы, танымдық) негіз болады. Ірі және орта масштабты топографиялық карталардан оның ұзындығы мен ұзақтығын, қонатын, тынығатын орындарды анықтайды. Дайын маршрут артық күшті, қаржыны жұмсамай, мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейіне саяхат сабағына экскурсиялық маршруттың желісі. 8-кестеде туристік маршрут желісі.

Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1-күн		
Мектепте жиналу, тіркелу	08.00 - 09.00	
Тараз қаласына келу.	12.00	

Тараз қонақ үйіне орналасу.	12.00-13.00	
Түскі ас	13.00 – 14.00	
Тараз қаласының көрікті жерлерін тамашалау.	14.30 – 17.00	
Облыстық тарихи-өлкетану музейімен танысу.	17.00 – 18.00	
Кешкі ас	19.00 – 19.30	
Демалыс уақыты: 1. Тұңғыш президент саябағында серуендеу. 2. Экскурсия күнделігі 3. Экскурсияның маршруттық картасы бойынша ертеңгі күнді жоспарлау.	20.00 – 22.00	
Ұйқыға жату	22.00	
2-күн		
Таңғы ұйқыдан ояну	07.30	
Жуыну	07.30 – 08.00	
Таңғы ас	08.00 - 08.30	
Көне Тараз қаласының орнымен (Шахристан) танысу,	09.00 – 09.30	
Көне Тараз қаласының орнындағы Цитадельмен танысу,	10.00 – 11.00	
Көне Тараз қаласының орнындағы музейімен танысу	11.00 - 12.00	
Көне Тараз әлеміндегі мұнараға шығып қаланы биіктен тамашалау,	12.00 - 12.30	
Түскі ас	13.00 – 14.00	
Қазақ хандығына 550 жылдығына арналған аллеяда серуендеу.	14.00 – 14.30	
Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелерінде зиярат жасау	15.00 – 15.30	
Шымкент қаласына жолға шығу.	16.00	
Мектепте ата-аналардың күтіп алуы және шығарып салуы	18.00	

Дереккөз: Түркістан облысы білім басқармасының облыстық жас туристер станциясы

Бірнеше күндік саяхат барысында, түнде ұйықтауға арналған шатыр болуы шарт. Шатырды орналастыруға арналған жерді таңдау ережелерін білуі керек.

Экскурсия кезіндегі жалпы және қауіпсіздік ережелері.

1. Белгіленген бағдардан шықпауға тырысу және топтан бөлініп кетпеу.

2. Қоршаған ортаны қажетсіз қатты дауыстармен, музыкамен мазаламау. Өйткені мазасы кеткен аңлар мен құстар өздерінің үйреншікті орындарын тастап кетеді.

3. Аңдардың індерін, құстардың ұяларын, құмырсқалардың илеуін бұзбандар. Ұядағы жұмыртқалар мен балапандарға тиіспеңдер, бұл олардың қаза болуына себепкер болуы мүмкін. Құмырсқалар – орманның санитарлары. Олар бір күнде 70 – 100 мың орман зиянкестерін жояды.

4. Жылан кездесе қалса оған тиіспе. Сонда ол сендерге тиіспейді. Жыландар өздері бірінші болып шабуыл жасамайды. Жыландар кесілген ағаштың ескі түбірінде, бұзылған үйлердің үйінділерінде, құздардың шығыңқы жерлерінде күннің көзіне қыздырынып жатқанды жақсы көреді, сондай жерлерден байқап, аяқтарыңның астына қарап жүріңдер. Жорғалап келе жатқан жыланды көрсендер жол беріңдер.

5. Қоршаған ортаға әрқашан қамқорлық жасауға, флора мен фаунаға зиян келтірмеуге тырыс.

6. Тамақ қалдықтарын ағаш түбіне жинап қою, олар орман аңдары мен құстарға азық болады. Қоқысты (қажетсіз заттарды) қалдырмай алып кету немесе жерге көму. Есте сақтандар! Толық шірігенге дейін қағаз қалдығы 2 жыл, қаңылтыр банка – 90 жылдан астам, полиэтилен пакет – 200 жылдан астам, шыны – 1000 жылдан астам уақыт жатады.

7. Жуынуға, ыдыс жууға арналған құралдарды су қоймасынан 100 метрден кем емес қашықтықта қолдану. Су қоймасына ешқандай затты төкпеу және тастамау.

8. Шыны ыдыстарды сындырмау, адамдар не орман жануарлары жарақаттануы мүмкін және шыны қалдықтары жазда өрттің шығуына себепші болады.

9. Тамақ пісіруге арналған отты ағаштан, орманнан 1,5 - 3 м қашықтықта жағу. Егер оттың бұрынғы орны болса, жаңа орын бастамау. От жағатын алаңқайды кепкен бұтақтардан, жапырақтардан тазарту керек және шөп өспейтін тақыр жерді таңдаған дұрыс. Отты аз уақытқа болса да қараусыз қалдыруға болмайды. Үйге кетердің алдында оттың орнына су құю. Тамақ пісіруге арналып жағылған оттан өрт шығу қаупі шыққан жағдайда оттың үстіне үлкен зат (мысалы көрпе) жаба салу керек, содан кейін үстінен су құю керек. Оттан шыққан қара түтінмен демалмауға тырыс. Қою түтін шыққан жағдайда мұрынды және ауызды ылғалды шүберекпен орап алған дұрыс. Отты шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.

10. Әдемілігіне қызығып өсімдіктерді жұлмау, оларды балтамен, үшкір заттармен шауып-жарақаттамау. Жарақат алған үлкен қайың ағашынан бір маусым ішінде 200 л шырын ағып кетуі мүмкін. Ағаштардың жарақат алған діңіне ауру тудыратын организмдер кіреді.

11. Елді мекендерден тыс жерлерде жаяу жүргіншілер көлік жүретін бөлігімен қозғалған кезде көлік құралдарының қозғалысына қарсы бағытта жүруі тиіс.

Өлкенің табиғат жағдайлары (жер бедері, пайдалы қазбалары, климаты, өзендері, көлдері, батпақтары, топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесі) – зерттеудің маңызды бөлігі. Бұл зерттеу жұмыстары бақылау жүргізетін арнайы стансаларда немесе жергілікті жердің метеорологиялық стансасында, мектептің географиялық алаңында, арнайы экскурсия, саяхаттарда жүргізілуі тиіс. Бақылау жүргізілетін стансалар табиғатты бақылауға және сабақтар өткізуге қолайлы сәйкес құралдар-жабдықтармен жабдықталуы, сонымен қатар сынып оқушылары толық сиятын алаң, қауіпсіздік ережелері қарастырылуы тиіс.

Саяхат сабақтарда жаңа технологияларды белсенді қолдануға болады. Ресурстар ретінде ұлттық әдебиет, кинематография, публицистика, поэзия, өмірлік ұстанымдары туралы өздерінің эсселерін пайдалану ұсынылады. Фотосуретке және кинофильмге түсіру – өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі.

Мұғалімге өлкетану туралы бейне материалды іріктеу өте маңызды болып саналады. Өйткені оқушының өз өлкесі туралы әңгімелеу қабілеті қызығушылық пен әңгімелеуге негіз болатын жағдай жасалғанда ғана жетіледі.

Сондықтан өлкетану материалын іріктеу барысында келесі себептерді ескерген жөн:

- берілген материалдың патриоттық маңызын;
- оқушылар үшін материалдың шынайылығын, яғни оқушылар әңгіменің не туралы екендігін нақты елестете алулары керек;
- ұсынылған материалдың оқушылар үшін қызықты болуы (осы ақпаратты білгім келіп еді деген талаптың болуы);
- ұсынылған материал туралы ақпараттың толық болмауын (оқушыларды ізденушілікке ынталандыру мақсатында);
- берілген материалдың бағдарламалық тақырыпқа сәйкестігін;
- тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыстың орнауын.

Мұғалім өлкетану материалының бағдарламаға сәйкестігіне көп көңіл бөліп, патриоттық тәрбиеге қатысты жағын іріктеп алуы қажет. Сонымен бірге өз өлкесін білуге деген құштарлықты ояту, оқушының жалпы мәдени деңгейін көтеруге жағымды ықпал жасайды.

«Жас орманшы», «Жас эколог», «Жас натуралист», «Жасыл патруль» үйірмелерінің жұмысы, сондай-ақ мектеп оқушыларын табиғат аясына саяхатқа шығару экскурсиялары да осы міндетті орындауға бағытталған.

Оқушыларды география, тарих, әдебиет, биология, музыка басқа да пәндерден алған білімдерін кез-келген сабақта, өмірлік тәжірибеде тиімді пайдалана білуге үйрету керек. Сондықтан, мұғалімнен барлық пәндерден 9-кестеде көрсетілген сұрақтар дайындап, әрқашан ізденісте болуы қажет.

#### 9-кесте. Пәндер бойынша өлкетануға қатысты сұрақтар үлгісі.

Ұйымдастыру кезеңі	<p>Экскурсияға дейін оқушылар мынадай практикалық дағдыларды білуі тиіс:</p> <p>Экскурсия кезіндегі жалпы және қауіпсіздік ережелерін білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Топографиялық картаның шартты белгілерін білу;</li> <li>✓ Маршрут бойынша жүрудің ережесін білу;</li> <li>✓ Шатырды орналастыруға арналған жерді таңдау ережелерін білу;</li> </ul>
Мақсат, міндеті	<p>а) Халықтың ұлттық мәдени өмірімен, туған өлкенің табиғатының байлықтарымен, тарихи және табиғи ескерткіштермен танысу. Объектілерді және болмыс құбылыстарын бақылау және зерттеу, табиғи құбылыстарды түсіндіру.</p> <p>Өлкетану материалдарын жинау.</p> <p>ә) Туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, төзімділікке, ұжым құрамында өзін ұстай білуге үйрету.</p> <p>б) Экскурсия әсемдікті түсінуге, танымға қуануға, қоғамға пайдалы болуға ұмтылуға тәрбиелеу. Әсерін заманауи технологияларды қолдана отырып қорғау.</p>

	в) салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты шыңдау.
Бекіту	Кіріктіру әдістері қолданылады. Нысанның ерекшеліктеріне орай пән мұғалімдері сұрақтар дайындап, зерттеуге тапсырма береді.
Тарих пәні бойынша	«Қорық атауы қашан пайда болды?», «Бұл жердің негізін кімдер, қандай жағдайда қалады?», «Қорық өз дәуірінде қандай оқиғаларды басынан кешірді?», Олардың даму тарихы қандай болды?», «Қорыққа қатысты қандай атақты адамдар бар? деген сұрақтарға бірге жауап іздеулері керек.
География пәні бойынша	«Қорықта қандай таулар, өзен-көлдер бар?», «Олар қалай пайда болған?», «Олар қанша жаста?», «Қорықтағы ерекше атаулар қалай пайда болған?», «Қорықтағы өзен сулар бастауын қайдан алып, қайда құяды?» деген сұрақтарға жауап іздейді.
Биология пәні бойынша	«Қорықта қандай өсімдіктер өседі?», «Тек осы қорықта ғана өсетін өсімдіктер бар ма?», «Дәрілік шөптер кездеседі ме?», «Қорықта жалпы саны қанша түрлі өсімдік бар?» деген сұрақтарға оқушылармен бірге жауап іздейді.
Химия пәні бойынша	«Жезді», «Теміртау», «Хромтау», «Сары өзен», «Ақсу» атаулары нені білдіреді, топырақ пен судың құрамында не бар? деген сұрақтарға оқушылармен бірге жауап іздейді.
Әдебиет пәні бойынша	«Қорық атаулары кімнің, ненің құрметіне қойылған?», «Топонимикалық атаулар туралы қандай аңыз-әңгімелерді білесіңдер?» деген сияқты сауалдарға бірге жауап іздейді.
Бейнелеу өнері пәні бойынша	Оқушылар мәдени-тарихи орталықтар мен музей-қорықтарға саяхат кезінде жинақтаған материалдарын альбомда безендірген кезде, жүрген жолдың планын сызған кезде бейнелеу өнері мұғалімінің көмегі қажет. Ол альбомды әдемі безендіруге қажетті пайдалы кеңестер бере алады.
Қорыту.	Экскурсия арқылы бала әртүрлі курстарда оқылып жатқан құбылыс, зандардың байланысын көреді, оларды қолдануға үйренеді. Мысалы, жерде жұмыс істегенде өлшеу үшін геометрия зандарын қолданып, қарапайым құралдармен жұмыс істеп, сурет салады, көргендерін жазады, картамен жұмыс істейді.
Үйге тапсырма	Өздерінің әсерлерін бейнебаян, слайд-презентация, сурет салу, гербарийлер жасау арқылы білдіру.

Қосымша білім берудің бір бағыты әскери патриоттық клубтар. Елбасының бастамасымен еліміздегі білім беру ұйымдарында «Жас сарбаз», «Жас жауынгер» әскери-патриоттық клубтары білім алушыларға патриоттық тәрбие беру және оларды әскери қызметке даярлау мақсатында құрылған. Клубтардың маршы, жарғысы, анты болады.

### **Сарбаздар маршы.**

Қырандай түлеп ұшқан арманымыз  
Біз бүгін өркен елдің сарбазымыз.  
Ант алып ар алдында сапқа тұрып,  
Қорғаймыз туған жердің ар-намысын.  
Алға бас, қарышта, жас ұлан,

Қанаты талмайтын, жас қыран.  
Жастықтың жігері бойында,  
Өзендей күші бар тасыған.

Көк байрақ арайлаған нұр таңымыз,  
Жігіттің сынға түскен сұлтанымыз.  
Дұшпанға қатал болған, досқа берік,  
Жаужүрек Бауыржанның ұрпағымыз.

Алға бас, қарышта, жас ұлан,  
Қанаты талмайтын, жас қыран.  
Жастықтың жігері бойында,  
Өзендей күші бар тасыған.

Қара жер қаны сіңген бабалардың  
Қорғауға шақырады балаларын.  
Сапқа тұр, сарбаздары туған елдің,  
Қиынға қайыспайтын қара нарым.

Алға бас, қарышта, жас ұлан,  
Қанаты талмайтын, жас қыран.  
Жастықтың жігері бойында.

Клуб мүшелері мектептегі салтанатты сап түзеу шарасында клуб маршын орындайды. Мектептегі қосымша білім беру үйірмелері арқылы патриоттық тәрбиені түрлендіріп, қызықты етіп ұйымдастыруға болады.

Тұңғыш Президентіміздің бастамасымен құрылған еліміздің оқушыларын біріктіретін «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы да ел болашағына бүгіннен өз үлесін қосуға дайын.

Мектептегі «Жас ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдану рәсімі де оқушыға патриоттық рух сыйлайды. Ұйымның маршы егемен ел жетістігін мақтан ететін асқақ рух пен жігерге толы жыр.

Сонымен қатар, әрбір сыныпқа атау мен бір шумақтан тұратын ұрансөз беру де оң нәтиже береді. Әрбір оқушы сыныпқа есімі берілген қазақстандық қаһарманның ерлік ісін мақтан етіп, жырға қосып шырқайды. Бұл Отанға адал қызмет етуге, ерлік пен достыққа шақыруы тиіс. Мәселен,

Сынып аты	Отан
Ұраны:	Кең жазық Отан мекенім, Сен де өсіп көктедім Сені қорғау парызым, Мұны біліп өтемін.
Сынып аты	Қазақстан
Ұраны:	Отаным менің Қазақстан. Атыңнан сенің айналам Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан!...

Балалар ұйымы арқылы патриоттық тәрбиені түрлендіріп, қызықты етіп ұйымдастыруға болады.

- ҰОС ардагерлеріне арналған концерттер;
- музейге экскурсиялар;

- өлкетану конференциялары;
- өлкетану бойынша материалдарды жинақтау;
- әскери-спорттық жиындарға қатысу;
- акцияларға қатысу;
- әшекейленген гүл тізбегін (гирляндарды) даңқ мемориалдарына қою.

Бұл шараларға ұйымды белсене қатыстырып Отанды қорғау, рәміздерді құрметтеу, құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелейміз.

Мектептегі «Жас ұлан» оқушылар ұйымы арқылы өлкетану жұмыстарын кең масташта жүргізуге болады. Құрамы ұйым жетекшісі, мектеп ұланбасы, топ ұланбасы, сынып ұланбасы деген мектеп белсенділерінен жасақталған. Ұйымның еңбек, білім, тәрбие, денсаулық, ақпарат министрі деп аталатын белсенділері әрбір сыныптан еріктілер жинайды. Осылайша оқушылар ұйымы мектептегі барлық оқушыларды қамтиды. Ұйымның, бекітілген өзіндік міндеттеріне, жарғысына өлкетанулық жұмыстар қайшылық тудырмайды. Керісінше өлкетанулық жұмыстар оқушылар ұйымының «Экоәлем», «Руханият», «Отан», «Еңбек», «Салауат» бағыттарымен үндеседі. Бұдан ары өлкетану жұмыстарын жоспарлау міндеті шығады.

10-кесте. Бағыттар бойынша тапсырмаларына назар аударыңыз.

<i>Бағыты</i>	<i>критерийі</i>
«Отан»	Кластарға өлке мақтаныштарының есімін беру және ұранын жаттату.
«Руханият»	«Қара жорға» ұлттық биін қоңырауда мектепшілік билеуді.
«Экоәлем»	Өртүрлі экологиялық іс-шараларға қатысады. Туған өлкесінің табиғат кешенін, табиғат нысандары мен құбылыстарын, ресурстарын, олардың қазіргі жағдайын және оларды тиімді пайдалану жолдарын зерттеу жобасын қорғайды.
«Салауат»	Ардагерлер, зейнеткерлер, кемтар жандарға көмектесу
«Еңбек»	Абаттандыру, жаңғырту, асар жұмыстарына қатысуы.

Бұл бағыттар бойынша әрбір сынып командалық бірлікте жұмыс жасайды. Кестеде сынып бойынша өлкетану жұмыстарының мақсаттары берілген. Жас ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды орындау барысында түрлі іс шаралар өткізеді [11].

Әрбір сыныпта экспедициялық отряд құрылып, демалыс күндері өлкетанулық саяхатқа шығады. Жинаған материалдарымен мектептегі өлкетану музейін қалыптастырады. Өңірлік меценаттардың «кіші Отанын» көркейту жұмыстарына сынып болып атсалысады. Дәстүрді, парызды, достықты түсінеді.

Оқушылар ұйымы атқарған жұмыстарын мектеп сайтына, журналдарына жариялап отырады. Мектеп әкімшілігі тоқсан аяғында көңілді кеш өткізіп үздік шыққан сыныптарды марапаттайды.

2.7.«Асар» мектептегі волонтерлік қозғалыс арқылы патриоттық тәрбие беру.

«Туған жер» бағдарламасы бойынша елімізде меценаттық қозғалыс қарқынды жүрді. Кәсіпкерлер, зиялылар, жастар туған жерін абаттандыруға миллиондаған қаржы жинаған. Олар мыңдаған сауапты істер атқарды. Өлкедегі осындай меценаттық қозғалысқа оқушылардың қатысуын ұйымдастыру керек.

Оқушылар мектепкі демалыс күндері атсалысқаны дұрыс. Жоғары сынып оқушылары меценаттардың туған өлкені түлетуге бағытталған асарға қатысуы арқылы патриоттық сезімін көрсете алады. «Асардың» мағынасын түсінеді.

*Буккроссинг, «Құнды сыйлық» акцияларына қатысуы.*

«Құнды сыйлық» акциясы. Оқушылар мектеп кітапханасына үйінде оқыған кітаптарын сыйлайды. Кітап қорын молайтуға үлес қосады. Мақсаты қайырымдылыққа, ізгілікке, қоғамға қызмет етуге тәрбиелеу.

«Буккроссинг». Кітаптармен алмасу бойынша арнайы орындар ұйымдастыру. Орынды мектеп кітапханасынан немесе мектеп дәлізінен ұйымдастыруға болады. Мақсаты білім алушыларды қайырымдылыққа, достыққа, ізгілікке, кітап оқу белсенділігін арттыруға шақыру.

Еліміздегі маңызды шараларды ұйымдастыру жұмыстарына асарлықтардың қатысуы патриотизмнің шынайы үлгісі болады.

Елімізде халықаралық деңгейдегі шаралар жиі өтіп тұрады. Елдігіміз сын болатын осындай шараларды ұйымдастыруға оқушылар ерікті түрде қатысады. Әсіресе елді мекенді, тарихи орынды, ескерткішті жақсы білетін оқушылар қоғамға көп пайдасын тигізе алады. Олар шет тілін еркін меңгерген болса шетелдік қонақтарға көмекші болады. Осылайша сауатты жастар еліміздің имиджін көтеруге септігін тигізе алады.

*Археологиялық қазба жұмысына қатысуы*

Елді мекенге жақын жерде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілсе жоғары сынып оқушылары ата-ана қолдауымен қатыса алады. Олар туған елдің тарихымен танысады және кәсіптік бағдар алады.

*Мектеп музейіне отбасылық экспонат жинау, муляж жасау.*

Жоғары сынып оқушылары археологиялық қазба жұмыстарына қатыса жүріп мектептегі өлкетану музейіне экспонаттар жинай алады. Муляждар жасайды. Мәселен ежелгі Ботайлықтардың кірпіш құю әдісін таныстыру үшін арасына жануарлардың сүйектерін қосып кірпіш құюға болады. Сондай-ақ балауыздан жасалған мүсіншелерде әсерлі экспонаттарға жатады. Сонымен қатар, мектепте «отбасылық жәдігер» акциясы арқылы музейді жабдықтайды.

*Ардагерлер, зейнеткерлер, ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға көмектесу.*

Белсенді оқушылардан құрылған еріктілер тобына мұқтаж жандарға жан-жақты қызмет көрсетуді ұсынамыз. Еріктілер тобы білім алушының сабақ үлгеріміне, қарт адамдардың ауласын қыста қардан, көктемде мұздан арылтуға көмектесу арқылы патриот екенін көрсете алады.

Қағаздар мен тұрмыстық техникалар жинау, «Гүлді калейдоскоп», «Ең жасыл кабинет», «Жасыл» алтын» байқаулары «Тал күні» жобасы, плоггинг және т.б. тәрізді волонтерлік қозғалысқа оқушылар белсене қатысқаны дұрыс. Экологиялық тәрбие аясында білім алушылар елді мекен территориясындағы жасыл алаңдарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктерге, жас көшеттер отырғызу, табиғат аясын қоқыстан тазарту сияқты қоғамға пайдалы еңбекке араласады.

Білім алушының патриоттық сезімін қалыптастыруда педагог-

ұйымдастырушының қызметі зор. Ол оқу жылында қызықты шараларды ұйымдастырып оқушының ұлтжандылығын оятуы тиіс. Ол үшін іс-шаралар заманауи сипатта болғанын басты назарда ұстаймыз. Мұндай шараларға мерекелік концерт, флешмоб, шеру, республикалық форум, слет, фестиваль, сайыс, байқау және бұқаралық челлендж, экологиялық шараларға қатысуды жатқызамыз.

«Экочеллендж» ағылшын тілінен енген сөз. «Шақыру» деген мағынаны білдіреді. Әлеуметтік желілердегі табиғатты тазалауға шақырған челленджер әлемнің кез-келген түкпіріндегі интернет қолданушыны жаһандық қозғалысқа араласуға үндейді. Оның қарапайым шарты екі суреттен тұрады. Бірінші суретте қоқысқа толы нысан, екіншісі қоқыстан арылған нысан болуы керек. Әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар әлеуметтік желілерге фотодерек салуда. Олар өзен-сулардың, жағажайларды, бұлақтарды, тау бөктерін, көшелер, ескерткіштер мен тарихи жерлерді қоқыстан арылтып нәтижесін әлеуметтік желілерде жариялауды жалғастыруда. Қазақстандықтар да жаңа челленджден қалыс қалмады.

«Экосельфи» байқауын өткізу. Жастар арасында республикалық байқаудың мақсаты - қоқыс жинау, Instagram әлеуметтік желісінде «бұрын» және «кейін» фотосуреттерін жариялау арқылы қоғамның назарын экологиялық мәселелерге аудару. Ең шығармашылық жұмыстар ай сайын сыйлықтармен марапатталады, ал ерекше жұмыстар эко-сыйлықтармен көтермеленеді.

«Экоқалқан». 1997 жылы ресейдің Санкт-Петербург қаласы сыртындағы «Зеркальный» балалардың шығармашылық сарайында пайда болған. Бастамашылар мектеп мұғалімдері, мектептегі үйірме жетекшілері, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары, еріктілер қозғалыстары болды. «Экоқалқан» мақсаты су аймақтарын ластанудан қорғау. Оқушылар мен олардың ата-аналарының қоршаған ортаға саналы және жауапкершілікпен қарауын экологиялық акциялар арқылы тәрбиелеу. Белсенді азаматтықты қалыптастыру, табиғатты қорғау іс-әрекеті дағдылары, құрдастарымен және ересектермен сындарлы қарым-қатынас тәсілдерін қолдану. Әрі қарай тәжірибе таратуға қабілетті белсенді жасөспірімдер мен жастардың командасын қалыптастыру болып табылады.

«Плоггинг». Жүгіріп қоқыс жинау. Ол бір мезетте екі істі жасауға бағытталған. Біріншіден, бұл – физикалық белсенділік, екіншіден, қоршаған ортаны қорғау. Мұндай қозғалыс бүкіл әлемде танымалдылыққа ие және әрі пайдалы. Іс-шараға кез-келген азамат қатыса алады.

Ескерту, «Плоггингті» діни және кесенелерде орындарда өткізуге болмайды. Оның себебі ұлттық таным мен тәрбиеде «молаға қарай жүгірме» деген тиым сөз бар.

«EcoLife» сайысын өткізу. Әлеуметтік желілердегі жобаның ресми беттеріне 21 күн ішінде тапсырмалар жарияланады. Күн сайын қатысушылар тапсырмаларды орындап, өз парақшаларында хэштегтермен жариялап отыруы керек. Үздік қатысушылар эко-сыйлықтармен марапатталады.

Қасиетті нысандарға қатысты мектеп өмірінде еңбекке тәрбиелеудің бірнеше түрлерін атауға болады:

- Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштерде сенбілік өткізу. Экологиялық жағдайын жақсарту, тазалықты сақтау, табиғатты күту және қорғау;

- Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтарда көшелерді, тротуарларды жөндеуге, қазба жұмыстарына қатысу;

- Діни және ғұрыптық орындарда сенбілік өткізу, көгалдандыру, гүлзарларды күтіп-баптау, мәдени-ағарту жұмысын жүргізу.

Бұл шаралардың мақсаты білім алушыларды Отан мен ерлік; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларына, туған жерді абаттандыру, көгалдандыру, мәдениеті мен рәміздеріне құрметпен қарау, әлеуметтік жобаларға белсене қатысу жұмыстарын жүргізу.

Бүгінде білім беру ұйымдарында осындай шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Олардың қатарына жалпымектепішілік шығарма жазу немесе мынадай шара ұйымдастыруды жатқызамыз:

Бұл шаралар арқылы білім алушылар қарттар мен мұқтаж жандарға, балаларға әрқашан көмек қолын созуға үйренеді. Рухани – адамгершілік бағытта тәрбиеленеді. Отан тағдырына бей-жай қарамайтын нағыз патриот тәрбиеленеді.

*2.8. Мектептен тыс байқаулар, жарыстарға қатысу арқылы патриоттық тәрбие беру.*

Білім алушының жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілеттілігін, интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ патриоттылығын көрсетуге мотивациясын оятатын кеңістік қалыптастыру.

Білім алушылар зияткерлік іс-шаралар; ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, фестивальдер, ғылыми-практикалық конференциялар, дарынды мамандармен және құрдастарымен кездесулер, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар ашу, оқушылар арасында робототехника бойынша кешенді іс-шараларға қатысу арқылы жетістікке жетеміз.

Өлкетану жұмыстарында экологиялық шаралар арқылы патриоттық тәрбие бере аламыз. Көрікті табиғат аясында демалушылар мен киелі орындарда зиярат етушілер үнемі тазалық ережесін сақтамайды. Салдарынан ортаға экологиялық зиян келіп туристік индустрияны дағдарысқа әкеп соқтырады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін республикалық деңгейде экологиялық шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай шаралар қатарына «Біз таза Қазақстан үшін», «Біз таза қала үшін», «Біз таза ауыл үшін» экологиялық акцияларды жатқызамыз.

Экологиялық шаралармен қатар зияткерлік, танымдық, туристік байқаулар да білім алушылардың патриоттық сезімін көрсетуге үлесі зор болды. Олардың бірқатарына тоқталайық:

*1.«Менің кіші Отаным» атты жас тарихшылардың республикалық зияткерлік сайысы.*

Сайыс мақсаты талантты оқушыларды анықтау, өз туған жер тарихына деген қызығушылықты арттыру, шығармашылық қабілеттері мен қоғамдық белсенділіктерін қалыптастыру, жас ұрпақтың патриоттық және азаматтық сезімін дамыту, сонымен қатар өлкетану мен Қазақстан тарихынан білімдерін дамыту, ұлттық өзін-өзі анықтау және туған жері үшін мақтанышын жетілдіру.

2. *«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылардың, экологтардың және натуралистердің республикалық форумы.*

Форумның мақсаты – мектеп оқушыларын экологиялық білімге және табиғатты қорғау шараларына тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.

3. *«Үздік мектеп музей» республикалық және аймақтық байқаулар.* Мақсаты-мектеп музейлерін дамыту. Білім алушылардың «Кіші Отанға» құрметін арттыру.

4. *«Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының республикалық слеті.*

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

5. *«Еуропа-Азия» республикалық туристік фестивалі.* Мақсаты жасөспірімдер арасында туризмді насихаттау, кәсіптік бағдар беру.

6. *5-10 сынып оқушылары арасында «Әулиеата жәдігерлері мен ұлттық құндылықтары» интерактивті жарысы.*

Аталған шаралар республика көлемінде оқушылардың қатысуымен өткізіледі. Оқушылар белсенді қатысып өлкетанулық білімін көрсетеді.

Әртүрлі деңгейдегі осындай байқаулар білім алушылардың өлкетануға деген қызығушылығын оятып, оны насихаттауға белсенділігін қалыптастырады. Заманауи технологияны, шет тілін жетік меңгерген оқушылар білім беру ұйымдарында өлкетанулық білімін көрсетуге мүмкіндік жасау керек. Оқушының өлкені насихаттауға, компьютерлік сауаттылығын көрсетуге ынтасын арттырады. Бүгінгі қоғамда едәуір сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруге септігін тигізеді. Туризм саласын дамытуға алғашқы қадамдарын жасайды. Өңірлерде саналы ұрпақ қалыптастыратын осындай жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп сайтынан «Туған жер» айдарын ашу арқылы білім алушылардың патриоттық шығармаларын баршаға қолжетімді жасаймыз. Туған өлкесі мен қасиетті нысандар туралы танымдық еңбектерін бірнеше тілде әзірлеп мектеп сайтына орнату арқылы ортақ шығармашылық алаң қалыптасады. Білім алушылар өз еңбектерін сайтқа жариялау арқылы оқырман тарапынан әділ бағасын алады. Кері байланыс нәтижесінде шеберлігін шыңдайтыны анық. Осы мақсатта мектеп сайтына мынадай инновациялық жобалар ашуға кеңес береміз.

1. Bestvideo Туған Өлке туған өлкенің тарихи, мәдени құндылықтарын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге бағытталған «BestvideoТуған Өлке» жобасы облыстың мектептері іске

асырылуда. Жобаға қатысушылар таңдаған бағыты бойынша бейнероликтер түсіріп интернет ресурстарына орналастырады (zh-bilim.kz сайтында, Youtube, Facebook.com/bilimzhambyl парақшасында).

Жобаны іске асыру барысында өлкенің тарихы, мәдениеті туралы мәліметтер қоры әзірленеді, туристік маршруттар мен экскурсиялардың ақпараттық дайджесттері жарияланады және «Менің туған өлкем» электронды энциклопедиясына фото, бейне материалдар жинақталады. Білім алушылар материалды үш тілде дайындайды. Көптілділік, көпмәдениеттілік, толеранттылық, отанды сүю насихатталады.

2.«BILIM анимация» жобасы. Жобаның мақсаты оқушылар мен студенттердің шығармашылық іс-әрекеттер дағдысын қалыптастыру, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау қабілеттерін арттыру, 3 тілді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеруге ықпал ету.

Мектеп оқушылары ұсынылған бағыттар бойынша (*Туған өлке, мектеп өмірі, болашақтағы мен, ертегілер әлемі*) тақырып таңдап анимациялық фильм (*қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде*) әзірлейді. Анимациялық фильм басқарманың zh-bilim.kz сайтында, Youtube каналында, Facebook парақшасында жарияланады. Көрермендер электронды дауыс беру арқылы анимациялық фильмді бағалайды. Дауыс беру қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталады.

3.«BILIM FM мектеп радиосы» оқушылар мен мектеп ұжымын түрлі жаңалықтармен, соңғы хабарландырулармен қамтамасыз ету мақсатында білім мекемелері арасында өткізіледі. Онда бірнеше *айдарлар* қарастырылған. Оның ішінде тарихи жерлер туралы анықтамалық ақпараттарға арналған «*Туған өлке*» айдары аптасына 2 рет тыңдармандармен қауышады.

Бұл жобалар сандық технологияны меңгерген оқушыларға полиглоттық және өлкетанулық білімін көрсетуге зор мүмкіндіктер береді. Берілген пікірлер саны нәтижесінде анықталған ең шығармашылық жұмыстарды марапаттауды ескерген орынды.

Болашақта ел мен жерді сүйетін, патриот ұрпақты тәрбиелейді және Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыруда осындай инновацияның берері мол.

Нәтижеге бағытталған патриоттық тәрбие жұмысының көрсеткіштері:

Оқушының жазба жұмыстары мен бейнебаяндары әр түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуы;

Сараптамалық пікірлер (ата-аналар, мұғалімдер);

Адамның құндылық саласын талдауға (бағаламауға) арналған сауалнамалар;

Жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған әртүрлі тест құралдары;

Балалардың өзін-өзі бағалауы болып табылады.

*Тестілеу (тест әдісі)* - оқушының арнайы әзірленген бірнеше тапсырмаларды орындау нәтижелері мен тәсілдерін талдау арқылы оқушылардың білім алуы мен әлеуметтенуінің жоспарланған және нақты қол жеткізілген нәтижелерінің сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу әдісі. Мектеп сайтындағы «Туған жер» сайтына өлкетанулық білімдерін бағалау үшін өтілген тақырыптардан тест әзірлеп салуға болады. Бұл оқушылар үшін өз

білімін бағалауға мүмкіндік береді. Тест үлгісі;

1. Жамбыл облысында қанша аудан, қала бар?

А) 10 аудан, 4 қала Б) 7 аудан, 5 қала С) 4 аудан, 2 қала Д) 9 аудан, 5 қала

2. Қарахан кесенесі қай ғасырда салынған сәулет ескерткіші болып табылады?

А) IX Б) X С) XI Д) XII

3. 5 күндік шайқас өткен жер?

А) Баласағұн Б) Бектөбе С) Саудакент Д) Атлах

4. Қай жылдары Тараз қаласы Мирзоян деп аталды?

А) 1932-1937жж Б) 1936-1937жж С) 1940-1942жж Д) 1938-1939жж

5. Жуалы ауданындағы Бауыржан Момышұлының туып өскен ауылын тап?

А) Орақ-балға Б) Мақпал С) Қарасаз Д) Дихан

6. Қай жылы Жуалы ауданы Жамбыл облысының құрамына берілді?

А) 1960 жылы Б) 1949 жылы С) 1951 жылы Д) 1961 жылы

7. Жамбыл ауданының әкімшілік орталығы:

А) Тарғап Б) Аса С) Көкбетгі Б) Қызыларық

8. Жамбыл ауданында орналасқан сәулет ескерткіштері:

А) Қарахан, Дәуітбек Б) Тектұртмас, Мәмбет батыр С) Ақыртас, Баласағұн  
Д) Айша-бibi, Бабаджа хатун

9. Жамбыл ауданының Президент Жарлығымен жоғары марапаттарға лайық деп танылған «Құрмет» орденінің иегерлері:

А) Ә. Кемпіреков, А. Жұмақанов Б) Ш. Мұртаза, Ғ. Баймаханов С)  
Т. Әшімбаев, С. Хасенов

Д) Б. Тойжігіт, Б. Мирзабаев

10. Меркі ауданында орналасқан Батыс Түрік қағанатының ғибадатханасы:

А) Ақыртас Б) Меркі-Жайсаң С) Джувикат Д) Адыраспантөбе

11. Шерхан Мұртазаның «Мылтықсыз майданы» романына арқау болған өңір:

А) Қордай асуы Б) Мойынқұм өңірі С) Бетпақдала жазығы Д) Шоңқара сайы

12. «Қырғызбаев» деген фамилиямен Меркедегі нағашыларының қолына келіп, орыс түземдік мектебінде оқыған қоғам қайраткері:

А) Ә. Бөкейханов Б) М. Жұмабаев С) Т. Рысқұлов Д) Ж. Досмұхаммедұлы

13. Жәнібек пен Керей қазақ хандығының туын тіккен, Шу аданындағы тау:

А) Қозыбасы Б) Жайсан С) Теркеті Д) Қызылсай

14. Шу ауданындағы Ұлы Отан соғысының ардагері, ғылым қайраткері Түймебай Әшімбаев атындағы метеп орналасқан ауыл:

А) Төле би Б) Алға С) Далақайнар Д) Шөкпар

15. Қарабалта өзенінің Шуға құяр сағасында орналасқан ежелгі қала:

А) Бектөбе Б) Ақтөбе С) Құлан Д) Түймекент

16. Қазақтың әйгілі халық ақыны, композитор.Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенен Әзірбаев қай өлкенің тумасы:

А) Қордай Б) Жуалы С) Сарысу Д) Байзақ

17. Дүлдүл ақын Кенен Әзірбаев әнге қосып жырлаған батыр:

А) Райымбек Б) Шохан С) Ақша Д) Қордай

18. Екі мәрте социалистік еңбек ері атағын алған шопан:

А) Ж.Оспанбеков Б) Ж.Қуанышбаев С) М.Қойбақов Д) Қ.Қуандық

19. 1966 жылы 13 наурызда Мойынқұм ауданы Бірлік ауылында дүниеге келген,1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы:

А) Е.Сыпатаев Б) Л.Асанова С) Қ.Рысқұлбеков Д) С.Мұхаммеджанова

20. Қытайлықтар оны Цзюлан қаласы деп атаған:

А) Құлан Б) Меркі С) Талас Д) Баласағұн

21. Луговой ауданына қай жылы Тұрар Рысқұлов атауы берілді:

А) 1992 жыл 11 мамыр Б) 1998 жыл 19 қыркүйек С) 1993 жыл, 11 наурыз  
Д) 1999 жыл 11 наурыз

22. Тараз қаласының ең үлкен көшелерінің біріне есімі берілген Сарысу ауданынан шыққан, Кеңес одағының батыры атақты мерген,батыр:

А) Б.Момышұлы Б) Ы.Сүлейменов С) С.Шәкіров Д) А.Суханбаев

23. XX ғасырдың басында соғылған «Ноғай-ишан» мешіті қай өзеннің жағасында орналасқан:

А) Шу Б) Аса С) Талас Д) Теріс

24. Қазақстанның оңтүстік өңірінде Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы, Талас өзеннің жағасындағы Сарыкемер ауылының маңына жерленген батыр:

А) Байзақ батыр Б) Мәмбет батыр С) Сеңкібай батыр Д) Шойбек батыр

25. Ақыртыс қаласы туралы алғашқы жазбаларды қалдырған, XIII ғасырдың басында осы өңірге келген қытай саяхатшысы:

А) У-Ди Б) Сюа-Цянь С) Сыма-Цянь Д) Чань-Чунь

Тест жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
А	С	Д	Б	С	А	Б	Д	А	Б	Д	С	А	С	Б	А	Д	Б	С	А	Д	Б	С	А	Д

Сауалнама - оқушының ауызша хабарламаларында қамтылған ақпаратты алу. Сауалнама түрлері:

- Сауалнама - оқушылардың сауалнаманың арнайы дайындалған сұрақтарына берген жауаптарына негізделген ақпарат алудың эмпирикалық әлеуметтік-психологиялық әдісі;

- сұхбат - оқушылардың білім беру және әлеуметтену процесін зерделеу мақсаттарына сәйкес алдын-ала жасалған жоспарға сәйкес зерттеуші мен оқушылар арасындағы сұхбатты қамтитын ауызша-коммуникативті әдіс;

- әңгімелесу - білім беру процесінің және оқушылардың әлеуметтенуінің ерекшеліктері туралы ақпарат алу үшін зерттеуші мен оқушылар арасында тақырыптық бағытталған диалог жүргізуден тұратын нақты зерттеу әдісі.

Мониторинг деректері әлеуметтену мен отансүйгіштік деңгейі, құндылық бағдарлары, ұлттық дәстүрлердің негізін құрайтын адамгершілік мұраттар, олардың қазіргі қоғам өміріндегі маңыздылығын түсіну, сондай-ақ олардың қатысуы сияқты нәтижелерді бақылауға көмектеседі.

Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде өмір сүруге қабілетті көптілді, көпмәдениетті, сандық технологияны жетік меңгерген заманауи жастарды даярлау басты мақсатымыз. Мектептен тыс жұмыстар арқылы оқушылар заманауи технологияларды меңгеру дағдысын арттыра түседі. Бұл жобалар мектептегі өлкетану сабақтары арқылы берілген патриоттық тәрбиенің нәтижесі деп айта аламыз.

## Қорытынды

Қазақстандық қоғамның дамуы заманауи жастардың тәрбие алуына тікелей байланысты. Жастар таяу жылдары қоғамның ғылыми, экономикалық және саяси элитасының тірегіне айналады. Бұл процесстегі басты рөл олардың рухани жағын қалыптастыру болып табылады. Яғни, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгінге құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Патриоттық тәрбие рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Елбасы Н.А. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың басты шарттарының бірі патриотизмнің негізі болып табылатын өзіндік ұлттық мәдени-генетикалық кодты сақтау болып табылатындығын атап өтті.

Осыған байланысты жастар тәрбиесінде рухани – адамгершілік пен патриотизмге басымдық беріп отырмыз.

Мәселен, патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектептерде туған жердің тарихын танытудан басталады. Қоғамның басты рөлін тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, тәрбие мен оқыту және білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде түсінуге көмектеседі.

Сондықтан білім беру, экология және абаттандыру, өлке тарихын зерттеу, мәдени-тарихи ескерткіштер мен жергілікті масштабтағы мәдени нысандарды қалпына келтіру саласында тарихи-өлкетану жұмыстарын байыпты ұйымдастыру қажет. Балалар мен жастардың патриоттық және жалпы рухани-адамгершілік тәрбиесі ғана азаматтардың бірлігінің негізін қалайды және мемлекетте біртұтас әлеуметтік-мәдени кеңістіктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Тамыры терең Қазақстан тарихында патриотизм мәселесі ерекше назарда болды. Мыңжылдықтар ширегінде қазақ халқының бойында патриотизмді тәрбиелеу процесі сатылап дамып келді. Біз ұлтқа, патриотизмге, руханиятқа, ынтымаққа және дәстүрді құрметтеуге негізделген мәдениетті қалыптастырдық. «Туған жер» бағдарламасы бүкілхалықтық патриотизмнің нақты негіздерінің біріне айналды. Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады. Біз кіші Отанымыз арқылы бүкіл Қазақстанды сүйеміз.

«Туған жер» бағдарламасы Отанға деген ұтымды және эмоционалды қатынасты үйлестіруге арналған. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікпен берілген патриотизм мәдени-генетикалық кодтың негізі болып табылады. Бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін қоғамдық сананы жаңартып, мәдениетімізді, ұлттық код пен патриотизмді сақтауымыз керек. Мұның бәрі жерді және кіші Отаны сүйуден басталады.

«Туған жер» бағдарламасы ұлттық патриотизмнің сарқылмас қайнар көзіне айналуы керек.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын ақпараттық –түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. - Астана - 2017. 4 -бет.
2. Назарбаев Н.Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір, 2017. <http://www.akorda.kz/ru>.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған «Өлкетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ-нің 2017 жылғы «25» қазандағы № 45 бұйрығы.
5. «Ұлттық қазына»: Музейлердегі «жанды» сабақтар әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 12 б.т.
6. «Өлкетану»: мәдени–генетикалық кодтың негізі. (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу. – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 17,7 б.т.
7. Г. Ш. Балыкбаева «Мұражай педагогикасының ЖОО білім беру жүйесіндегі орны» . Қостанай қ. [http://emirsaba.org/pars\\_docs/refs/3/2923/2923](http://emirsaba.org/pars_docs/refs/3/2923/2923).
8. А.Р. Алгазиева «Мұражай–өткен мен болашақты жалғастырушы» <http://tarbie.org/>
9. «Мектеп мұражайын жасаймыз» № 7-2010 «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы» журналы. <https://edu.mcfk.kz/article/1942-qqq-10-m7-01-07-2010-mektep-mrajaun-jasaumyz>
10. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыным. – Нұр - Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.– 4,3 б.т.
11. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандары – ұлттың «алтын» қоры» әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 8,3 б.т.
12. «Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік –тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. –14 б.т.
13. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
14. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б.

**5-10 сынып оқушылары арасында облыстық «Әулиеата жәдігерлері мен ұлттық құндылықтары» интерактивті жарысын өткізу ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер**

Берілген Ереже 5-10 сынып оқушылары арасында «ӘУЛИЕАТА ЖӘДІГЕРЛЕРІ мен ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ» интерактивті жарысын (бұдан әрі - Жарыс) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібін анықтайды.

1. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы ұйымдастырушы болып табылады.

2. «ӘУЛИЕАТА ЖӘДІГЕРЛЕРІ мен ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ» интерактивті жарысы ғылым саласында дарынды балаларды анықтау және қолдаудың формаларының бірі ретінде дарынды оқушылардың зияткерлік жарысы болып табылады.

**II. Жарыстың мақсаты мен міндеттері**

Оқушылардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру, өз бетінше жұмыс жасау дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру, туған жеріне, Отанына сүйіспеншілігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- оқушылардың өлкенің тарихына, мәдени, табиғи мұрасына қызығушылығын арттыру;
- зерттеушілік, өлкетану бағытындағы ізденушілік қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың облыстағы тарихи-мәдени ескерткіштер туралы танымдық қабілеттерін арттыру;
- ақпараттық мәдениетін дамыту.

**III. Жарыстың қатысушылары**

Жарысқа жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, облыстың дарынды балаларға арналған мамандырылған білім ұйымдарының 5-10 сынып оқушылары қатысады.

**IV. Жарысты өткізу мерзімі және тәртібі**

Жарысты ұйымдастырушылармен белгіленген 10 күннің ішінде, берілген өтінімдердің санына және ұйымдастырушылармен құрылған кестеге сәйкес өткізіледі.

Жарыс екі кезең бойынша өткізіледі:

I (қашықтық) кезең – 2018 жылғы 14-16 мамыр күндері сағат 10:00-17:00 аралығында [www.zh-bilim.kz](http://www.zh-bilim.kz) сайтында онлайн түрде өткізіледі. Тапсырмаларды орындауға – 60 минут уақыт беріледі (30 сұрақ беріледі. Әр дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады). I кезеңнің қорытындысы бойынша 55-60 ұпай жинаған жеңімпаздар 21-23 мамыр күндері жарыстың II (қорытынды) кезеңіне қатысады.

Екінші кезеңде бірнеше дұрыс жауаптары бар өлке тарихына қатысты тест, сәйкестендіру бағытындағы, бірнеше дұрыс жауаптары бар тапсырмаларға 50 минут уақыт беріледі (25 сұрақ, әр сұрақ 3 ұпаймен

бағаланады). 70-75 ұпай жинаған оқушылардың I кезеңдегі ұпай сандарының қосындысының негізінде жеңімпаздар анықталады.

#### V. Жарысқа қатысу шарттары

Жарысқа қатысу үшін [www.zh-bilim.kz](http://www.zh-bilim.kz) сайтының ең жоғарғы панелінде орналасқан «қашықтық жарыстар» порталындағы ұлттық құндылықтары» атты тақырыпқа басу арқылы:

1. Қатысушы тіркелуден өтуі керек;

2. «КІРУ» батырмасын басу арқылы жарыс тапсырмаларын орындайды.

Тестілеуді бастау үшін оқушы жарыстың үйлестірушісінен алған логин мен парольді енгізуі керек. Логин мен парольді енгізгеннен кейін «Тақырып» тарауында керекті сыныпты және оқу тілін таңдау керек. Жарыстың басталуынан кейін тапсырмаларды орындау үшін автоматтық түрде уақытты қайта санау таймері қосылады.

Тестілеуден өту үшін сілтеме: <http://dtest.aulieatazhadigerleri.kz>.

Жарыстың ережесіне сәйкес – апелляция қарастырылмайды.

Назар аудару керек:

Оқушы өзінің логині мен паролін дұрыс енгізуі керек!

1. Беттің кездейсоқ жабылуында немесе компьютердің сөніп қалуында, логин мен парольды қайта енгізіп, жарыстың тапсырмаларын қайта орындау керек.

2. Барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін ғана, «Аяқтау» кнопкасын басу қажет.

3. Жарысты өткізуге берілген уақыт аяқталғаннан кейін, қатысушының барлық жауаптары автоматтық түрде серверге жіберіледі.

Жарыстың нәтижелері «Аяқтау» кнопкасын басқаннан кейін, сол сәтте белгілі болады.

Тестілеу бетінің сипаттамасы:

Беттің жоғарғы жағында жарыстың уақыты көрсетіледі. Төменгі жағында сұрақтардың арасында орын қалдырылған, «Аяқтау» кнопкасы бар.

Сұрақты таңдағаннан кейін беттің ортасында жауаптың варианттары бар сұрақ көрсетіледі.

Жарысқа қатысушыларға тыйым салынады:

Қандай да бір электрондық ақпаратты қолдануға, жеке компьютерлерді, немесе калькуляторларды, мобильді және ғаламтор байланыс құралдарын;

- сөйлесуге;
- орнынан тұруға;
- бір орнынан басқа орынға отыруға;
- материалдар мен және құралдармен алмасуға;
- анықтама материалдарын қолдануға.

#### VI. Қорытындылау және марапаттау

Тексерудің қорытындылары негізінде әр сынып бойынша жарыстың I, II, III жүлделі орындары анықталады.

Музейлер модульдік жүйемен мектеппен бірігіп жоба да жасайды. Соның бірі ретінде «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде жүргізілетін бағдарламалық сабақтар ұсынамыз.

Сабақтың жалпы тақырыбы: Өткен өмір – бүгінгі ұрпаққа тарих.

Мақсаты.

–Оқушылардың Отанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, ата-бабаларымыздан жеткен мұраларды дәріптеу және насихаттау, мәнін ұғындыру.

–Оқушыларға музейді толықтай таныстырып, музей қызметкерлерінің атқаратын жұмыстары, олардың алдына қойылған міндеттері мен мақсатын айтып түсіндіру және ісжүзінде көрсету.

–Музей аумағындағы қорғандардың қорғалуы, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, қорғау, дәріптеу жұмыстары жайлы түсінік беру.

Міндеттері:

–оқушылардың тарих пәнінен оқығандарын көзбен көрсетіп, қолмен ұстату, тарихи фактілер мен құбылыстарды талдапқорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

–оқушыларды тарихи оқиғалар мен мәдениеттің ерекшеліктері мен салаларын, сондайақ тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру, мәдени мұраларға деген қызығушылықтарын қалыптастыру;

